

Т. РЫСҚҰЛОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ: 368.01/.03

Қолжазба құқығында

ДОСАЛЯНОВ ДАМИР БОЛАТОВИЧ

Сақтандыру нарығын реттеу: теориясы, әдістемесі, тәжірибесі

«6D051000- Мемлекеттік және жергілікті басқару»

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі:
э. ғ.д., доцент Садвакасова А.Б.
Шет елдік кеңесші:
э. ғ.д., профессор Ряховский Д.И.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2014

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР, АТАУЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	3
КЕСТЕЛЕР ТІЗІМІ	4
СУРЕТТЕР ТІЗІМІ	5
КІРІСПЕ	6
1. САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫН РЕТТЕУДІ ИНСТИТУЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ	
1.1 Сақтандыру нарығы реттеу объектісі ретінде қарастыру	15
1.2. Сақтандыру нарығын мемлекеттік институттар арқылы реттеудің құралдары мен механизмдері.....	25
1.3. Сақтандыру нарығын реттеудің модельдері мен халықаралық тәжірибесі.....	34
2. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫН РЕТТЕУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ	
2.1. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығының қызметі және реттелуінің нормативті-құқықтық дамуының тарихы	42
2.2. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығының қазіргі даму жағдайын талдау	50
2.3 Қазақстандағы сақтандыру нарығын реттеудің қолданыстағы моделі	64
3. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫН РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	
3.1. Қазақстандағы қаржылық қадағалаудың біріктірілген моделін жетілдіру	84
3.2. Сақтандыруды реттеудің ақпараттық жағынан қамтамасыз етілуін жетілдіру	92
3.3. Қазақстандағы сақтандыру нарығын интеграциялау жағдайындағы реттеуді дамыту	102
ҚОРЫТЫНДЫ.....	114
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ	120
ҚОСЫМША	124

АНЫҚТЫМАЛАР, АТАУЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	Акционерлік Қоғамы
АҚЖС	көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
БЭК	Біртұтас Экономикалық Кеңістік
ДСҰ	Дүниежүзілік Сауда Ұйымы
ЕО	Еуропалық Одақ
ЕурАзЭО	Еуроазиялық экономикалық одақ
ЖСАҚЖС	жалпы сақтандыру және азаматтық-құқылық жауапкершілігін сақтандыру
ЖҰӨ	Жалпы ұлттық өнім
Қаржы нарығын қадағалау Комитеті	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР ҰБ	ҚР Ұлттық банкі
ҚР ҰКО	Қазақстан Республикасындағы Ұлттық куәлендіру орталығы
СБМБ	Сақтандырудың бірыңғай мәліметтер базасы
СҚХА	Сақтандыруды қадағалаудың халықаралық Ассоциациясының
СҰЕК	Сақтандыру ұйымдарының Еуразиялық конгресі
ТМД	Тәуелсіздік Мемлекеттер Достастығы
IAIS	Сақтандыруды Қадағалау Органдарының ассоциациясы
NAIC	Ұлттық сақтандырушылар ассоциациясы
FSA	Financial Services Authority

КЕСТЕЛЕР ТІЗІМІ

№	атауы	бет.
Кесте 1	«Сақтандыру» терминінің ғылыми әдебиеттегі қолдануын салыстырмалы түрде талдау	15-16
Кесте 2	Сақтандырудың ұлттық моделдерін салыстырмалы талдау	35
Кесте 3	Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің ұлттық моделдерін салыстыру арқылы талдау	39
Кесте 4	ҚР сақтандыру секторының 2003 – 2014 жылдарды 1-қаңтарындағы макроэкономикалық көрсеткіштері	51
Кесте 5	Сақтандыру активтері, резервтері мен меншікті капиталдың 2003 – 2013 жылдар арасындағы өзгерісі, млрд теңге	53
Кесте 6	2011 – 2014 жылдар аралығындағы сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйақысының түсімі	58
Кесте 7	Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйақыларының құрылымы	60
Кесте 8	Сақтандыру нарығының 2012- 2014 жылдар арасындағы концентрациялануы (% бен көрсетілген)	61
Кесте 9	2011-2014 жылдардағы ҚР сақтандыру нарығының институционалды құрылымының өзгерісі	62
Кесте 10	Әр елдегі 2009 – 2012 жылдар арасындағы сақтандыру сыйақылары мен төлемдердің ЖҰӨ-ге қатынасы (%-пен берілген)	106
Кесте 11	Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке қатысушы елдер арасында сақтандыру секторына келетін капиталдың мөлшері, млн. АҚШ доллары	107

СУРЕТТЕР ТІЗІМІ

№	Атауы	бет
Сурет 1	Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу механизмдерінің біртұтас жүйесі	31
Сурет 2	Сақтандыру активтері, резервтері мен меншікті капиталдың 2008 – 2013 жылдар арасындағы өзгерісі, млрд тенге	52
Сурет – 3	Траекториялар саны $M = 100$ үшін меншікті капиталдың уақытқа байланысты динамикасы.	56
Сурет 4	Траекториялар саны $M = 10$ үшін меншікті капиталдың уақытқа байланысты динамикасы.	57
Сурет 5	Міндетті, ерікті жеке және ерікті мүліктік сақтандыру сыйақыларының түсімінің 2013-2014 жж. Үлестері	58
Сурет 6	Қазақстандағы сақтандыру нарығын реттеудің қолданыстағы моделі	66
Сурет 7	Сақтандыру дауларын шешу әрекетінің алгоритмі	71
Сурет 8	Институционалдық орта мен сақтандыру нарығының ұйымдық құрылымның өзара әсерлесуі	86
Сурет 9	Дүниежүзілік экономикалық Форумның жаһандық бәсекелестікке қабілеттігі бойынша Индексінің «қаржы нарығының даму» факторы бойынша негізгі көрткіштері, 2013 – 2014 жылдары	103
Сурет 10	Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке қатысушы елдер арасындағы сақтандыру секторыны активтерін салыстырмалы талдау, млн.АҚШ доллары	107

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Тәуелсіз Қазақстанның дербес мемлекет ретіндегі әлеуметтік-экономикалық дамуы, нарықтық қатынасқа негізделген мемлекет ретіндегі ұлттық экономикасыдамуының басты бағытын айқындаудан басталды. Экономиканы бірыңғай мемлекеттік реттеуден бас тарта отырып, мемлекет өзін қамтамасыз ету үшін барлық ұлттық экономиканы дамытудың жаңа ережесін ұсынды. Сонымен бірге, нарықтық реформалар елдегі қаржы нарығы, оның ішінде сақтандыру нарығын, реттеу механизмдері мен тәсілдерін заң жүзінде қабылдауды талап етті.

Ұлттық экономиканың маңызды секторының бірі болып табылатын сақтандыру, сонымен қатар қоғамдықауіп-қатер мен белгісіздіктен қаржылық қорғаудың механизмінің негізгі элементі. Дамыған елдерде сақтандыру нарығы мемлекет экономикасының тұрақты түрде дамуын қамтамасыз ететін және тез өсіп келе жатқан салалардың бірі болып табылады.

2014 жылғы Жолдамасында ҚР Президенті Н.Назарбаев Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банк тарапынан 2014 және одан кейінгі екі жылда әлемдік экономиканың дамуында болжам төмендеу жағына қарай қайта қаралғанын айтты. Сондықтан кейбір позицияларды жедел түрде қайта қарап, сондай-ақ, алдағы кезеңдердің жоспарларына түзетулер енгізу қажет. Біз теріс үрдістердің алдын алу үшін барлық ықтимал шараларды жедел қабылдауға тиіспіз [1]. Осындай жағдайда отандық сақтандыру нарығына қойылатын талаптар арта түседі.

Отандық сақтандыру нарығында реттеу жүйесі, мемлекет экономикасын реттеу жүйесінің бір бөлігі болып саналады. Құрылғанына жиырма жылдан аса уақыт өтсе де, Қазақстанда сақтандыру нарығын реттеу жүйесі толықтай қалыптасып болған жоқ. Сақтандыру нарығына арналған отандық әдебиеттерінде сақтандыру нарығын реттеу мәселелеріне шамалы көңіл бөлінеді. Біздің ойымызша, мұның себебі – отандық сақтандыру нарығын қалыптастырудың тарихи ерекшеліктері мен, оның ұзақ уақыт мемлекет монополиясында болуында. Сақтандыру саласын мемлекеттік реттеу, бұл саланы тікелей мемлекеттік басқару деп түсініп келдік. Нарықтық қатынасты реформалау барысында сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу қажеттілігі мен қоса, ондағы өзін өзі реттеу мен тікелей мемлекеттік реттеу элементтері қажет болды. Бүгінгі таңда Қазақстандағы сақтандыру нарығын реттеу институтын түбегейлі қайта қарау кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.

Мәселенің ғылыми тұрғыда зерттелу дәрежесі. Қазіргі кезде ғылыми әдебиеттерде, бәсекелістіктің өсуі барысында сақтандыру жұмыстары мен олардың даму мәселелеріне көп көңіл бөлінуде. Отандық және шетелдік экономика ғылымында сақтандырудың қазіргі кездегі жағдайы мен маңызына, сақтандыру нарығын дамыту мен оны реттеудегі мемлекеттің рөлін зерттеуге арналған әртүрлі бағыттар қалыптасты. Атап айтқанда, Орланюк-Малицкая Л.А., Сухов В.В., Шахов В.В, Рейтман Л.И., Турбина

К.Е., Уткин Э.А., Федоров Т.А., Пфайффер К., Хэмптон Д.Д. еңбектерінде сақтандырудың жалпы мәселері талқыланды.

Сақтандыру мәселелерін талдау мен зерттеуге қазақстандық ғалымдар Арыстанбаева С.С., Арыстанов А.А., Баймуратов О.Б., Жуйриков К.К., Ихданов Ж.О., Ильясов К.К., Кучукова Н.К., Мамыров Н.К., Мельников В.Д., Маянлаева Г.И., Назарчук И.М. және т.б. үлкен үлес қосты.

Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің теориялық және тәжірибелік мәселелерін зерттеу, экономистердің ұдайы назарында екендігін баса айту керек. Экономиканың сақтандыру секторының қызметі мен оған мемлекет тарапынан әсер ету механизмдерін зерттеуге Жилкина М.С., Насырова Г.А., Мамедова А.А., Сплетухова Ю.Л. және т.б. ғалымдар үлкен үлес қосты.

Сонымен қатар, зерттеу барысында сақтандыру жүйесін талдау мақсатымен математикалық модельдеу әдісі қолданылды. Осы бағытта Бондаревтың Б.В. «Сақтандырудағы математикалық модельдер» еңбегі зерттелді.

Жоғарыда аттары аталған және басқа да авторлар сақтандыру нарығындағы мемлекеттік реттеудің теориялық және тәжірибелік мәселелерінің ғылыми негіздерін қалыптастырды. Бірақ сақтандыру жүйесін реттеуінің көптеген аспектілері теориялық және әдістемелік тұрғыда әліде болса жете зерттелген жоқ. Ғылыми практикалық әдебиеттерде жүргізілген зерттеулер, қазіргі кезде сақтандыру саласын реттеу механизмдері мен тәсілдерінің әсер етуі кешенді түрде әлі зерттелмеген. Дамып келе жатқан сақтандыру нарығына мемлекеттік және мемлекеттік емес реттеу құралдары мен тәсілдеріне бірыңғай ғылыми көзқарас қалыптаспаған. Сонымен қатар, экономикадағы дағдарысқа, бәсекелестіктің өршуіне, жаһандану үрдістеріне байланысты сақтандыру нарығындағы қаржылық қатынастардың қиындауы, сақтандыру саласына мемлекеттік және өзін-өзі реттеудің қазіргі кезде қалыптасқан моделіне түзетулер енгізу керектігі көрінеді. Тақырыпқа байланысты, еліміздегі сақтандыру нарығын қалыптастыруда мемлекеттік институттардың рөлі мен өзін-өзі реттеу механизмдерінің ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыда аз зерттелгендігін атап айту керек. Сақтандыру нарығын реттеудің жиынтық моделінің тиімділігін арттырудың өзекті мәселелерін іздеу – осы диссертация тақырыбын таңдауға әсер етті.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты, қазақстандық сақтандыру нарығындағы реттеудің теориялық, әдістемелік және тәжірибелік аспектілерін зерттеу негізінде, Қазақстандағы сақтандыру нарығындағы мемлекеттік механизмдерін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасау болып табылады.

Зерттеудің міндеттері. Зерттеудің мақсатына байланысты, диссертациялық жұмыстың алдында мынадай ғылыми, ғылыми-тәжірибелік міндеттері қойылды:

– Реттеу объектісі болып саналатын, сақтандыру нарығының мазмұнын ашып көрсету, олардың қазіргі замандағы экономикадағы атқаратын қызметін нақтылау;

- Сақтандыру нарығындағы мемлекеттік реттеу жүйесінің мазмұны мен құралдарының институционалдық механизмдерін анықтау;
- Сақтандыру нарығын реттеудің халықаралық тәжірибесін зерттеу;
- Қазақстандағы сақтандыру нарығының қазіргі жағдайы мен қолданыстағы моделін зерттеу, оның мемлекеттік реттеу объектісі ретіндегі мәселелі даму бағыты мен үрдісін анықтау;
- Қазақстандағы сақтандыру нарығының сақтандыру активтері, резервтері мен меншікті капиталдың өзгерісінің тәуелділігін математикалық модельлеу арқылы талдау;
- Қазақстандық сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің қазіргі жүйесін талдау, оның кемшіліктері мен мәселелерді анықтау;
- Сақтандыруды реттеудің ақпараттық жағынан қамтамасыз етілуін жетілдіруге ұсыныстар жасау;
- Қазақстандағы сақтандыру нарығын реттеудің негізгі бағыттарын жетілдіру мақсатында

Зерттеу объектісі. Зерттеу объектісі ретінде қазақстандық сақтандыру нарығы және оны қазіргі кездегі мемлекеттік реттеу модельдері тандап алынды.

Зерттеу пәні. Сақтандыру нарығын қалыптастыру және реттеу барысындағы мемлекеттік және қоғамдық институттар арасында орнаған экономикалық қатынастар жүйесі зерттеу пәні болып табылады.

Теориялық базасы. Диссертациялық зерттеудің теориялық базасы ретінде отандық және шет елдік ғалымдардың экономиканы мемлекеттік реттеу, атап айтқанда сақтандыру нарығындағы реттеу тақырыбында, жазылған еңбектері алынды.

Зерттеудің әдістемелік негізі ретінде құбылыстардың үздіксіз даму барысындағы өзара байланыстарын ескере отырып, диалектикалық әдіспен жүйелі зерттеу әдісі алынды. Бұл әдіс – сақтандыру нарығындағы мемлекеттік реттеу институттарының ролін жан жақты зерттеуге және сақтандыру заңнамаларын әдістемелік тұрғыда зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында, талдау және синтездеу, логикалық және салыстырмалы талдау, жалпылау, топтау және экономикалық-статистикалық әдістері қолданылды. Қазақстандағы сақтандыру нарығының негізгі көрсеткіштерінің тәуелділігі математикалық модельлеудің корреляциялық, регрессиялық және болжамдау әдісімен талданды.

Зерттеудің ақпараттық негізі ретінде Қазақстандағы заңнамалық және нормативті актілер, Қазақстан Республикасының Халық Банкісінің Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау Комитетінің (Қаржылық нарығын қадағалау Комитеті) нормативті құжаттары, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған отандық сақтандыру статистикасының мәліметтеріне және Интернет жүйесіндегі компьютер ресурстарындағы материалдар алынды.

Зерттеудің ғылыми жаңалықтары. Қазақстандық сақтандыру нарығындағы реттеудің теориялық, әдістемелік және тәжірибелік аспектілерін зерттей келе диссертациялық жұмыста мына жаңалықтарға қол жеткізілді:

– сақтандыру нарығының қызметтері тереңдетіліп зерттеліп, оның ішінде қорғаныстық, алдын алу (превентивтік) және инвестициялық қызметтері анықталды;

– ғаламдану кезеңінде сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу рөлінің артқандығы дәлелденді;

– қазақстандық сақтандыру нарығына талдау жасалып, дамуының негізгі кемшіліктері анықталынды;

– қазақстандағы сақтандыру нарығының сақтандыру активтері, резервтері мен меншікті капиталдың өзгерісінің математикалық модельдеу әдісімен талданып, меншікті капиталдың өзгерісі болжамдалып, меншікті капиталдың мемлекеттік реттеудің негізгі объектісі екені дәлелденді;

– қазақстандық сақтандыру нарығында мемлекеттік және өзін-өзі реттеу институттарының байланысы анықталып, өзін-өзі реттеу құралдары мен механизмдерін қолдану қажеттігі дәлелденді;

– сақтандыруды реттеудің ақпараттық жағынан қамтамасыз етілуін жетілдіру мақсатында ақпараттық базалардың функцияларын кеңейте түсу қажеттілігі негізделді;

– интенсивті интеграциялану заманында қазақстандық ұлттық сақтандыру нарығының қорғау механизмдері мен құралдары ұсынылды.

Қорғауға ұсынылған негізгі нәтижелер. Ғылыми қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:

– Сақтандыру нарығының қызметін терең зерттеу барысында, сақтандырудың құрамы мен қызметін анықтау үшін оның қызметі мен рөлінің экономикалық категория ретіндегі ерекшеліктерін ескеру керектігі дәлелденді. Егер экономикалық категорияның қызметтері арқылы оның қоғамдағы орыны анықталса, рөлі арқылы қолданудың тәжірибелік нәтижесі анықталады. Сақтандыру нарығын арнайы: қорғаныстық, алдын алу (превентивтік) және инвестициялық қызметтері анықталып, олардың мәні мен ерекшеліктері аталды;

– Қазіргі экономика кезеңінде бизнестегі қауіптің артуы, әлемдік сақтандыру жүйесінің циклді дамуы, қаржы нарығындағы тұрақсыздық жағдайы, сақтандырушының ірі көлемде шығынға батуы және күрделі сақтандыру өнімдері пайда болуы жағдайында сақтандыру нарығын реттеуде мемлекеттік және өзін-өзі реттеу институттарының рөлі артқандығы дәлелденді. Қазақстанда қазіргі кезде өзін-өзі реттеуді іске асыру үшін қажетті шартар толықтай жасалған жоқ.

Мемлекеттік басқару мен бақылау органдары арқылы сақтандыру нарығында өзін-өзі реттеу құралдары мен механизмдерін қолдану қажеттігі айқындалды. Диссертациялық зерттеуде сақтандыру нарығында мемлекеттік және өзін-өзі реттеудің өзара шекарасы анықталды. Өзін-өзі реттеуді, сақтандыру нарығындағы ішкі ұйымдастыру үрдісінің бір бөлігі ретінде

қарастыру керек, сонымен қатар, өзін өзі реттеудің мағынасы, мемлекет өз құзырындағы реттеу функцияларының біраз бөлігін арнайы құрылған органдарға беру деп түсіну керек, сондықтан оны мемлекеттік реттеудің бір бөлігі деп есептеу керек. Осы шекараны анықтаушы факторлар сақтандыру институттарының ерекшелігіне негізделген, атап айтқанда: сақтандыру қорын талап ететін міндетті сақтандыру түрлері; сақтандыру институттарының күрделенуі мен тым формализациялануы нәтижесінде институционалдық тұзақтардың пайда болуының ықтималдығының артуы; сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау қажеттілігі. Өзін өзі реттеу мен мемлекеттік реттеудің бірігуі, сақтандыру нарығының негізгі мақсатына жетуін реттеудің жалпы жүйесін құрайды, сонымен бірге, сақтандыру нарығының және оның институционалды құрылымының дамуына әсер етеді. Қаржылық тұрақсыздық жағдайында мемлекеттік реттеу механизмдері мен құралдары негізгі реттеуші рөл атқарады, бірақ сақтандыру нарығының дамуымен қатар өзін-өзі реттеу механизмдерінің рөлі біртіндеп артып отырады;

– Экономикалық конъюктура мен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарының өзгерісі және оны іске максималды асыруға байланысты сақтандыру нарығындағы қаржыны бөлу және қайта тарату барысында сақтандыру нарығына мемлекеттік реттеудің маңызы және оның жан жақты анықтамасы кешенді түрде ашып көрсетілді. Реттеудің жаңа модельсін енгізу үшін шетелдік қаржы нарығының іс- тәжірибелеріне терең талдау жасап, олардың сақтандыру саласындағы қаржылық реттеулерінің әдістемесі мен әдістерін қабылдау керек. Жүргізілген талдаулар, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің ұлттық жүйесінің мына элементтерін дамыту керек екендігін көрсетеді: 1) тәуекел қаупін басқару жүйесі (EU Solvency II Directive негізінде); 2) тиімді сақтандыру заңнамаларын жасау; 3) интеграция жасау мен мәжбүрлі қадағалау арасындағы тепе-теңдікті ұстап тұру; 4) өзін өзі реттеудің тиімді институттарын құру; 5) сақтандыру нарығындағы ақпараттың жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету;

– Қазақстандық сақтандыру нарығының дамуының негізгі кемшіліктері анықталып (ерікті сақтандыруға сұраныстың төмендігі, сақтандырушылардың басым бөлігінің капиталының жеткіліксіздігі, нарық сиымдылығының төмендегі, сақтандыру компанияларының төлем қабілеттілігінің төмендігі), сақтандырудың әлсіз дамуының нәтижесінде мемлекеттік институттардың қаржылық реттеу мен әлеуметтік-экономикалық кері эффектілерінің арасындағы байланыстың жеткіліксіздігі анықталды (экономика мен халықтың қауіпті жағдайда қорғалуының төмен дәрежесі, барлық деңгейдегі бюджетке қосымша салмақ түсуі, қайта сақтандыру каналдары арқылы валютаның шет елдерге ағуы, сақтандыруға деген тәуекел-менеджментінің құралы ретінде сенімнің жойылуы);

– Қазақстандағы сақтандыру нарығының сақтандыру активтері, резервтері мен меншікті капиталдың өзгерісінің тәуелділігі математикалық модельдеу әдісімен талданып, меншікті капиталдың өзгерісі болжамдалды. Жиынтықтар арасындағы байланыстың түрі функционалды емес,

стохастикалық болып келгендіктен, бір мәнді байланысты табу мүмкін емес. Сондықтан стохастикалық байланыстарды зерттеуде корреляциялық және регрессиялық талдау қолданылады.

Ұсынылған стохастикалық математикалық модельді жүйенің меншікті капиталының мәнін анықтау үшін болжау құралы ретінде қолдануға болады. Математикалық модельдеу негізінде жүргізілген талдауды қорыта келе, сақтандыру активтері, сақтандыру резервтері мен меншікті капитал арасындағы байланыстың жоғары тәуелділігі анықталды. Құрастырылған математикалық модель негізінде болжамдық талдау меншікті капитал мемлекеттік реттеудің негізгі объектісі ретінде қарастыруға болатының көрсетеді. Болжамдық 10 жыл көлемінде меншікті капиталдың көлемінің артуы сақтандыру жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Бүгінгі сақтандыру компанияларының меншікті капиталы жарғылықты капитал, резервтік капитал және бөлінбеген пайдадан тұрады. Жарғылықты капиталдың көлемі, сақтандыру резервтерін қалыптастыру мен орналастыру сақтандыру компанияларының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Жарғылықты капитал мен сақтандыру резервтерінің мөлшері пруденциалдық нормативтермен бекітілген. Бұл сақтандыру рыногын мемлекеттік реттеудің негізгі құралы. Сондықтан математикалық модельдеу арқылы жасалынған болжам көрсеткендей сақтандыру компанияларының меншікті капиталына қойылатын пруденциалдық талаптарды күшейту қажет деп санаймыз. Бұл өз алдына отандық сақтандыру компанияларын қайта сақтандырумен айналысуға негіз береді.

Сақтандыруды реттеудің ақпараттық жағынан қамтамасыз етілуін жетілдіру шаралары ұсынылды. СБМБ жүйесін енгізу тәжірибесі, және бірыңғай ақпараттар базасын құру барлық сақтандыру жүйесінің дамуына оң ықпал ететінін көрсетті. Сондықтан мұндай ақпараттық базалардың функцияларын кеңейте түсу қажет. Біздің ойымызша, Қазақстанда жинақталған кешенді, сақтандыруды қадағалаудың ақпараттық қамсыздандыру органын құрудың қажеттілігі кезек күттірмейтін мәселе болып отыр. Атап айтқанда, сақтандыруды қадағалау органдары бөлімдерінің (заң басқармасының, іс басқару және сақтандыруды қадағалаудың) ағымдағы іс-әрекеттерін жүргізуін қамтамасыз ететін бірыңғай бағдарламалық кешенқажеттілігі; сақтандыруды қадағалау органының іс-әрекеттерінің әртүрлі бағыттары бойынша (лицензиялау, есеп беру, жүргізілген тексерулердің өткізілген уақыттары мен нәтижелері, қолданылған санкциялар туралы) кешенді және жекеленген мәліметтер базасын құру қажеттілігі; сақтандыру органдарының ағымдағы қаржылық іс-әрекеттерін және қаржылық жағдайларын бақылауды іске асыру және нормативтік көрсеткіштер (коэффициенттер) арқылы қадағалау үшін жақын болашақта пруденциалды қадағалау әдістерін енгізуге байланысты нормативті базаға өзгерістер енгізу; тәуекелге бағытталған жүйелер құру және енгізу, жеке сақтандыру ұйымдары үшін және барлық сақтандыру нарығы үшін тәуекел картасын құру; сақтандыруды қадағалау органының, жеке субъектілерге қатысты сақтандыру санкциясын қолданудағы құзыретін кеңейту

(сақтандыру субъектілері сақтандыру заңнамалары ережесін бұзғаны үшін айыппұл салу)қажеттілігі дәлелденді.

Диссертацияда ұсынылып отырған, сақтандыруды қадағалауды ақпараттық жағынан қамтамасыз етудің бірыңғай кешені, сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығына қатысты қысқа және ұзақ уақытқа арналған болжамдар жасауға, қауіпті жағдайлар туындаудың алғашқы кезеңінде қажетті түзету шараларын қолдану арқылы қауіптің зардаптарын азайтуға, сақтандыру субъектілерінің іс-әрекеттеріне бақылау мен қадағалауды ұйымдастыруға ықпал жасайды.

– Сақтандыру нарығындағы интеграциялық процестің негізгі мақсаты, Қазақстанға алдыңғы қатардағы сақтандыру технологиясын тарту, қазақстандық сақтандырушылардың өскелең талаптарын қанағаттандыратын жоғары сапалы және әртүрлі сақтандыру өнімдерін кіргізу. Бұл жағдайларға байланысты, Қазақстанның интеграциялық процестерге мұқият дайындалуы қажет. Еліміздің экономикасындағы сақтандыру нарығының өндірістік және әлеуметтік-экономикалық сипатына байланысты потенциалын ескере отырып, мемлекет сақтандыру нарығын дамытуға ықпал жасауы керек. Сақтандыру нарығына мемлекеттің араласуы отандық сақтандыру нарығының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, Бірыңғай Экономикалық Кеңістікте және Дүниежүзілік Сауда Ұйымы шеңберінде шетелдік сақтандыру компанияларымен бәсекеге түсуін қамтамасыз етеді. Бұл жердегі мемлекеттің рөлі, халықтың сақтандыру мәдениетін көтеруге және екінші жағынан сақтандыру ұйымдарының сенімділігін арттыруға бағытталуы керек. Табиғи жолмен сұрыпталу арқылы капитализацияға талаптың күшейтілуі, сақтандыру ұйымдарының іріленуіне және қауымдасып жұмыс жасауына ықпалын тигізеді. Осылайша, сақтандыру нарығында, жеткілікті мөлшерде капиталы бар, халықаралық стандарттар талаптарына сай, төлем қабілеті жоғары ірі сақтандыру компаниялары пайда болады.

Ғылыми-тәжірибелік маңызы. Жұмыстың ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы, жасалған талдаулар нәтижесінде, сақтандыру нарығын реттеудегі мемлекеттік институттардың рөлін арттыру керектігін анықтауда. Диссертациялық жұмыстың біраз қорытындылары мен нәтижелері және онда келтірілген сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеуді сипаттайтын нақты материалдар, тиісті мемлекеттік органдар Қазақстанның қаржылық секторындағы ұзақ мерзімдегі бағдарламалық құжаттар дайындау барысында қолданылуы мүмкін. Сақтандыру нарығындағы мемлекеттік қаржылық реттеу жөніндегі автордың ұсыныстары оқу орындарында «Сақтандыру», «Халықаралық сақтандыру», «Сақтандыруды реттеу», «Қаржы» пәндерін оқыту барысында қолдануға болады.

Жұмыстың нәтижесін апробация жасау және өткізу. 2011 жылдан бері оқу барысында автор зерттеудің әрбір кезеңдерінің нәтижелерін баяндап отырды. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындылары мына халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндалды: Ғылым мен инновация – 2013/2014. 10-шы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Чехия, 2014.; «Ғылымның тұтқалы

жетістіктер аспектілері - 2014». 10 Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция.– Przemysl: «Nauka i studia», 2012.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындылары шетелде және республикалық басылымдарда жарық көрген ғылыми 11 мақалаларда баяндалған. Олар:

1) The insurance market of Kazakhstan: history of formation and development prospects // Modern Issues in Kazakhstan. International Center for Education and Technology. – Bozeman: «ICET», 2012. – P.3 – 5. (0,31 б.п.)

2) Problems and prospects of insurance development in the Republic of Kazakhstan // Научно-практический журнал «Транзитная экономика». – Алматы, 2013. – №3. – С.42 – 46. (0,31 б.п.)

3) The role of business in the conditions of the forced industrial and innovative development // Life Science Journal. – Нью Йорк: «Acta Zhengzhou University Overseas Edition», 2013. –Volume 10 (12s). – P.47–51.

4) Характеристика текущего состояния страхового рынка Республики Казахстан // Вестник Университета «Туран». – Алматы, 2013. – №4(60). – С.154 – 157.

5) Направления совершенствования государственного регулирования страхового рынка в Казахстане // Материалы X Международной научно-практической конференции. «Наука и инновация – 2013\2014».– Чехия, 2014. – С.97 – 103.

6) Анализ теоретических основ государственного регулирования экономики // Вестник Университета «Туран». – Алматы, 2014. – №1(61). – С.78 – 81.

7) Қазақстан Республикасында сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері //«Вестник КазНУ». – Алматы: «Қазақ университеті», 2014. – №1(101). – С.13 – 18.

8) Страховой рынок Казахстана: состояние и проблемы развития // Материалы X Международной научно-практической конференции «Ключевые аспекты научных достижений - 2014».– Przemysl: «Nauka i studia», 2012. –Volume 5. – С.68–72.

9) Развитие и повышение эффективности страхового надзора в Республике Казахстан // Сборник научных статей по материалам Международной научно-практической конференции. – Алматы, 2014. – С.41 – 45.

10) Проблемы развития страхового рынка Казахстана в посткризисный период //«Вестник КазНУ». – Алматы: «Қазақ университеті», 2014. – №2(102). – С.152 – 157.

11)The role of state institutions in the formation and regulation of insurance market//Actual Problems of Economics. – Киев: «НашФормат»,2014. - №6(156). – С.374 – 379.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Зерттеудің максаты мен міндеттері диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемін анықтады. Диссертациялық жұмыс 133беттен тұрады. Оның ішінде кіріспе,

үш бөлім, қорытынды мен қолданылған бЗәдебиеттің тізімі бар. Диссертация
11 кестемен және 10 суретпен көркемделген.

1 САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫН РЕТТЕУДІ ИНСТИТУЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ

1.1 Сақтандыру нарығы реттеу объектісі ретінде қарастыру

Барлық салалардағы бәсекелестік пен тәуекелдіктің қауіпі артуына байланысты, сақтандыру үрдісі қоғамдағы экономикалық қатынастардың маңызды бөлігі болып табылады. Басқа да қаржылық мекемелермен бірге, сақтандыру компаниялары мемлекеттегі экономиканың қалыпты қызмет етуін қамтамасыз етеді. Сақтандыру нарығы үлкен көлемде қаржы тарту және оларды орналастыру арқылы қоғамның және экономиканың тұрақтылығын сақтай отырып, ұлттық экономиканың ары қарай өсуіне ықпал етеді.

Пайда болу табиғатына байланысты сақтандыру жүйесінің негізгі міндеті кәсіпкерлікпен айналысатындар мен жеке адамдар өміріндегі тәуекелге байланысты орын алған қауіпті жағдай нәтижесінде пайда болған өндірістегі материалдық шығынды өтеу болып саналатын. Сақтандыру орын алған материалдық шығынды өтеп қана қоймай, өндірістің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Жаһандану үрдісі кезінде адамдар өмірінің барлық салалары мен қоғамдық өндірісте тәуекелге бару сипаты арта түсуде. Ең алдымен, жеке адамдар арасында, компаниялар мен мемлекеттер арасындағы қаржылық және өндірістік қатынастардың күрделілене түсуі нәтижесінде, кездейсоқ пайда болған келеңсіз оқиғалар, қатысушы барлық тараптарға зардабын тигізуі мүмкін. Нарықтық қатынаста бәсекелестіктің күшеюі, кәсіпкерлердің тәуекелге байланысты қауіпін арттыра түсті. Мысалы, ғылыми-техникалық прогресс техногендік апаттардың артыуына, жол-көлік оқиғалары кезінде жарақаттану мен басқа да апатты жағдайлардың өсуіне ықпал етті. Сонымен бірге, ұлт аралық және мемлекет аралық қақтығыстар мен азаматтық толқулар кезінде болатын әлеуметтік қауіп, жеке кәсіпорындар мен ұйымдарға, жеке тұлғаларға, тұтастай алғанда қоғамға зардабын тигізеді.

Сақтандыру, экономикалық құбылыс ретінде ғылыми тұрғыда кеңінен зерттелген объект болып саналады. Экономикалық әдебиеттерде қолданылатын ғылыми терминология сан алуан: сақтандыру жүйесі, сақтандыру саласы және т.б., бірақ жалпыға бірдей қалыптасқан терминология жоқ. Бұл саладағы белгілі зерттеуші авторлар қолданатын негізгі анықтамаларды келтірейік (1 кесте).

«Сақтандыру» терминіне қатысты осынша әртүрлі анықтамалардың болуы, сақтандырудың көп қырлы және сан алуан қызметін көрсететін экономикалық құбылыс екендігін білдіреді. Сақтандырудың сан алуан қызметі мен жан-жақтылығы оны біраз ғылымдар мен оқу пәндерінің зерттеу объектісіне айналдырды: қаржы, сақтандыру экономикасы, сақтандыру құқығы, сақтандыру немесе қаржылық математика. Қаржы және сақтандыру экономикасы сақтандыру нарығын қаржы нарығына қатысушы ретінде қарастырса, сақтандырудың құқылық жағдайы, құқықтанудағы дербес саласы

– сақтандыру құқығында қарастырылады, ал сақтандыру математикасы барлық сыйақылары мен тарифтерді, сақтандыру қорының жеткілікті болуын есептейді.

Кесте 1 – «Сақтандыру» терминінің ғылыми әдебиеттегі қолдануын салыстырмалы түрде талдау

Автор	Анықтама	Әдебиет көзі
Шахов В.В., Ахвледиани Ю.Т.	Сақтандыру – бұл арнаулы ұйымдардың, яғни сақтандыру компанияларының, жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін сақтандыру барысында пайда болатын қатынастар жүйесі. Қатынастарсақтандыру жарналары (сыйлыақылар) негізінде құрылған сақтандырушылардың зиян шегуі кезінде шығынын өтеуге арналған сақтандыру қорына байланысты.	Страхование: Учебник для студентов вузов, обучающихся по специальностям «Финансы и кредит», «Бухгалтерский учет» / под редакцией Шахова В.В., Ахвледиани Ю.Т. – 2-е издание, переработанное и доп. – М.: ЮНИТИ-Дана, 2005. – С. 5.
Орланюк-Малицкая Л.А., Янова С.Ю.	Сақтандыруды, жеке қатысушының шығынын, сақтандыруға қатысқан барлық субъектілерге бөліп салу деп есептеу керек. Бұл жеке қатысушының, алдын ала белгіленген апатты жағдай орын алған кезде, өз шығыны өтелетіне сенімін артырады.	Страхование: учебник для бакалавров / под редакцией Орланюк-Малицкой Л.А., Яновой С.Ю.. – 2-е издание, перераб. и доп. – М.: Издательство Юрайт; ИД Юрайт, 2012 – С.23.
Юлдашев Р.Т.	Арнаулы ұйымдар мен сақтандыру компанияларының, құрылтайшылардың (акционерлердің) сақтандыру жарналары (сыйлықақысы) негізінде құрылған сақтандыру қоры мен басқа қаржы көздері арқылы жеке және заңды тұлғалардың ара қатынасы мен мүліктік мүдделерін сақтандыру, сақтандыру жағдай туындаған кезде пайда болған шығынды орнына келтіру.	Страховой бизнес / Под ред. Р.Т. Юлдашева, 2005. - С. 685
Маянлаева Г.И.	Сақтандыру – арнайы мамандандырылған ұйымдарда сақтандыру жарналары негізінде жинақталған қор арқылы, жеке қатысушының мүмкін болатын шығынын, сақтандыруға қатысушылар арасына қайта бөлуге байланысты қызмет болып табылады.	Маянлаева Г.И. Страховой рынок Республики Казахстан: теория, практика и императивы развития / Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора экономических наук по специальности 08.00.10. – Финансы, денежное обращение и кредит. - Алматы, 2008. - С. 9
Жуйриков К., Назарчук И.	Сақтандыру – шаруашылық, азаматтық-құқылық және әлеуметтік шеңберіндегі қаржылық міндеттемені компенсациялау	Жуйриков К., Назарчук И., Жуйриков Р. Страхование: теория, практика,

	формасы болып табылады және ол сақтандыруға қатысушылар құрған арнайы қор қаражатты қайта бөлу арқылы іске асырылады. Арнайы қор кейбір келеңсіз жағдайларда жеке азаматтар мен олардың отбасына қажетті көмек көрсетілуге қолданады. .	зарубежный опыт: Учебник для студентов вузов и колледжей / Под редакцией Жуйрикова К.К. – Алматы: ОФ «БИС». – 2000. – С.20
Ескертпе – [1-5] әдебиеттер тізімі негізінде автордың топтамасы.		

Біздің ойымызша, экономикалық құбылыс ретіндегі сақтандырудың ең дұрыс мәні оның қызметінде көрініс табады. Сонымен бірге, сақтандырудың қызметі туралы мәселе әлі күнге дейін дұрыс бағаланбаған, даулы мәселе екендігін атап айту керек. Л.И. Рейтманның классикалық мектебі шеңберінде сақтандыру қызметінде: тәуекел қауіпі, жинақтаушы, алдын алушы және бақылаушы функциялары айқындалып көрсетілген [7]. Проф. В.В. Шахов сақтандыру қызметінің: мамандандырылған сақтандыру қорын құру; шығынның орынын толтыру және жеке азаматтарды материалдық жағынан қамтамасыз ету; сақтандыру уақиғасының алдын алу және шығын мөлшерінің мейлінше аз болуын қадағалау сияқты қызметтерін атап көрсетеді [8]. Сплетухов Ю.А. және Дюжиков Е.Ф. сақтандыру қызметіндегі: шығынның орынын толтыру, әлеуметтік, инвестициялық және алдын алу сияқты шараларды көрсетеді [9]. Скамай Л.Г. және Мазурина Т.Ю. пікірлері бойынша, сақтандыру қызметінің ерекше түрлеріне: тәуекел қауіпін жабу қызметін, қаржыландырудың басқа көздеріне қол жеткізуді оңайлату қызметін, алдын алу және мамандандырылған сақтандыру қорын құру қызметтерін жатқызады [10].

Қазақстандық экономист Маянлаева Г.И. сақтандырудың мына қызметтерін анықтады: арнайы мақсаттағы сақтандыру қорларын құру; келтірілен шығын мөлшерін толықтыру және төлемақы төлеу; сақтандыру жағдайларын болдырмау үшін, сақтандыруға алып келетін жағдайлардың алдын алу шараларын ұйымдастыру, олардан келетін қауіпті төмендету және шығын көлемін азайту; қосымша табыс табу үшін, уақытша бос қаржыларды инвестициялауға тарту [5].

Жоғарыда келтірілген авторлардың пікірлерін талдай келе, біздің пікірімізше, сақтандырудың қызметі мен мазмұнын анықтау кезінде, экономикалық категорияның қызметі мен рөлінің ара қатынасын ажыратып алу керек деген тұжырым жасадық. Егер экономикалық категорияның қызметі арқылы оның қоғамдық маңызы көрінетін болса, рөлі оны тәжірибеде қолдану кезіндегі нәтижесі арқылы анықталады. Осыларды ескере отырып, біздің ойымызша сақтандыру нарығының мынандай арнайы қызметтерін көрсетуге болады деп есептейміз:

1) қорғаныс қызметі. Бұл сақтандырудың экономикалық категория ретіндегі негізгі қызметі болып саналады, себебі олардың барлық түрлері үшін ақшалай төлем арқылы қауіпті жағдайдан сақтану болып табылады. Сақтандыру келісім-шартын жасай отырып, сақтанушының (сақтандырылған, пайда табушы) орны толмас шығын қауіпін төмендету қамтамасыз етіледі.

2) алдын алу қызметі. Сақтандырушының қауіпті жағдайды болдырмау, немесе қауіп деңгейін төмендетуге мүдделі болуына байланысты туындайды. Осыған байланысты ол сақтандыру уақиғасының алдын алуға, немесе оның салдарынан болатын шығынды мейлінше азайтуға бағытталған әртүрлі шаралар жасайды. Бұл қызметі тұтынушыларға тәуекел-менеджменті көлемінде қызмет көрсететін сақтандырушы брокерлердің жұмысына байланысты.

3) инвестициялық қызметі. Сақтандырушылар қызмет көрсету барысында көп мөлшерде қаржы жинақтайды, бұл жинақталған қаржыны, өз қаржысымен бірге әртүрлі инвестициялық жобаларға орналастыруы мүмкін.

Сонымен бірге, сақтандыру қызметінің негізгі белгілерін анықтауға болады. Шахов В.В., Ахвледиани Ю.Т. сияқты авторлар сақтандырудың төменгідей негізгі белгілерін ашып көрсетті:

– тәуекел қаупін сақтандыруға қатысушылар арасында өзара қайта бөлісу;

– сақтандырушылар есебінен жинақталған белгілі мақсаттағы арнайы қор құру және сақтандыру уақиғалары орын алған жағдайда сақтандырушыларға осы қордан төлем жасау;

– сақтандыру төлемақысының мөлшері, сақтандыру қорын құрушылардың санына байланысты болуы;

– сақтандыру қызметі бойынша тікелей табыс табу және инвестициялық қызметтер бойынша қосымша табыс табу [2, С.6].

Сақтандыру белгілерін талдау арқылы сақтандыру кезіндегі іс-әрекетті бірнеше этапқа бөлуге болады. Сақтандырушылар арасындағы тәуекел қаупін қайта бөлісу қатынасын, әрбір сақтандырушы үшін мүмкін болатын тәуекел қаупін «қайта бөлу» деп түсіну керек. Қазақстандық экономист Г.И. Маянлаева мұндай қатынас кезіндегі негізгі сәтті – сақтандыру жарнасының (сыйлықақының) сақтандырушыға төленуі деп есептейді. Осы арқылы тәуекел қаупін қайта бөлісуді қамтамасыз етуге болады. Бірақ сақтандыру жарнасы арқылы жинақталған қордың мөлшері аз болуы, сақтандырушыны төлем ақы төлеуден босата алмайды. Міне осы жағдай – сақтандыру қызметінде қосымша тәуекел қаупін туғызады. Сондықтан көптеген елдердің заңнамаларында мамандандырылған ұйымдардың сақтандыру іс-әрекетімен айналысуы үшін міндетті түрде ірі көлемде капиталы болуы талап етіледі [11].

Сонымен, сақтандыру жүйесі арқылы жеке азаматтардың, ұйымдардың және мемлекеттің мүліктік мүддесін қорғау –нарықтың ажырамас бөлігі болып табылады, ал өркендеген сақтандыру нарығы экономиканың қарқынды дамуының негізгі көрсеткіші болып есептеледі. Сақтандыру нарығының сенімді және бірқалыпты іс-әрекеті өзінен өзі келмейді, көпшілік жағдайда сақтандыру нарығындағы мемлекеттік реттеу саясатын тиімді жүргізудің нәтижесі болып табылады.

Бұл диссертациялық жұмыстың зерттеу пәні, субъектілер арасындағы сақтандыру іс-әрекеттерін институционалдық реттеу кезінде пайда болатын экономикалық және құқықтық қатынастарды зерттеу болып табылады.

Экономика теориясы шеңберінде институция (институт) формальды және формальды емес нормалар мен ережелер жиынтығы болып саналады және олардың орындалуы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар үшін міндетті болып саналады.

Сақтандырудың институционалды табиғаты ғылыми әдебиеттерде Шершевич Г.Ф., Ефимов С.Л., Маянлаева Г.И., Тихомиров А.П., Цыганов А.А. сияқты авторлардың еңбектерінде қарастырылған. Мысалы, ресейлік ғалым Ефимов С.Л. сақтандыруды экономикалық және әлеуметтік институт ретінде қарастырады [12]. Басқа авторлар оданда тереңдеп, әлеуметтік сақтандыру институты құрылған сәттен бастап, әртүрлі шығындардың әсерін бәсеңдетіп қана қоймай, сонымен бірге әлеуметтік өзара көмек көрсетуді қалыптастырады деп есептейді. Әртүрлі сипаттағы әлеуметтік ұйымдардың шығын мен тәуекел қаупінен қорғау қызметінің бір-бірінен терең айырмашылығы, мәдени және тарихи ерекшеліктеріне байланысты [13, С.10].

Сонымен бірге бұл термин сақтандыру мәселеріне қатысты әдебиеттерде сирек кездесетінін айту керек. Бұл терминнің жоғарыда келтірілген толық анықтамасын Цыганов А.А. ашып көрсеткен. «Институт» түсінігіне жоғарыда келтірілген анықтаманы ескере отырып, сақтандыру нарығының институционалды құрамына мынандай анықтама береміз: сақтандыру нарығының институционалды құрамы – сақтандыру қызметін көрсету және оны іске асыру үшін құрылған нормалар мен ережелер жиынтығы, сонымен бірге сақтандыру қызметін реттеуші механизм болып табылады [14].

Шершенович Г.Ф. сақтандыруды, екі тұлға арасындағы келісім-шарт деп түсінеді. Келісім бойынша бірінші тұлға – сақтандырушы, екінші тұлғаға – сақтанушыға, келісімде көрсетілген шарт бойынша апат салдарынан мүмкін болатын мүліктік шығынды төлеуге міндеттенеді [15]. Бұл анықтама сақтандыру нарығына және оның реттеу механизміне институционалды әдістемелік тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді.

Сонымен, сақтандыру шеңберіндегі институт түсінігі – адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін тәуекел қаупін төмендету мақсатында адамзаттың ойлап тапқан нормалар мен ережелер жиынтығы болып табылады. Сақтандырудың институционалды құрылымы – сақтандыру контракт-келісім-шарттары бойынша, сақтандыру қызметін көрсететін (институционалды орта) және оны реттеуші (ұйымдық құрылым) саяси-әлеуметтік, ұйымдық-экономикалық және құқылық норма болып саналады.

Г.И. Маянлаева пікірінше экономиканың сақтандыру шеңберіндегі институционалды құрылымы иерархиялы екі деңгейден тұрады. Олар: мемлекеттік және жеке меншік институттар. Өткенге шолу жасай отырып, қазіргі кезде мынадай тұжырым жасауға болады: сақтандыру – комплексті категория, ол экономикалық және құқықтық қатынастың симбиозы болып табылады [11, С. 43]. Г.И. Маянлаеваның сақтандыру нарығын реттеу механизміне қатысты көзқарасын дамыта отырып, біздің ойымызша сақтандыру нарығын реттеудің мемлекеттік институты мен өзін өзі реттеу институтын ашып көрсету керек.

Жүргізілген талдаулар нәтижесінде біз мынандай қорытындыға келдік: сақтандыру іс-әрекетін реттеу мемлекеттік болмауы да мүмкін. Мысалы, реттеу қоғамдық болуы да мүмкін. Мысал ретінде, сақтандыру іс-әрекетіне өзін өзі реттеуші қоғамдық ұйымдардың әсері болатынын айтуға болады. Өзін өзі реттеу институтыерікті түрде өзін өзі реттеу ретінде қолданылып, мемлекеттік реттеуге баламалы болып табылатын,немесе мемлекеттік реттеумен қатар жүргізетін реттеу механизмі. Ресейлік өзін өзі реттеу туралы ақпараттық порталдың мәліметтері бойынша, өзін өзі реттеу түсінігі Еуропа Одақта, АҚШ-та және Канадада пайда болған. Аталған елдерде бұл түсінік ертеде қалыптасқан және мемлекеттік лицензиялау жүйесін алмастырады, немесе онымен бірге қолданылады. Дамыған экономика жағдайында өзін өзі реттеу институты өзін жақсы жағынан көрсетті, себебі бизнеске, өзін өзі реттеу ұйымдары арқылы нарықты дербес реттеуге мүмкіндік берді, барлық қатысушыларға ортақ стандарттар мен ережелер жасауға қатысады, мемлекеттік органдарда бизнестің мүддесін қорғай алады. Егер Еуроодақта, АҚШ-та, Канадада өзін өзі реттеу ерте заманнан бар болса, ТМД елдерінде жаңадан енгізіле бастады. ТМД мемлекеттері ішінде Ресей бірінші болып өзін өзі реттеу ұйымдары туралы заң қабылдап, оның механизмін көптеген қызметтер аясына енгізді. Өзін өзі реттеу мәселесі бойынша ТМД мемлекеттері Ресейді модель тұтады [16]. Қазақстанда ТМД мемлекеттері арасындағы заңнамаларды сәйкестендіру шеңберінде, «өзін өзі реттеуші ұйымдар туралы» ҚР Заңын қабылдау мәселесі талқыланып жатыр. Бізде құнды қағаздар нарығында өзін өзі реттеуші ұйымдар бар, сонымен бірге бағалаушылардың өзін өзі реттеу ұйымы да жұмыс істейді (ҚР заңына сәйкес, бағалаушылардың өзін өзі реттеу ұйымы – бағалаушылар Палатасы деп аталады).

Сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеудің қоғамдық реттеуден айырмашылығы, мемлекеттік реттеуде, реттеуші субъект ретінде мемлекеттің өзі құзырлы орган және лауазымда тұлға ретінде қатысады, сонымен бірге, сақтандыру іс-әрекетіне әсер ету сипаты мүлде басқаша болады. Заңдылықтың бұзылуына қатысты айып пұлды тек мемлекет сала алады, құқық беру іс-әрекеттері тек мемлекеттің құзырында болады.

Дегенмен сақтандыру іс-әрекетін мемлекеттік реттеу шеңберін анықтап алу керек. Азаматтық қоғамның дамуымен және Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастыққа жақындай түсіне байланысты, біздің ойымызша, қоғамдық реттеудің рөлі арта түсетіні бұлтартпас шындық. Осыған орай, Қазақстанның құқықтық жүйесіне өзін өзі реттеуші институттың жақын арада енгізілуі мүмкін деп есептейміз.

Нарықтық қатынас жағдайында мемлекеттің экономикаға тікелей араласуы әлсірей бастағанын мойындау керек, дегенмен сақтандыру нарығының аса зор стратегиялық маңызы бар екенін ескерсек, бұл салаға мемлекеттің белсенді араласуын толықтай жоққа шығаруға болмайды. Сақтандыру нарығында мемлекеттік сектордың болмауы, немесе оның айтарлықтай қысқаруы жағдайында, алғашқы этапта сақтандыру

нарығынбасқару функциясын мемлекет өз мойнына алады және басқару функциясының ары қарай дамуын реттейді.

Әлемдегі сақтандыру жүйесінің даму тарихын зертеу, алғашқы кезде сақтандыру нарығын реттеу кездейсоқ нарық арқылы реттелгенін көрсетеді. Бірақ сақтандыру қатынасы дамып, күрделілене түскен сайын саналы түрде орталықтандырған, немесе орталықсыз реттеу механизмдері пайда бола бастайды. Сақтандыру нарығы эволюциялық жолмен дами отырып, жоғарғы деңгейлерге көтерілген сайын мемлекеттік реттеу мен өзін өзі реттеудің ара қатынасы да өзгеріп отырады деген пікір ғылыми ортада қалыптасып қалған. Сақтандыру нарығының алғашқы қалыптасу кезеңінде мемлекеттік реттеудің үстем болатынын, ал уақыт өте келе өзін өзі реттеудің рөлі арта түсетінін мойындау керек [17].

Қазіргі замандағы дамыған сақтандыру нарығы төрт деңгейден тұратын реттеу жүйесінің нысаны болып табылады:

- нарықтық өзін өзі кездейсоқ реттеу;
- өзін өзі саналы түрде ішкі реттеу (сақтандыру ісіне байланысты әрбір субъектінің қатысуымен);
- өзін өзі саналы түрде сыртқы реттеу (сақтандыру нарығының қоғамдық өзін өзі реттеуші ұйымдары);
- мемлекеттік реттеу.

Әртүрлі елдердегі сыртқы реттеудің даму дәрежесі, оның мақсаттары мен мәселелері, мемлекеттік реттеу мен өзін өзі реттеудің ара қатынастары бірдей емес және олар әртүрлі факторларға байланысты болады. Кейінгі жылдары сақтандыру нарығындағы өзін өзі реттеудің күшейе түскенін көреміз және ол екі бағытта дамып келеді: біріншіден, сақтандыру нарығына қатысушылардың өздері бұл ұйымға өте көп функциялар жүктейді, екіншіден, мемлекет өз құзырындағы кейбір функциялардан бас тартып, оларды өзін өзі реттеуші ұйымдарға беріп отыр. Өзін өзі реттеудің дамуының артықшылығының екі түрлі себебі бар: мемлекеттің шығынын азайта отырып, сақтандыру нарығының ұйымшылдығы арта түседі, сонымен қоса, осы деңгейде реттеудің кейбір мәселелері тиімді шешімін табады. Өзін өзі реттеу қаншалықты жоғары деңгейде дамыған болса да, сақтандыру нарығы мемлекеттік реттеуге де соншалықты зәру болып қала береді.

Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің қажеттілігін экономистер бұл саланың әлеуметтік-экономикалық маңызы өте үлкен болуымен түсіндіреді. Сонымен бірге, сақтандыру арқылы қызмет көрсетудің сипаты күрделі болуы себепті, сақтандыру келісім-шарты жасалғанда оның сапасын бағалау қиынға түсетінін алға тартады. Бұл себептерді ескере отырып, біз сақтандыру нарығындағы мемлекеттік реттеудің қажеттілігін, сондай-ақ, сақтандырудың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын көрсете отырып, сақтандырудың ерекше қаржылық делдалдық сипатын атап өткіміз келеді. Аталған екі себеп бір-бірімен тығыз байланысты және бірінен екіншісі туындайды. Егер қаржылық делдалдық сипаты болмаса, сақтандыру қаншалықты маңызды болса да, оны реттеу мүмкін болмас еді. Екінші жағынан оның маңыздылығы болмаса, сыртқы реттеудің қажеті болмас еді.

Сақтандырудың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы, жоғарыда көрсетілген функцияларына (қорғану және инвестициялық) байланысты және мына жағдайларда көрініс табады:

– жеке басты сақтандыру (тәуекел қауіпті және жинақтаушы сақтандыру) халықтың әлеуметтік қауіпті жағдайлардан қорғануына мүмкіндік береді, сонымен бірге мемлекеттің халықты әлеуметтік жағынан қорғауын жеңілдетеді;

– мүліктік сақтандыру, сақтанушы жеке және заңды тұлғалардың материалдық шығынын өтеуге, олардың қалыптасқан өмір сүру деңгейін сақтап қалуға мүмкіндік береді, жардап шегушілерді қолдау арқылы бюджеттің шығын бөлігіне түсітін ауыртпалықты азайтады, сонымен бірге үлкен көлемде салық жиналуы арқылы бюджеттің жинақтаушы бөлігінің толығына түсуіне ықпал етеді.

– жауапкершілікті сақтандыру арқылы сақтандырушының ғана мүддесі қорғалып қоймай, сонымен бірге зардап шегушінің де мүддесі қорғалады, сол арқылы мемлекеттің заңдылықты қамтамасыз ету функциясының қызметі жеңілдейді;

– сақтандырушылардың меншікті қаржылары мен сақтандыру қорында жинақталған қаржы ұлттық экономикаға ұзақ мерзімді инвестиция салуға арналған маңызды көздер болып табылады.

Сақтандыру нарығын реттеу қажеттілігінің екінші факторы – сақтандыру арқылы қызмет көрсетудің ерекшелігінде. Сақтандырушылар, сақтандыру шарттары бойынша өз мойындарына алған қаржылық міндеттемелерін клиенттер алдында орындай алмайтын жағдайлар болуы мүмкін. Мұндай жағдайлар сақтандыруға байланысты тәуекелді қауіпті жағдайлары көптеп орын алуына байланысты, немесе сақтандырудың инвестициялық құрамына байланысты кездесуі мүмкін. Сақтандыру ісінің көптеген «егжей-тегжейлерінен» бөлек, сақтандырушының қаржылық міндеттемелерін орындай алмауы, сақтандыру нарығындағы нарықтық конъюктураның әсерінен де болуы мүмкін. Сақтандыру іс-әрекетінің ерекшеліктері («кері аударылған» экономикалық цикл, сақтандыру қызметінің болжамды өзіндік құны, сақтандыру міндетемесінің созылуы және ұзақ мерзімді сипаты) бәсекелестік жағдайда және сұраныстың шектелуіне байланысты демпинг қаупін туғызады. Мұның теріс әсері ұзақ мерзімді болады және біртіндеп сақтандырушылардың «қаржылық пирамида» құруына әкеліп соғады. Сол арқылы сақтандырушылар өз міндеттемелерін жана клиенттер тарту есебінен өтеуге кіріседі. Егер демпинг жалпылама сипатқа ие болып, барлық нарықты қамтыса, «сақтандырушылардың бағалар соғысы» деп аталатын үрдіс орын алады. Бұл көптеген сақтандырушылардың төлем қабілетінің жоғалуына әкеліп соғады. Нәтижесінде сақтандыру нарығының бағасы түсіп, оның өмір сүру негізін талқандайды. Демпинг туындауының мүмкіндігі мен алғы шарттары ретінде клиенттердің сақтандыру қызметінің бағасына деген қызығушылығына да байланысты екенін айту керек. Сонымен бірге сақтандыру мәдениетінің аз дамуы мен тұтынушылардың қаржылық сауаттылығының төмендігіне

байланысты. Сақтандырушыны таңдау барысында сақтандыру тарифінің төмен болуын таңдау, мұндай сақтандыру компаниясының, басқа компанияларға қарағанда төлем қабілетінің төмен болатындығын ескере бермейді.

Сақтандырушының қаржылық қиындыққа ұшырауының бір себебі, олардың инвестициялық іс-әрекетін басқарудағы қателіктеріне байланысты. Мысал ретінде, американдық AIG сақтандырушы алпауыт компаниясының дериваттармен жасаған келісім-шарттары нәтижесінде банкротқа ұшырай жаздағанын келтіруге болады. АҚШ үкіметінің \$180 млрд несиелік көмегі арқасында банкрот болудан аман қалды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сақтанушылардың мүддесін қорғау үшін және тәуекел қаупінің алдын алу үшін мемлекет тарапынан сақтандырушылардың іс-әрекеттерін реттеп отырудың қажеттілігі көрінеді. Егер материалдық тауар өндірушілер нарығындатөлем қабілеті төмен, шаруашылығы нашар субъектілерді нарықтан шығару арқылы сауықтыру шаралары жүргізілетін болса, сақтандыру секторында сақтандырушының банкрот болуының салдары аса ауыр апатқа әкелуі мүмкін. Бұл кезде сақтандыратын жағдай туған сәтте мыңдаған сақтанушылар зардап шегеді және сақтандыруға деген сенім жойылады.

Біздің пікірімізше, сақтандыру арқылы қызмет көрсетудің өзіне тән ерекшелігін ескерсек, сақтандыру нарығын мемлекет тарапынан реттеудің қажеттілігі көрінеді. Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеуге: сақтандыру ісіндегі қауіптің жоғары болуы, «қаржылық пирамида» құрылу мүмкіндігі, сақтандырушылардың банкротқа ұшырауының аса ауыр зардаптары себеп болады.

Әлемдегі сақтандыру жүйесінің қазіргі жағдайы мен оның даму барысының тенденциясын зерттеу, сақтандыру кәсіпкерлігіндегі тәуекел қаупінің күшейуінің және күрделілене түсуінің себептері төмендегідей екенін көрсетеді:

1) әлемдік сақтандыру нарығының даму сипаты циклді (циклдің ұзақтығы орташа алғанда 7 жылға созылады), қатаң әрі икемсіз нарық жағдайындағы құлдырау кезеңінде сақтандырушылардың қаржылық жағдайының нашарлауынан құтылуға болмайды;

2) құнды қағаздар нарығында өте тез құлдырау болғанда және қозғалмайтын мүлік нарығында бағаның төмендеуі кезеңінде әлемдік қаржылық тоқырау тереңдей түседі;

3) жаһандану жағдайында сақтандырушылар арасындағы бәсекелестік күресі шиелене түседі. Бұл кезде сақтандырушылар демпинг стратегиясы арқылы және агрессиялы инвестициялық саясат жүргізу арқылы өздерін сақтап қалуға тырысады, бұл әрекеттері банкрот болу қаупін күшейте түседі.

4) урбанизацияның дамуы, техникалық прогресс, жеке меншіктің қымбаттауы, әлемдік ауа райының глобалды өзгерісі сақтандыру ісінің құлдырауын туғызады;

5) сақтандыру және инвестициялық қызметтердің араласып кетуі, бұрын сақтандырылмай келген қауіпті жағдайларды сақтандыра бастау

(соғыс қимылы, саяси және ақпараттық кеңістік), сақтандыру өнімінің күрделілене түсуіне әсер етеді.

Аталған факторлардың бірнешеуі, немесе бәрі қосылып, сақтандыру операциясы мен инвестициялық әрекеттердің қауіптілігін арттыра түседі, шығынға бату ықтималдығын күшейтеді, сақтандыру ұйымдарының төлем қабілетін төмендетеді. Сондықтан, қазіргі заманда, сақтанушылардың мүддесін қорғау үшін, ұлттық сақтандыру жүйесінің орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін сақтандыру нарығын мемлекет тарапынан қаржылық реттеудің қажеттілігі арта түседі.

Сақтандыру нарығын реттелетін объект ретінде қарастыра отырып, оның институционалды құрамын нақтылай түсейік:

Біріншіден, сақтандыру нарығына маманданған қатысушылар (сақтандырушылар, сақтандыру актілерін жасаушылар, сақтандырушы брокерлер, сонымен бірге пулдар, маманданған қатысушылардың қоғамдық бірлестіктері). Реттеуге жататындар олардың шаруашылық-қаржылық іс-әрекеттері, клиенттермен жасалатын келісім-шарт қатынастары, бәрінен бұрын олардың төлем қабілеттілігі мен банкроттық жағдайды болдырмау мүмкіндігі реттеледі. Әртүрлі типті сақтандыру ұйымдарының әрекет ету ерекшеліктерін талдай келе, біз олардың іс-әрекетіне әсер ететін негізгі екі критерийді атап айтқымыз келеді:

1) мамандандыру (адам өмірін сақтандыруға маманданған ұйымдар, өмірді сақтандырудан басқа сақтандыруларға маманданған ұйымдар: қайта сақтандыру қоғамы; өзара сақтандыру қоғамы);

2) жарғылық капиталында шетелдік валюта болатын сақтандыру ұйымдары (шетелдік инвесторлардың қатысуымен, немесе олардың қатысуынсыз жұмыс істейтін сақтандырушылар, шетелдік сақтандырушылардың филиалдары).

Сақтандыру нарығына қосылған жаңа қатысушылардың (сақтандыру актілерін жасаушылар мен брокерлердің) іс-әрекеттерін реттеудің қажеттілігі, сақтандырушылардың тәуекел қаупін басқару ісінде сақтандыру актілерін жасаушылар маңызды рөл атқаруына, сонымен қатар сақтандырушы брокерлердің іс-әрекеттері сақтандырушылар үшін қосымша қауіп туғызуына байланысты.

Екіншіден, келісім-шартта көрсетілген бап бойынша, сақтандыру уақиғасы орын алған жағдайда сақтандырушы белгілі мөлшерде ақшалай төлем (сақтандыру сыйлықақысын) жасауға кепілдік беруін, сақтандыру нарығындағы элемент ретінде қарастыруға болады. Сақтандыруды мемлекеттік реттеу шарасын ашып көрсетсек, сақтандыру арқылы қызмет көрсетуді төмендегі критерлері бойынша жіктеуге болады:

1) міндеттеменің сипаты (тиісінше, жеке адамын өмірін сақтандыру және «өмірінен» бөлек сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін ашып көрсету);

2) сақтандыру объектісі (тиісінше, дербес, мүліктік сақтандыру, жауапкершілікті сақтандыру және оларды түрлері бойынша салаларға, төменгі салаларға бөліп көрсету);

3) сақтандыруды жүргізу формалары (тиісінше, міндетті, шартты міндетті және ерікті сақтандыру түрлеріне бөліп көрсету).

Үшіншіден, сақтандыру нарығындағы нарықтық орта реттеу объектісі болып табылады (атап айтқанда бәсекелестік деңгейі), сондай-ақ сақтандырушылар ұйымдастырған жергілікті өзін өзі басқару ұйымдары, құзырлы мемлекеттік органдары, ұйымдар мен жеке тұлғалар көрсететін сақтандыру қызметтері де реттеу объектілері болып саналады.

Сонымен, сақтандыру реттелетін объект ретінде, тарихи дамуының алғашқы кезеңінде тек кездейсоқ нарықтық реттеудің ықпалында болған, дами келе және сақтандыру қатынастарының күрделілене түсуіне байланысты саналы түрде орталықтандырған және орталықтандырылмаған реттеу механизмдерімен толықтырылды.

1.2 Сақтандыру нарығын мемлекеттік институттар арқылы реттеудің құралдары мен механизмдері

Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің құралдары мен механизмдеріне толығырақ тоқталайық.

Нарықтық жүйекезіндегі экономикалық қатынастағы мемлекеттің рөлі, экономика ғылымында пікірталас түйіні болып табылады және ғылыми тұрғыдан экономиканың іргелі мәселелерінің бірі болып саналады. Нарықтық жүйенің қалыптасуын екі кезеңге бөлуге болады: өзін өзі реттеу кезеңі және мемлекеттік реттеу кезеңі. Нарықтық қатынас үстемдік құрған жағдайда, өзін өзі реттеуді экономикадағы басты реттеуші күш деп түсіну керек. Уақыт өте келе, өндірістің қоғамдық сипатының өсуіне байланысты, белгісіздік пен экономикалық тоқыраудың кезеңі қайталануы жағдайында өзін өзі реттеу механизмдерінің кемшіліктері біліне бастады. Жаппай өндіріске көшу кезеңінде өзін өзі реттеу механизмінің кемшіліктері тереңдей бастады және экономиканы реттеуге мемлекеттің араласуының қажеттілігі айқындала түсті. Бүгінгі күні мемлекеттің араласу керектігі күмән туғызбайды, тек осы араласудың шекарасы мен тереңдігі қандай болу керек деген мәселе төңірегінде ғана пікірталас болуы мүмкін. Экономика теориясы шеңберінде, алдыңғы қатарлы экономикалық мектептердің өкілдері (неоклассикалық, кейнсиандық, институционалдық) экономикаға мемлекеттің араласуының мәніне, мақсатына және түріне байланысты әртүрлі көзқараста болды.

Сақтандыруға қатысты, жеке меншіктің үстемдігі жағдайында және сақтандыру арқылы қызмет көрсету нарығындағы бәсекелестіктің артуы кезінде, қоғамдастыру процесі өте үлкен ауқым алды. Бұл жағдайда туындаған қарама-қайшылықтарды мемлекеттік реттеу арқылы төмендетуге мүмкіндік туды. Сақтандырудың өзі, қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірі мен ондағы субъектілерді тұрақтандыру арқылы реттеуші рөлін атқарады.

Диссертациялық зерттеу шеңберінде, сақтандыру нарығындағы мемлекеттік реттеу әртүрлі ғылыми тұрғыда қарастырылды. Жасалған

талдаулар, экономиканы мемлекеттік реттеудің жалпы теориясында да болсын, оның бөлімі болып саналатын сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеуде болсын, бұл мәселенің анықталған нақты дұрыс шешімі жоқ екендігін көрсетті, керісінше мәселеге қатысты көптеген пікірталастар ғана бар екен. Көпшілік жағдайда, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің мәні мен мазмұнын «барлық қатынасушылардың іс-әрекеттерін қалыпқа келтіру» немесе «сақтандыру нарығы жұмыс істеу үшін мемлекет тарапынан белгілі шеңбердегі шарттар жасалуы керек және субъектілерге осы шеңбер ішінде шешім қабылдау еркіндігі берілген» деп түсінеді. Біздің пікірімізше, бұған ресейлік автор М.С. Жилкина бірден бір толық анықтама берген. Оның анықтамасы бойынша, «сақтандыру нарығына мемлекеттің әкімшілік-құқықтық және экономикалық реттеуіштер арқылы мақсатты араласуы нәтижесінде пайда болатын, субъектілер мен мемлекет арасындағы экономикалық және әкімшілік-құқықтық қатынастар жүйесі» [18].

Мемлекеттік реттеудің мақсатты араласуы, бірінші кезекте сақтандырушылардың мүддесін қорғау болып табылады. Бұл мәселенің дау туғызуы мүмкін, себебі, қандай мүддесі қорғалатыны айқындалмаған. Жалпы қабылданған түсінік бойынша мұны, сақтандырушының төлем қабілеттігі болмаған жағдайда сақтанушы мүддесін қорғау деп есептеу керек. Бірақ қазіргі экономикалық жағдайда бұл мәселені кеңінен қою керек, себебі, бір жағынан қарағанда, сақтанушыны міндеттерді жауапсыз орындайтын сақтандырушылардан қорғау керек болса, сақтандырушының өзі де, ары қарай даму үшін қолдауға мұқтаж. Осыған байланысты сақтандыру нарығына мемлекеттік реттеудің мақсатын айқындай түсу керектігі көрінеді.

Автордың ұстанымын дамыта келе, қазіргі экономикалық жағдайда мемлекет сақтандыру нарығына қатыналатын барлық субъектілердің, оның ішінде мемлекеттің де мүддесін қорғаудың теңгестірілген шешімін табу керек деп есептейміз. Бұл жағдайда сақтандыру ісі сақтандырушылар үшін, өз капиталын табысты орналастыратын өзіндік мемлекеттік тәуекел-менеджментіне айналады, нәтижесінде бұл сала экономикаға ұзақ мерзімді инвестиция салу көзіне айналады. Егер нарықтық экономика жеткілікті дәрежеде дамымаған болса, сақтандыру нарығын бақылау, оның дамуының басым бағыттарын және даму құралдарын анықтау қиынға түсетінін атап өту керек. Бұдан, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің мақсаты – тұрақты және сенімді сақтандыру нарығын қалыптастыру арқылы қоғамдағы әлеуметтік және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету екендігі көрінеді. Сақтандыру нарығының қалыптасуы мен дамуы, оның іс-әрекеттерінде көрінетіндіктен, сақтандыруды реттеудің мақсаты – осы іс-әрекеттерді мейлінше толық орындау деп қысқаша тұжырымдауға болады.

Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеуді, әртүрлі тарихи кезеңдерде өзгеріп отыратын мәселелерді шешуге арналған іс-әрекеттерді барынша толық орындауға бағытталуы деп түсіну керек. Жалпылама түрде бұл мәселелерді былай тұжырымдауға болады:

1) сақтандыру ісіне қатысушы субъектілердің өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету (сақтандырушылардың және сақтандырушы брокерлердің төлем қабілетін қамтамасыз ету);

2) сақтандырушылар банкрот болған, немесе сақтандырушы брокерлер өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда сақтанушыларды қорғаудың қаржылық механизмін жасау;

3) сақтандыру нарығын дамыту және оның бәсекелестік қабілетін арттыру (сақтандырушылардың капитализациясын арттыруға ынталандыру, сақтанушылардың сұранысын арттыру, сақтандыру нарығының кейбір секторларының немесе инфрақұрылымының дамуы).

Теория мен тәжірибе жалпылай отырып сындарлы талдаудың нәтижесінде мынандай анықтаманы тұжырымдауға болады: сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу – мемлекеттегі экономикалық конъюнктураның өзгерісі мен әлеуметтік-экономикалық даму бағытының басымдылықтарын ескере отырып, сақтандыру нарығының субъектілері іс-әрекеттері мен сақтандыру нарығының ортасына мемлекеттің әкімшілік-құқықтық және экономикалық құралдар арқылы араласуы. Бұл нәтижесінде сақтандыру нарығының өз функцияларын толықтай атқаруына мүмкіндік береді.

Бұл анықтама, экономикалық конъюнктураның ұдайы өзгеруі мен циклді даму жағдайында реттеуді үздіксіз динамикалық процесс ретінде қарастырып, оның мәнін және объектіні айқындау арқылы, мемлекеттің араласуының мақсатын ашып көрсетеді.

Қазіргі заманғы нарықтық қатынас жағдайында нарықты мемлекеттік реттеудің құралдары қатты өзгерді, экономиканың көптеген салаларына мемлекеттік монополия жойылды, бұл өз кезегінде ұлттық экономикаға мемлекеттің ықпалын айтарлықтай әлсіретті. Жаңа жағдайда ұлттық сақтандыру жүйесін реттеудің жалпыланған жаңа түрлері пайда болды, бұл бір жағынан, сақтандыру саласына мемлекеттің әсер ету мүмкіндігін арттырса, екінші жағынан сақтандыру нарығындағы шаруашылық субъектілерінің тәуелсіздігін қамтамасыз етеді, сондықтан мемлекеттік реттеудің құралы тұрақты түрде кеңейіп келеді.

Мемлекетті сырттан келетін «белгісіздіктен» қорғану, немесе оның ықпалын азайтушы институт ретінде пайдалану, экономикадағы таңдау мүмкіндігін жояды, субъектілердің экономикалық іс-әрекеттерінің соңғы нәтижелері бойынша материалдық ынталандыруға қызығушылығын жояды, тауарлардың сапасын арттыруға, жұмыста, қызмет көрсетуде еңбек өнімділігін артыруға және инновациялық әдістерді қодануға кері әсер етеді. Экономикада өзін өзі реттеу механизмі басым болған жағдайда, дамудың белгілі деңгейіне жету үшін өте көп материалдық және адами ресурстарды тартуға тура келеді, ал бұл нарықта жеке монополияның орнығуына әкеліп соғады, нәтижесінде экономикада тоқыраудың белгілері пайда бола бастайды.

Сақтандыру нарығын басқарудың күрделілігі, сақтандыру барысында тәуекел қауіпін объективті бағалау қажеттілігіне байланысты, тарифтік саясат құру кезінде негізделген математикалық және статистикалық

есептеулер жасау, сақтандыру келісім-шартының қанша уақытқа созылатынын негіздеп көрсету және сақтандырушының жауапкершілігін материалдық шығынды өтеуден асырып кеңейтуге байланысты. Қазіргі кездегі сақтандыру өнімінің сан қырлы болуына байланысты, сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы қатынас одан әрі күрделілене түседі. Сақтанушының кім екеніне қарамай, мейлі ол заңды тұлға болама, болмаса жеке тұлғама, мемлекет бірінші кезекті сақтанушының мүддесін қорғауға тырысады, себебі ол қоғамның мүшесі болғандықтан мемлекет оның мүддесін қорғауға міндетті. Сақтандырушы компания мен оның клиенті арасындағы қатынастың реттелмеуі, тікелей, немесе жанама түрде мемлекеттік экономикаға, қоғамның әлеуметтік жағдайына әсер етеді. Сондықтан сақтандыруды мемлекеттің реттеуі заңды ғана емес, сонымен бірге объективті қажеттілік.

Сақтандыру секторының табиғатына байланысты оны реттеуге ерекше қатынас керек, себебі сақтандыру нарығын реттеу механизмі оған қатысушы сақтандырушының және сақтанушының әртүрлі мүдделерін қамтиды. Басқа елдердің жинақтаған тәжірибелеріне қарасақ, реттеудің тиімділігі, сақтандыру нарығының ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді даму факторларының қаншалықты ескерілгеніне байланысты екенін көрсетеді. Сондықтан, белгілі бір реттеуші режим енгізбес бұрын, оның іргелі мақсаттарын айқындап алу керек, жәнесақтандыру ісінің тұрақты базасын құру үшін реттеуші механизмдерді қолдану кезегі анықталу керек.

Сақтандырудағы мемлекеттік реттеудің құрылымын анықтау да даулы мәселе. Мысалы, Ю.Л. Сплетухов және Е.Ф. Дюжиков сақтандыруды мемлекеттік реттеудің мынандай әдістерін көрсетеді:

- сақтандыру облысына тиісті заңдар мен басқа да нормативті актілер қабылдау;
- сақтандыру нарығына қатысушылардың қабылданған заңдар мен басқа да нормативті актілерді сақтауын бақылауды құзырлы мемлекеттік органдар қадағалайды;
- сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығын реттеу және олардың сақтандыру қызметін пайдаланушылар алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- сақтандыру нарығына қатысушы субъектілердің салықтар мен жарналарды төлеуін қадағалау;
- сақтандыру нарығына қатысушылардың белгіленген талаптарды орындамаған жағдайда санкциялар қолдану [9, 19].

Бұл авторлардың ұстанымынан бөлек, Г.А. Насырова барлық әдістерді төмендегідей екі топқа бөледі:

1) мемлекеттің тікелей реттеу әдісі (мемлекеттік шаруашылық басқару; әкімшілік-құқықтық реттеу; стратегиялық және тактикалық бағдарламалар жасау және жоспарлау; қаржылық іс-әрекетін реттеу);

2) жанама реттеу әдістері (салықтық және ақшалай-несиелік реттеу) [20].

Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің түрлері және оның мазмұны туралы мәселе де оңай емес. Әдетте, мемлекеттік реттеудің түрлеріне: бюджеттік-салықтық, антимонополиялық, ақша-несиелік, сыртқы экономикалық саясаттарды және инвестициялық іс-әрекеттерді реттеуді жатқызады. Әртүрлі экономисттердің көзқарастары бойынша, реттеудің түрлерін анықтаудың критеріі ретінде қарым-қатынастар облысы (объектілер), іс-әрекет түрлері, қолданылатын құралдар, реттеудің мақсаттары да жатқызылады. Насырова Г.А. сақтандыру нарығын реттеудің 15 түрін атап көрсетеді: сақтандыруды қадағылау, лицензиялау, міндетті сақтандыру, салық салу, төлем қабілеттілікті қадағылау, инвестициялық іс-әрекетті қадағылау, баға қоюды бақылау, мемлекеттік кәсіпкерлік, мемлекеттік контракциялау, мемлекеттік қаржыландыру, антимонополиялық реттеу, мемлекеттік бағдарлама құру, мемлекеттік жоспарлау және болжау, қайта қаржыландыру мөлшерлемесін реттеу, валюталық бақылау [20].

Қазақстанда сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің негізгі мәселелері заңнамалар арқылы анықталған. Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылдың 18 желтоқсанында шыққан №126-ІІ Заңының 8-тарауына сәйкес, сақтандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мәселелері төменде келтірілген:

1. Қазақстан Республикасында тұрақты сақтандыру жүйесін жасау мен қолдау және ұлттық сақтандыру нарығының инфрақұрылымын қалыптастыру;
2. Сақтандыру нарығын реттеу және сақтандыру қызметін қадағалау;
3. Сақтандырудың негіздерін заңдармен баянды ету, міндетті сақтандыру түрлерін, халықаралық сақтандыру жүйесіне Қазақстан Республикасының қатысу принциптерін белгілеу;
4. Сақтанушылардың, сақтандырылушылардың және пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады. [21].

Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу теориясына қазақстандық зерттеушілер де өз үлестерін қосты. Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңының туындайтын мәселелерге сәйкес, Маянлаева Г.И. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметін басқару және реттеу туралы мынандай мәселелерді шешуді ұсынады:

- сақтандыру нарығында барлық қатынасушыларға ортақ, бірыңғай «ойын ережесін» анықтайтын тұрақты заң;
- сақтандыру ұйымдарының іс-әрекеттерін бақылайтын тиімді мемлекеттік бақылау жүйесін құру;
- сақтандырушылардың өз қорындағы және де басқа қаржы көздеріндегі қаржыларын әртүрлі объектілерге инвестиция жасауына мүмкіндік беретін жағдай жасау;
- сақтандыру қызметін потенциалды пайдаланушылар үшін сақтандыруға қызығушылықты қалыптастыру;

– сақтандыру қызметін пайдаланушылар алдында сақтандырушы ұйымдардың өз міндеттемелерінің орындалуына кепілдік беретін жүйе қалыптастыру;

– сақтандыру нарығында әділ бәсекелестік жүйесін қалыптастыру және оны қорғау;

– отандық сақтандыру нарығындағы шет елдік сақтандырушылардың және қаржыларында шет елдік капиталдың үлесі басым болатын сақтандырушылардың іс-әрекеттерін реттеу;

– сақтандыру қызметінде өркениетті сақтандыру нарығын қалыптастыруға ықпал ететін салықтық саясат жүргізу;

– Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығын дамытуды болжау және жоспарлау [11, С. 44].


Жоғарыда көрсетілгендерден, сақтандыру нарығындағы мемлекеттік реттеудің мақсаты мен мәселелері туралы экономика ғылымында бірыңғай көзқарас әлі қалыптаспағанын көреміз. Қазіргі заманғы экономикалық әдебиеттерге шолу жасау, сақтандыру нарығындағы мемлекеттік реттеу мәселесін кешенді түрде зерттеулердің жоқ екендігін, мемлекеттік реттеу жүйесінің түрлері мен қолдану құралдарын ашып көрсететін зерттеулердің әзірге жоқ екенін көрсетеді. Жекелеген авторлардың еңбектерінде бұл мәселер төңірегінде тиіп-қашты зерттеулер кездеседі, оның өзінде тек сақтандырушылардың төлем қабілеттілігін реттеу құралдары, немесе сақтандыру саласындағы салықтық ынталандыру мәселелері ғана қарастырылады.

Жалпы алғанда сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеу мына мәселелерге тіреледі: сақтандыру ісінің субъектілерінің іс-әрекеттерін және олардың өра қатынастарын анықтайтын, сақтандыруды бақылауды іске асыратын, сақтандырушыларды тіркеу, сақтандыру іс-әрекеттерін лицензиялау, олардың нәтижелерін бақылаудың ережелерін анықтайтын заңдық база құру (қосымша заң актілерімен қоса).

Диссертациялық зерттеу барысында сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің механизмдерін біртұтас жүйе ретінде көрсету мақсаты қойылды.

Жоғарыда аталған сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің тікелей және жанама әдістерін классификациялау арқылы реттеудің механизмдерінің біртұтас жүйесі 1-ші суретте көрсетілген.

Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің тікелей әдістері бес топқа бөлінген: заңнамалық және нормативтік-құқықтық негізін қалыптастыру; заңнамалық және нормативтік актілердің орындалуын қамтамасыз ету; мемлекеттік жоспарлау мен мемлекеттік бағдарламалар; сақтандыруды мемлекеттік қаржыландыру; антимонополиялық реттеу. Аталған әдістердің сақтандырушылар мен сақтанушыларға деген әсері әртүрлі. Мысалы, мемлекет сақтандыру ұйымының құрылтайшысы болса бұл сақтандыруды мемлекеттік қаржыландыру формасы болып саналады. Мысалы, Қазақстандағы «Өмірді сақтандыру мемлекеттік аннуитентті компаниясы» Акционерлік Қоғамы сияқты 100 пайыз мемлекеттік компаниясы.



Сурет 1 – Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу механизмдерінің біртұтас жүйесі

Ескертпе – автор құрастырған

Немесе белгілі бір сақтандыру компаниясының монополиясына жол бермеу мақсатында антимонополиялық реттеу әдістері қолданылуы мүмкін.

Сақтандыру іс-әрекеттерін ұйымдастыру, сақтандыру операцияларың орындалу реттері, сақтандыру іс-әрекеттеріне қатысушыларға қойылатын талаптар, сақтандыруды мемлекеттік реттеудің түрлерін ұйымдастыруды тек заңдастыру арқылы анықтауға болады. Мемлекет сақтандыруды реттеудегі өз функциясын тікелей араласу, немесе жанама түрде араласу арқылы іске асырады. Бұл әдістердің бір бірінен айырмашылығы олардың мәнінде. Сақтандыру нарығына мемлекеттің жанама түрде араласуы, атап айтқанда қаржылық қордың сақталуы мен оларды тиімді орналастыру үшін құрылған – экономикалық реттеуіштер. Сақтандыру ұйымдарының іс-әрекеттерін тікелей реттеу, ең алдымен нормативтік әдістерге негізделеді, ол үшін ғылыми тұрғыда негізделген нормалар, сақтандырушы үшін міндетті болып саналатын экономикалық нормативтер жасалып, тиісті салық саясаты жүргізілуі керек.

Тікелей әсер ету әдістері, қажетті нормалар мен ережелер енгізу үшін құрылған нақты құқылық институттар арқылы, директивті сипатта жүргізіледі. Бұл әдістің мысалы ретінде, заңнамалық негізде енгізілген, міндетті түрде сақтандыру жүйесін алуға болады. Бірақта, ерікті түрде сақтандыру келісім-шарт жүйесі үшін де, сақтандыру ісіне қатынасушылар арасындағы құқықтық қарым-қатынасты анықтау үшін кейбір жалпы талаптар енгізудің маңызы зор. Жоғарыда келтірілген жанама түрде араласу әдісі де әкімшілік-құқықтық актілер негізінде іске асырылады.

Сақтандыру нарығын реттеуге бағытталған заңнамалық және құқықтық-нормативтік нормалар жиынтығы сақтандыру құқығын құрайды. Қазақстандық сақтандыру құқығын зерттеуші ғалым Найманбаевтың С.М. анықтамасы бойынша сақтандыру құқығы елдің сақтандыру құрылысын қалыптастыру және оның ауқымындағы сақтандыру ісі мен сақтандыру қызметін ұйымдастыру, сақтандыру компанияларының сақтанушыларға ұлттық сақтандыру нарығындағы сақтандыру салалары бойынша ерікті және міндетті нысанда сақтандыру қызметтерін көрсетуі, сондай-ақ сақтандыру қорларын құру және бөлу, сақтандыру нарығы мен сақтандыру ұйымдарын мемлекеттік реттеу және қадағалау барысында туындайтын кешенді сипатты қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық саласы деп анықтап отыр [22].

Сақтандыру нарығына қатысты барлық жағдайларға мемлекеттік органдардың араласуын қамтамасыз ететін, реттеудің түрлері мен оны іске асыру құралдары, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің мазмұны болып табылады. Мемлекеттік реттеу – динамикалық жүйе екендігін атап өтудің маңызы зор. Ол конъюнктуралық ауытқуларға байланысты өзгертілуі мүмкін, сондықтан мемлекеттік реттеудің құралдары уақытқа байланысты өзгеріп отырады және әртүрлі елдердегі сақтандыру нарығы дамуының басым бағыттарының түрліше болуына, мемлекеттік құрылымының түріне, экономикалық саясатына байланысты өзгеріске ұшырайды.

Шет елдік және отандық тәжірибеде қолданылған, сақтандыру нарығына мемлекеттің тікелей немесе жанама түрде араласу әрекеттерін

талдай келе мынадай қорытынды жасауға болады: реттеу құралдарының көптігіне қарамай, олардың көпшілігінің ішкі мазмұндары бірдей, атап айтқанда қаржылық қордың құрылуы және жинақталуы, оларды бөлу және қайта бөлу процестеріне әсер ету мәселелері қарастырылады. Басқаша айтқанда, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу, қаржылық-құқықтық реттеу түрінде көрінеді. Бұлай болу себебі, сақтандыру бизнесінің ерекшелігіне байланысты. Сақтандыру бизнесі қаржылық делдалдықтың бір түрі болып табылады және оған мемлекеттің араласуы әмбебап және көп түрлі болып келеді. Көптеген елдерде сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу ХІХ ғасырда басталған және жеке меншік капиталына қойылатын талаптар, сақтандыру тарифтерін реттеу, сақтандыру қорларын орналастыру, сақтандырушылар үшін ерекше салық режимін қалыптастырудан басталды.

Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу құзырлы заң шығарушы және атқарушы органдар арқылы жүргізіледі. Олардың ішіндегі басты сақтандыру реттеушісі ретінде, сақтандыру нарығындағы саясат жасаушы және оны іске асырушы атқарушы биліктің мемлекеттік органы болып саналады.

Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу үрдісі, бірін бірі ауыстырып тұратын, немесе параллель жүргізілетін бірнеше кезеңнен (этаптан) тұрады.

Бірінші кезеңде сақтандыру нарығын мемлекеттік қаржылық реттеудің саясаты (стратегиясы мен тактикасы) жасалады. Бұл саясат жалпы мемлекеттік экономикалық саясат негізінде жасалады. Бұл кезең бірнеше жылды қамтиды, немесе тіпті ұзаққа созылуы мүмкін.

Екінші кезеңде негізгі заң нормалары қабылданып, оларды жетілдіре түседі (нормативті-құқықтық құжаттар, сақтандыру нарығын мемлекеттік қаржылық реттеу). Экономикалық конъюнктураның және алға қойған мақсаттардың өзгерісіне байланысты бұл кезең қайта жаңғыртылып отыруы мүмкін.

Үшінші кезең – мемлекеттік қаржылық реттеудің түрлері мен құралдарын қолдану. Бұл кезең үздіксіз іске асырылады.

Аталған кезеңдердің сақтандыру нарығының жұмысына әсер ету дәрежелері бойынша, активті реттеу және пассивті реттеу кезеңдеріне бөлуге болады. Активті реттеу кезеңінде сақтандыру нарығындағы мемлекеттік реттеу қайта құрылады, ал пассивті кезеңде оны іске асыру үрдісі жүреді. Бірінші және екінші кезеңдерді активті мемлекеттік реттеу, немесе мемлекеттің реттеудің даму кезеңі деп есептеу керек. Ал үшінші кезеңді, мемлекеттік қаржылық реттеуді іс жүзінде енгізген кезде ғана активті деп есептеуге болады.

Сақтандыру ісіне қатысушыларға (сақтандырушылар, сақтандырушы брокерлер) байланысты реттеудің қосымша екі кезеңін белгілеуге болады: алдын ала (сақтандыру нарығына кіру кезеңі – тіркеу және лицензиялау кезеңі) және ағымдағы кезең.

Сақтандыру нарығында заңдылықты қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік қаржылық реттеудің (сақтандыруда, антимонополияда, валюталық т.б.) барлық кезеңдері арасында тығыз байланыс болатынын атап өту маңызды. Бақылау үрдісі кезінде, сақтандыру ісінің субъектілері үшін

мемлекет тағайындаған параметрлерден ауытқу анықталады және ондай ауытқуларды жоюға бағытталған шаралар қолданылады (яғни, сақтандыру нарығындағы жеке субъектілердің іс-әрекеттері реттеледі). Ағымдағы бақылауды ұйымдастыру арқылы, барлық реттеу үрдісінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге болады. Оның үстіне, мемлекеттік бақылау сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы туралы мәліметтер беріп отырады, ол одан ары қарай активті реттеу жүргізуге мүмкіндік береді.

Сонымен, сақтандыру нарығын реттеуде мемлекеттің рөлі анықталып, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің механизмдерін біртұтас жүйе екендігі дәлелденді.

1.3 Сақтандыру нарығын реттеудің модельдері мен халықаралық тәжірибесі

Сақтандыру нарығын реттеудің халықаралық тәжірибелерін зерттеп, оларды Қазақстанда қолдану мүмкіндігін қарастырайық. Басқа елдердің тәжірибелерін терең зерттеу қажеттілігінің бірнеше объективті факторлары бар. Біріншіден, жаһандану жағдайында қазақстандық сақтандыру нарығыөз бетінше өмір сүре алмайды. Сондықтан сақтандырудың әлемдік нарығына бірігуге тура келеді. Ол үшін қайта сақтандыру арқылы тәуекел қауіпін басқалармен бөлісу механизмдерін қолдану керек. Бүгінгі күні ел ішіндегі сақтандырудың тәуекел қауіпінің артуына байланысты, қайта сақтандыру арқылы тәуекел қауіпінің біраз бөлігін шет елдік сақтандыру нарығына орналастыруға тура келеді. Екіншіден, әуел баста, қазақстандық сақтандыру нарығының моделі құрылған кезде шетелдік тәжірибелер қолданылған. Отандық сақтандыру нарығының халықаралық сақтандыру арқылы қызмет көрсету нарығына қосылу үрдісінің тереңдеуі, Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) қосылуға ұмтылуы және басқа да интеграциялық үрдістер, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеуді мемлекетаралық деңгейге көтеруді, қаржылық есептерді халықаралық стандарттарға сай жүргізуді талап етеді.

Шетелдік ұлттық сақтандыру нарығыныңтәжірибелерін зерттеп, оларды Қазақстанда қолдану мүмкіндігін біраз ғалымдар қарастырған. Олар: Жүйріков К., Назарчук И., Маянлаева Г.И. Сақтандыру нарығын реттеудің шетелдік тәжірибелерін Благутин Д.Ю., Жилкина М.С., Журавин С.Г., Турбина К.Е., Юлдашев Р.Т., Федорова Т.А., Зубец А.Н. сияқты экономистердің еңбектерінде зерттелген.

Ғылыми әдебиеттерде шетелдік сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің екі моделі кездеседі: континенталдық (күрлықтық) және либералдық. 2-ші кестеде оларды салыстырмалы талдау нәтижелері келтірілген.

Кесте 2 – Сақтандырудың ұлттық модельдерін салыстырмалы талдау

Параметрлері	Сақтандыру нарығының континентальдық моделі	Сақтандыру нарығының либеральдық моделі
Қысқаша сипаттамасы	Сақтандыру іс-әрекеті кезінде ағымдағы заңдардың талаптарының орындалуын жүйелі түрде бақылау; Сақтандыру компаниялары мен сақтандыру нарығының басқа да субъектілерінің іс-әрекеттерін нақты айқындау.	Сақтандырушылардың іс-әрекеттерін реттеуде нарықтық механизмнің басым болуы, сақтандырушылардың есебі негізінде, сақтандырушы компаниялардың қаржылық жағдайын үздіксіз бақылау. Іске асыру түрлері: - орталықтанған либеральдық модель; орталықтанбаған либеральдық модель.
Мега реттеушінің болуы	Бар. Сақтандыру қызметі қатаң түрде реттейді және бақылайды.	Бар, реттеу мен бақылау нарықтық механизмдер негізінде жүргізіледі.
Лицензиялау	Бар	Бар
Модельді қолданушы елдер	Германия, Франция, Италия, Испания, Япония, Ресей, Қазақстан, Венгрия, Польша т.б.	США, Канада, Австралия, Великобритания. Интеграциялық бірлестіктер (мысалы ЕуроОдақ)
Артықшылығы	Қаржылық тоқырау кезінде тез шешім қабылдау және тоқырауға қарсы саясат ұйымдастыру мүмкіндігі. Бақылау.	Нарықтың өзін өзі реттеу механизмі дамыған. Интеграциялық бірлестіктерде Бірыңғай сақтандыру нарығын құру үшін тиімді.
Кемшіліктері	Монополисттедің бәсекелестігі нарығында тиімділігі аз.	Дамыған нарық жағдайында ғана қолдану тиімді.
Ескерту: [22-28] әдебиеттер негізінде авторқұрастырған.		

Аталған екі модельдің ерекшеліктерін талдай отырып, әр түрлі елдердің тәжірибесін талдайық. Континентальдық модель, роман-герман құқылық жүйесіндегі Германия, Франция, Италия, Испания, Жапония сияқты елдерде қолданылады. Бұл модельдің негізгі белгілері: сақтандыру қызметін іске асыру барысында, ағымдағы заңдардың талаптарының орындалуын жүйелі түрде бақылау; сақтандыру компаниялары мен сақтандыру нарығының басқа да субъектілерінің іс-әрекеттерін нақты белгілеу. Бұл модель бойынша сақтандыру компанияларының қызметінің негізгі параметрлерін (сақтандыру тарифтерін және оның шеңберлерін, сақтандыру келісім-шарттардың формаларын, сақтандыру компанияларының бизнес-жоспарларын құру және оның орындалуын) сақтандыруды бақылау органдары тағайындайды.

Либеральдық модель, англо-саксон құқылық жүйесіндегі Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Австралия, Канада сияқты елдерде қолданылады. Бұл модельді айқындайтын негізгі параметрлері: сақтандырушылардың іс-әрекеттерін реттеуде нарықтық механизм басым болады, сақтандырушы компаниялардың есептері негізінде бақылаушы органдар тарапынан олардың қаржылық жағдайына үздіксіз бақылау

жүргізіледі. Елдің мемлекеттік құрылымына край, либеральдық модель шеңберінде оның тағы екі түрін бөліп көрсетеді: орталықтанған либеральдық модель және орталықтанбаған либеральдық модель.

Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің орталықтанған либеральдық моделі Ұлыбританияға тән. Онда сақтандыруды бақылаудың бір органы құрылған және барлық сақтандырушы компаниялар үшін ортақ жалпы ережелер мен нормативтер тағайындалған. Ұлыбританияның бақылаушы органының негізгі функциясы лицензиялау және сақтандыру компанияларының қаржылық жағдайын бақылау болып табылады. Ұлыбританияның сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу жүйесінде өзін өзі реттеу институты қатты дамыған. Ұлыбританияның өзін өзі реттеуші ұйымдарға, сақтандыру нарығын тиімді дамытуға және сақтандыру компанияларының ағымдағы сақтандыру қызметін бақылауды іске асыруға бағытталған көптеген функциялар берілген.

Орталықтанбаған либеральдық модельдің классикалық модельсі үшін Америка Құрама Штаттарын атауға болады, ондағы экономикалық федерализм түріндегі мемлекеттік құрылым осы модельге сай келеді. АҚШ-та әрбір штатының өз сақтандыру жүйесі қалыптасқан және олар сол штаттың реттеуші органдарының бақылауында. АҚШ-те бірыңғай сақтандыру бақылауы жоқ. Федералдық деңгейде әртүрлі штаттағы сақтандыру компанияларының іс-әрекеттеріне қатысты аздаған мәселелер ғана реттеледі. Бұл модельдің реттеудің бірыңғай жүйесін қажет етпегенімен, реттеудің жалпы принциптері қарастырылған. Олардың ішіндегі негізгілері болып, федералдық және сыртқы әдістер. Әрбір штаттың реттеуші органдары, сақтандырушылардың капиталының мөлшеріне және төлем қабілеттілігіне, сақтандыру қорларына қойылатын талаптарға, салық салуға, сақтандырушылардың табыстарын бөлуге бақылау жасауға міндетті.

Федералдық деңгейде, арнай өкілеттігі бар ұлттық сақтандырушылар ассоциациясы (NAIC) реттеуші орган болып табылады және олар жеке штаттардың реттеушілерін біріктіреді. Дәлірек айтқанда бұл ұйым өзін өзі реттеуші институт болып саналады, себебі олардың федералдық үкімет органдарына қатысы жоқ. NAIC-тың негізгі мақсаты – сақтандыру заңдылықтарын үйлестіру болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін арнайы әмбебап сақтандыру заңының жобасы жасалған және соның негізінде жеке штаттар сақтандыру істеріне қатысты өз заңдарын шығарады.

Әлемдегі ұлттық экономикалардың интеграция жасау тәжірибесі, тауарлар мен қызмет көрсетудің бірыңғай нарығын жасауды, оның ішінде бірыңғай сақтандыру нарығын жасауды талап ететінін көрсетті. Мұндай жолды әлемде бірінші болып Еуропа мемлекеттерінің бірлестігі Еуропалық Одақ (ЕО) басып өтті. ЕО бірлестігі сақтандыру нарығының ерекшелігі, сақтандыру кеңістігінде бірыңғай ұлттық сақтандыру заңнамаларын қабылдауда болып саналады. Бұл үрдіс 1957 жылы Рим келісімінен басталды, онда одаққа қатысушы елдердің территорияларында қызмет көрсету мен капиталдың еркін айналысы бекітілді.

ЕО-да бірыңғай сақтандыру кеңістігін жасау барысында орталықтанған либералды моделі қолданылды. Еуропада бірыңғай сақтандыру нарығын жасау, ұлттық сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін бір қалыпқа келтіруді, және сақтандыру нарығын реттеудің мемлекетаралық жүйесін құруды талап етті. Осылай құрылған жүйеде мемлекеттік реттеумен қатар, өзін өзі реттеу бірдей орын алған. Өзін өзі реттеуді 1953 жылы құрылған сақтандырудың Еуропалық комитеті іске асырады. Еуропалық комитеттің іс-әрекеті халықаралық құқық нормаларын құру мен оны жетілдіруге бағытталған, сол арқылы ұлттық сақтандыру нарығына қатысушылардың экономикалық мүдделері қорғалады, ақпараттық кеңістіктің ашық болу деңгейі көтеріледі, сақтандыру мәдениетін көтеруге жағдай жасалады.

Жалпы еуропалық сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу Еуро Одақтың Директиваларына негізделген, Еуро Одақта сақтандыру компанияларының өмірді сақтандыруы, және басқа да сақтандырулары, сақтандыру компанияларының іс-әрекеттерін бақылау осы директива арқылы реттеледі.

Еуро Одақ шеңберінде сақтандыруға қатысты іс-әрекеттерді бірдей қалыпқа келтіру, ұлттық сақтандыру нарығындағы ұлттық мемлекеттік реттеу жүйесін жоққа шығармағанын атап айту қажет. Директиваның ережелерін дайындауды, сақтандыруды қадағалауды, олардың негізгі функциялары болып табылатын, барлық сақтандыру компаниялардың қаржылық жағдайын бағылауды, олардың қай мемлекеттікі екеніне қарамай, ұлттық органдарына қалдырады. Осылайша ЕО директивалары тікелей мемлекеттік реттеу құралы болып саналады, ал ұлттық жүйелер (салық саясаты, сақтандыруды қадағалау және т.б.) сақтандыру нарығын реттеудің жанама құралы болып табылады.

Сақтандыруды реттеудің мемлекет үстіндегі механизмі тек Еуро Одақта емес, дүние жүзіне тән құбылыс, себебі сақтандыру нарығының жаһандануы әлемдік үрдіс. Интеграцияның еуропалық орталығына қарсы, таразының екінші басында тек АҚШ қана тұра алады. Автордың пайымдауынша, АҚШ-тың сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу жүйесі (жеке штаттардың сақтандыру нарығынан құралған бірыңғай ұлттық нарық) және Еуро Одақтың сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу жүйесі біртіндеп бір-біріне жақындап келеді, атап айтқанда қаржылық тұрақтылық пен төлем қабілеттігін реттеуде ұқсастықтар байқалады. Бұдан бөлек, осы реттелетін жүйелердің өздері өзара бірігіп келеді, бизнестің өзара айқасуы, сақтандыру мен қайта сақтандыру қызметтерімен алмасу және т.с.с. Кейінгі кездері сақтандырушы ұйымдар деңгейіндегі халықаралық байланыстар орнына, сақтандыруды қадағалаушы органдар деңгейіндегі халықаралық байланыстың маңыздылығы артып келеді.

Сақтандыру нарығын мемлекет аралық реттеу мәселелерін шешу үшін 1993 жылы Сақтандыруды Қадағалау Органдарының ассоциациясы (IAIS) құрылды. Оған АҚШ, еуропа мемлекеттері және басқалар мүше болды. IAIS-тың нормативті және әдістемелік тұжырымдары реттеудің британдық моделіне сәйкес келеді. Бірақ оның құрылуы мен сақтандыруды қадағалау

органдары ұйымының принциптері америкалық сақтандыру жүйесінен алынған (АҚШ-тың сақтандыру комиссарларының Ұлттық Ассоциациясы модельсінде). IAIS-тың статусы – халықаралық қоғамдық ұйым.

Еуропаның мемлекетаралық реттеуші институттарымен салыстырғанда, IAIS — әзірше мемлекеттік реттеуші функциялары жоқ, тек қоғамдық ұйым болып саналады. Бірақ әлемдік сақтандыру нарығы бір орында тұрған жоқ, онда да интеграциялық үрдістер жүріп жатыр. Интеграция үрдісі дамыған сайын бірыңғай реттеудің қажеттілігі біліне бастады, осыған орай IAIS-тың болашағы үлкен болуы мүмкін.

IAIS сақтандыру саласына, ағымдағы заңнамалар негізінде стандарттар мен басқару принциптерін енгізеді, осының негізінде сақтандыруды қадағалаушы органдар өз өкілеттігін жүргізеді.

Жоғарыда көрсетілген модельдерді әлемдегі бірқатар елдер сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу үшін қолданып келеді, бірақ олардың әрқайсысы сақтандыруды мемлекеттік реттеудің қайталанбас ұлттық жүйесін жасайды. Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің өзіндік жүйесін құру, әрбір мемлекет шеңберінде, макроэкономиканың дамуына және сақтандыруға деген ішкі қажеттілікке сәйкес, сақтандыру қызметін көрсету нарығының тиімді дамуына ықпал етеді.

3-ші кестеде АҚШ, Канада, Германия, Ұлыбритания, Ресей және Қазақстан секілді елдердегі сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің ұлттық моделін салыстырмалы түрде талдау нәтижелері келтірілген. Қарастырған мемлекеттік реттеу жүйелері әртүрлі модельдерге сәйкес келеді. Кейбір мамандардың пікірі бойынша Канададағы мемлекеттік реттеу моделі қызығушылық туғызады, себебі онда орталықтанған және орталықтанбаған жүйелердің белгілері қатар кетірілген.

Реттеу жүйесінің ертеден келе жатқан Ұлыбританиялық модельсі, таза орталықтанған либерал жүйенің мысалы болады. Кестеде келтірілген мәліметтерге сүйенсек, қазіргі кезде көптеген елдерде бірыңғай реттеуші орган – мегареттеуші бар, оның функциясына сақтандыру компаниялары мен қаржы нарығына қатысушы басқа да субъектілердің іс-әрекеттерін реттеу кіреді. Мысалы, Ұлыбританияның мегареттеушісі банктерді қадағалауды, сақтандыру нарығын, құнды қағаздар нарығын және ұжымдық инвестицияны реттейді. Канададағы мегареттеуші федералдық деңгейде тіркелген бірнеше қаржы институттарының жұмысын қадағалайды және оларға арналған ережелерді тағайындайды (банктер, банктік емес несиелік ұйымдар, сақтандыру ұйымдары, трасттар, дербес зейнетақымен қамтамасыз ету институты).

Кейінгі кездері сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу облысында ұлттық нарығындағы сақтандырушылардың іс-әрекеттері либералдық сипат ала бастады, сақтандырушылар басқа мемлекеттердің ұлттық нарығына қатысу мүмкіндігі артты.

Кесте 3 – Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің ұлттық моделдерін салыстыру арқылы талдау

Елдер	АҚШ	Канада	Ұлыбритания	Германия	Ресей	Қазақстан
Мемлекеттік реттеу моделі	Орталықтанбаған либеральдық	Либеральдық, жартылай	Орталықтанған либеральдық	Континентальдық	Континентальдық	Континентальдық
Сақтандыруды қадағалау органы	Арнайы өкілеттігі бар, ұлттық сақтандырушылар Ассоциациясы, Әр штаттың сақтандыруды қадағалау органы.	Қаржы институттарын басқару қызметі (Office of the Superintendent of Financial Institutions)	Қаржылық реттеуді қадағалайтын федералдық ведомство. (The Financial Services Authority)	Қаржылық реттеуді қадағалайтын федералдық ведомство. (The Federal Financial Supervisory Authority)	Сақтандыруды қадағалайтын федералдық ведомство	ҚР ХБ-ні қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын қадағалайтын комитет
Лицензиялау	Міндетті лицензиялау	Міндетті лицензиялау	Міндетті лицензиялау	ЕО-ға кірмейтін мемлекеттерің ұлттық компаниялары мен шетелдік компанияларын міндетті лицензиялау	Міндетті лицензиялау	Міндетті лицензиялау
Капиталға қойылатын ең аз талап	Әр штатта әртүрлі. Орташа алғанда 2 млн.	Өмірді қауіпсіздендіру үшін 15 млн. канада доллары	Теңіз, авиация, көлік сақтандыру 10млн фунт стерлинг. Басқа түрлері үшін 5 млн ф.с.	Еуро Одақ директивасы бойынша реттеледі.	Өмірді сақтандыру 60млн руб., басқа сақтан. 30 млн руб. Қайта сақтандыру 120млн руб.	Жалпы сақтандыру 430 млн теңге, өмірді сақтандыру 670 млн тг, жалпы және қайта сақтандыру 690 млн тг, қайта сақтандыру 530 млн тг
Төлем қабілеттігіне қойылатын ең аз талап	-	-	-	Еуро Одақ директивасы бойынша реттеледі.	Төлем қабілеттілік нақты маржаның нормативті төлем қабілеттігіне қатынасы 30% дан кем болмауы тиіс.	Төлем қабілеттілік нақты маржаның нормативті төлем қабілеттігіне қатынасы 1 ден кем болмауы тиіс.
Ескертпе – [22-28] әдебиеттер негізінде автор құрастырған						

Сақтандыру қызметін либералдануы, ең алдымен материалдық қадағалаудан бас тартуда көрінеді, яғни лицензия беру кезінде алдын ала тексеруді жою, сақтандыруға рұхсат берілетін түрлердің көбеюі, сақтандыру шарттары мен сақтандыру тарифтеріне, сонымен бірге, сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттігін қадағалауда либералдық байқалады. Халықаралық сақтандыру ұйымдарының әлемнің басқа елдерінде еншілес (дочерние) компаниялары болса, заң талаптары бойынша, сақтандыру келісім-шартындағы міндеттемені орындау үшін валюталық активі болу керек. Осындай халықаралық сақтандырушылардың төлем қабілеттігін бағалау, көбіне еншілес қоғамдардың іс-әрекетіне, ұлттық валюта бағамының өзгерісіне, қор нарығының көрсеткіштерінің өзгерісіне және халықаралық қаржы нарығының басқа да факторларына байланысты.

Халықаралық тәжірибие көрсетіп отырғандай әр мемлекет сақтандыру компаниялар тіркеу талаптары өзіндік болады. Тіркеу екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде сақтандыру компаниясы кәсіпкерлік ұйым ретінде тіркеледі, екінші кезеңде – сақтандыру ұйымы ретінде реттеуші органда тіркеліп, лицензияланады. Басым көпшілік елдерде (АҚШ, Жапония, ЕО елдері және т.б.) лицензиялауға сақтандыру түрі бойынша шектеулер қойылған. Өмірді сақтандыру («life») мен басқа да сақтандыру түрлеріне («non life») лицензиялауға қойылатын талаптар өзіндік болады, сонымен қатар композиттік, яғни аралас қызмет көрсететін компанияларды құруға тиім салынған. Дамыған елдерде сақтандырушылар ғасырлар дамып, мамандану дәрежесін арттырып отырады, мемлекеттік лицензиялау талаптары анағұрлым кеш пайда болған. Басым көпшілік елдерде лицензия алу үшін қойылатын талаптар мынадай: құрылтай құжаттары мен мемлекеттік тіркеу; құрылтай жарғысы мен активтері туралы банктен анықтама; сақтандыру операцияларын дамыту жоспары (кейбір елдерде 3 жылдық жоспар қажет); сақтандыру түрлері бойынша ережелері мен талаптары; модельлік сақтандыру келісім-шарты; математикалық және статистикалық негізделген тарифтік мөлшерлемедер жүйесі; сақтандыру қорларын құру мен орналастыру тәртіптері; қайта сақтандыру жоспары (мысалы Ұлыбритания қайта сақтандыру келісім-шарты болуы міндет); компанияның топ-менеджменті туралы ақпарат; жоспарлаған өткізі каналдары мен делдалдар туралы ақпарат.

Сонымен қатар кейбір елдерде (Германия, Ұлыбританияда) лицензия алушы компаниялардан жауапты қызметкерлерінің біліктілік деңгейі туралы ақпарат, нарықта беделі жоғары компаниялар немесе жеке тұлғалардан ұсыныс хат әкелуі талап етіледі.

Лицензиялау кезеңінде бірінші кезекті сақтандыру өнімі реттеледі. Мысалы, АҚШ-та әр компанияға жекеленген сақтандыру шарттары қабылданады. Басқа елдерде барлық сақтандыру компанияларына бірыңғай модельлік шарттар ұсынылады. Мысалы, Германия, Франция және Канадада сақтандыру шарттары орталық деңгейде қабылданады.

Әлемдік қаржылық және сақтандыру нарығындағы жаһандану үрдісіне қарамай, ұйымдардың қаржылық тұрақтылығының базалық факторлары: меншігінде қазіргі дұрыс жүргізілген бағалау бойынша артық активтердің болуы, тұрақты міндеттемелері болу шарттары сақталып қалады, бірақ сақтандыруды қадағалаудың әдістері мен оларды іске асыру жолдары айтарлықтай өзгертуді талап етеді.

Кейбір елдерде міндетті мемлекеттік резервтерге сақтандырушылардың төлемдері, кепілдік қорлар және кепілдік депозиттер сияқты реттеу құралдыра кеңінен қолданылады. Мысалы, АҚШ-тарында әр штат деңгейінде қолданылады. Германияда керісінше бұндай құралдар қолданылбайды. Әрине бұл механизмның екі жағы бар. Бір жағынан, нарыққа оң әсерін береді. Сақтандыруға тән жабық бөлу принципі қолданылып, ірі апат немесе басқа да ірі сақтандыру жағдайларында ғана шығын өтеленеді. Бұл сақтандыру нарығының сенімдігін арттырып, сақтанушылардың құқықтарын қорғауға бағытталады. Екінші жағынан, қауіп жоғары сақтандырушының қарыз міндеттемелері басқа нәтижелі сақтандырушылардың қалтасынан өтелінеді. Әрине, бұл нарықтық экономика заңдарына қайшы келіп отыр.

Жоғарыда атап өткендей, шетелдік сақтандырушылардың қатысуын арттыру, аймақтық интеграциялық келісімдер шеңберінде, Дүниежүзілік Сауда Ұйымының талаптарына сай жүргізіледі, және халықаралық сауданың дамуы мен халықаралық инвестиция көлемінің артуына байланысты табиғи жолмен реттеледі. Эксперттердің бағалауы бойынша бір жылда халықаралық инвестиция көлемі 70,0 млрд. долларды құрайды. Әлемнің сақтандыру нарығындағы жаһандану үрдісі, басқа юрисдикцияға қатысты сақтандырушылардың бұрын болмаған көлемде сақтандыру компанияларын иеленуіне байланысты болып отыр. Бұл үрдіс сақтандыруды қадағалау органдарының басты назарында болу керек қалыпты заңнамалық қадағалауды талап етеді.

Тарауда қарастырылған сақтандыру нарығын реттеудің халықаралық тәжірибиесі Қазақстанда қолданылып, еліміздің сақтандыру нарығын дамытуға қолданылуы әбден мүмкін. Талдау нәтижесі шет елдерде сақтандыру нарығын реттеуде мемлекеттің рөлі әлі күнге дейін зор екенін көрсетті. Қазіргі өтпелі экономика кезеңінде бизнестегі қауіптің артуы, әлемдік сақтандыру жүйесінің циклді дамуы, қаржы нарығындағы тұрақсыздық жағдайы, сақтандырушының ірі көлемде шығынға батуы және күрделі сақтандыру өнімдері пайда болуы жағдайында сақтандыру нарығын реттеуде мемлекеттік және өзін-өзі реттеу институттарының рөлі артқандығы дәлелденді.

Бірінші тарауда қарастырылған сақтандыру нарығын реттеудің институционалдық аспектілері және сақтандыру нарығындамыту мен тиімді реттеудің моделін жасаған елдердің тәжірибелерін ескере келіп, Қазақстан да сақтандыру нарығын реттеудің механизмдерін дамытып, жетілдіре түсу керек деген қорытынды жасауға болады. Келесі тарауда, соңғы 20 жылдағы нарықтық қатынастың даму диалектикасы негізінде, Қазақстандағы сақтандыру нарығын реттеудің қазіргі жағдайына талдау жасалады.

2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫН РЕТТЕУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

2.1 Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығының қызметі мен реттелуінің нормативті-құқықтық дамуының тарихы

Қазақстанда сақтандыру институтының пайда болуының алғашқы қадамдары мемлекетіміздің тәуелсіздік алу кезеңінен басталады. Сақтандыру нарығының қалыптасуы экономикалық өтпелі кезеңге сәйкес келді. Өндірістің төмендеуі, өндіріс орындарының төлем қабілетінің кемуі, инфляция және жұмыссыздық сияқты макроэкономикалық құбылыстар сақтандыру нарығының жағдайына әсер етті. 90-жылдардың басында пайда болған сақтандыру компанияларының тәжірибелері және жеткілікті мөлшерде қаржылары болмағандықтан, көптеген сақтандырушылардың күйреуі кездейсоқ емес еді. Осындай сақтандырушылардың нарықтан кетуі, Қазақстан Республикасы халықтарының арасында сақтандыруға деген сенімсіздікті қалыптастырды. Ол кездегі сақтандыру компанияларының табысты жұмыс жасай алмауының себебі, олардың тәжірибелері жоқтығына ғана байланысты емес, сонымен бірге, мемлекеттің өзіндегі қаржылық тұрақсыздыққа да байланысты еді. Мемлекеттің дамуы барысында және ондағы қаржылық жүйенің жандануы нәтижесінде, қазіргі кезде біздің республикада сақтандыру нарығы іс жүзінде қалыптасты және үдемелі түрде дамып келеді. Сақтандыру компаниялары өздерінің активтерін оңай жолмен іске асыратын қаржылық құрылымдарға орналастыру арқылы қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге тырысады [30].

Қазақстандағы сақтандыру нарығының құрылуы мен орнығуы, бұл саладағы мемлекеттік реттеудің нормативті-құқықтық базасының даму нәтижесімен байланысты. Сондықтан біз Г.И. Маянлаеваның Қазақстан Республикасындағы сақтандыру іс-әрекеттерінің дамуын үш кезеңге бөлу керек деген пікірімен келісеміз:

Бірінші кезең 1991-1995 жылдар. Бұл кезеңде, Қазақстанда сақтандыруды демонополизация жасау нәтижесінде, сақтандыру құқығы қалыптасты және осы кезеңде Қазақстандағы сақтандыру нарығының дамуы туралы қарама-қайшы көзқарастар болды.

Екінші кезең 1995-1998 жылдар. Қазақстандағы сақтандыру нарығының ілгерілемелі даму кезеңі Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жыдың 3 қазанындағы «Сақтандыру туралы» Жарлығы шыққан кезден басталады.

Үшінші кезең – 1999 жылдан бастап, осы күнге дейін созылады. Бұл кезеңде Қазақстандағы сақтандыру ісін құқылық жағынан реттеу және ұлттық сақтандырушыларға орташа қолдау көрсету саясаты нәтижесінде, сақтандыру нарығын одан ары жетілдірілді [11, с.54].

Қазақстанда сақтандыру нарығының аяғына тұруы, мемлекеттің тәуелсіздік алуына тікелей байланысты. Қазақстандағы алғашқы сақтандыру компаниялары 1990 жылы пайда болды. Сол кездері сақтандыру

нарығының жұмысын реттеу үшін нормативті-құқықтық база құру қажеттілігі туындады. Сондықтан, 1992 жылдың 3-шілдесінде «Сақтандыру туралы» Заң қабылданды [31]. Бұл заң, әртүрлі принциптер бойынша жұмыс істейтін сақтандыру нарығының қалыптасуының бастамасы болды. Мұнда бірінші рет, сақтандыру арқылы қызмет көрсететін кәсіпкерлікті ресми түрде, жеке және заңды тұлғаларды тәуекел жағдайынан қорғайтын қызмет екендігі мойындалды.

Қабылданған заң жоғары дәрежеде либералды болуымен ерекшеленді: Қазақстандық сақтандыру нарығына шет елдік сақтандыру компанияларының келуіне жол ашылды, тіркеудің жеңілдетілген ережесі қабылданды, жарғылық қордың 100 мың рубльден кем болмау керектігі бекітілді; сақтандыруына қатысушыларға салықтық жеңілдіктер белгіленді; сонымен бірге, сақтандыру келісім-шарттарының мазмұны мен қорытындысына қойылатын талаптар, сақтандыру жағдайы туындағандағы екі жақтың міндеттемелері, сақтандыру төлемдерін есептеу ережесі мен оның мөлшері, сақтандыру сомасы мен сақтандыру өтемі, сақтандыру сомасын төлеуден бас тарту жағдайлары, сақтандырушының сақтандыру сомасын уақытылы төлемеген жағдайдағы жауапкершілігі анықталды.

Заңның осындай жетістіктеріне қарамастан, ол мамандар тарапынан әділ сынға алынды. Белгілі қазақстандық экономист К.К. Жүйріков 1992 жылдың 3-шілдесінде «Сақтандыру туралы» Заңның бұл саладағы реттеудің алғашқы жалпы жағдайын ғана анықтайтынын, онда сақтандыру ісінің қалыпты дамуы үшін қажетті принциптік ережелердің жоқ екенін көрсетті, атап айтқанда сақтандырушының қаржылық тұрақтылығының шарттары және олардың төлем қабілеттілігінің кепілдіктері, лицензиялау, республика территориясында жұмыс істейтін шетелдік компаниялардың іс-әрекеттерінің ережелері мен шарттары көрсетілмегенін атап айтты [32].

Уақыт өте келе елдегі сақтандыру жүйесінің мемлекеттік реттеуші және қадағалаушы функцияларын күшейту керектігі анық болды. Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 19-шы сәуірдегі «Сақтандыру нарығының қалыптасуы мен дамуының ұйымдық-құқықтық шаралары туралы» Жарлығы сақтандыру іс-әрекетіне мемлекеттік реттеу енгізуге құқық берді [33]. Бұл Жарлық қазақстандық сақтандыру нарығындағы либералдықты айтарлықтай төмендетті, және сақтандырушылар үшін берілген жеңілдіктерді қысқартты. Сондай ақ, шет елдік сақтандыру компанияларына шығу жолын жапты, өндіріс шығынын өтеуге тек міндетті сақтандыру төлемдері ғана пайдаланылды.

Қаржы министрлігі құрамында сақтандыруды қадағалау Департаменті құрылды. Департаменттің негізгі функциялары төмендегідей болып анықталды: республикадағы сақтандыру іс-әрекеттерін мемлекеттік реттеу және бірыңғай нормативтік-әдістемелік құжаттармен қамтамасыз ету; сақтандыру заңдылықтарының орындалуын қадағалау және оларды жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасау; сақтандыру іс-әрекеттерін лицензиялау, сақтандырушыларды есепке алу, олардың бірлестіктерінің реестрін, сонымен қатар сақтандыру брокерлердің реестрлерін жүргізу.

Әрине, ол кездегі қазақстандық сақтандыру заңдылықтарының кемшіліктері болды. Сақтандырудың нормативті-құқықтық базасының болмауы қиындықтар туғызды. Отандық сақтандыру индустриясының жаңа даму кезеңі, 1995 жылы 3 қазанда қабылданған «Сақтандыру туралы» Заңнан басталады. Бұл заң ұлттық сақтандыру нарығының қалыптасуына, оны реттеуге, әртүрлі министрліктер мен ведомствалардың нормативті құжаттар жасауына ықпал етті және Мемлекеттік Өкілетті орган құрылды. Заң сақтандыру ұйымдарының сақтандыру ісімен мамандандырылған кәсіп ретінде және сақтандыру активтерін басқарумен айналысудың алғы шарттарын жасады; сақтандырушылар іс-әрекеттерінің тоқтатылуы (қайта құрылуы), есепке тіркеу және есеп беру, сақтандыруды экспертизадан өткізу сияқты әрекеттердің шарттарын анықтады. Жаңа Заңның қабылдануы, сақтандыру нарығындағы монополияны жойды, сақтандырушының жеке қаржысы мен бір келісім-шарт бойынша міндеттемесінің нормативті қатынасы анықталды. Осылардың нәтижесінде сақтандыру нарығы ашық сипат ала бастады, оның ішінде шетелдік сақтандыру компаниялары да бар.

Мемлекет басшысының 1998 жылдың 30 маусымында шығарған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына сәйкес, сақтандыруды қадағалау органдарының функциялары мен өкілеттігі Ұлттық банкке берілді. Бұл кезде Қазақстанда 72 сақтандыру компаниялары жұмыс істейтін еді.

Бұл жарлық сақтандыру нарығындағы мемлекеттің реттеушілік рөлін күшейтті. Сақтандыру іс-әрекеттерін реттеудегі мемлекеттік өкілетті органның мәселелері төменде көрсетілгендей болды: Қазақстан Республикасындағы сақтандыру жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, сақтандыру ұйымдарының клиенттері мен басқа да субъектілердің құқылары мен заңды мүдделерін қорғау, сақтандыру нарығының субъектілеріне арнайы талаптар қою, сақтандырушы және қайта сақтандырушы ұйымдар үшін, сақтандыру және қайта сақтандырушы брокерлер үшін, олардың келісімдері мен операцияларын сенімді ету мақсатында міндетті нормативтер белгілеу.

Осылай құрылған сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу механизмдері, сақтандырушылардың мүддесін қорғауға бағытталған. Сақтандыруды қадағалаудың мемлекеттік органының реттеушілік рөлі, біраз функциялардың орындалуын қамтиды, сол арқылы сақтандырушыларды сенімді түрде қорғау қамтамасыз етіледі: сақтандыру келісім-шартын жасаушы сақтандырушыны міндетті түрде тіркеу; сақтандырушының қаржылық жағдайы туралы толық және шын тексерілген мәліметтерді арнайы проспектілерде басып шығару арқылы жариялықты қамтамасыз ету; сақтандырушының оперативті қаржылық іс-әрекетін тексеру өкілетті органның құзырына берілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылы қарашада шығарған №491 Жарлығы бойынша, 2000-2002 жылдарға арналған сақтандыруды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды [35]. Мемлекеттік тәуелсіздік кезеңінде, сақтандыру нарығын реттеу мақсатында, бірінен соң бірі шығып жатқан нормативтік құжаттар, экономиканың бұл секторының

даму бағытын, және бұл бағыттағы мемлекеттік саясатты анықтайтын алғашқы бағдарламалар болатын.

Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» № 126-2 Заң 2000 жылдың 18-желтоқсанында қабылданған [22].

Сақтандыру – жеке және заңды тұлғалардың, сақтандыруға жататын уақиға орын алған жағдайда, сақтандыру келісім-шартында көрсетілен заңды мүліктік мүддесін қорғайтын кешенді қатынастар. Сақтандыруға жататын уақиға орын алған жағдайда, сақтандырушы ұйым өз активі есебінен төлемақы төлеуге міндеттенеді [22].

Сақтандыру іс-әрекеттері – сақтандырушы (қайта сақтандырушы) ұйымның, сақтандыру келісім шартын жасауға және оны орындауға байланысты, өкілетті орган берген лицензия негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамалары талаптарына сай жүргізетін іс-әрекеттері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес, жеке қоғамдардың өзара сақтандыру туралы келісім-шарттары бойынша, лицензиясыз жасалатын іс-әрекеттері.

Сақтандыруды кәсіпкерліктің бір түрі ретінде қарастырып, сақтандыру іс-әрекетімен айналысу ережелері заңмен анықталады. Бұл жағдайда лицензиялаудың ерекшеліктері, реттеу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің жұмысын тоқтату, басқа да жеке және заңды тұлғалардаң сақтандыру нарығындағы іс-әрекеттері, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің мәселелері және сақтандыру іс-әрекеттерін қадағалаудың принциптері заңмен реттеледі.

2004 жылға дейін Қазақстан Республикасындағы сақтандыру компанияларының іс-әрекеттерін реттеумен Ұлттық Банк айналысып келді. Ұлттық банк сақтандыру компанияларының қаржысына қатысты, активтерді басқару, сақтандыру нарығында өркениетті нарық құруға бағытталған біршама шаралар қабылдады. Қабылданған маңызды шаралардың бірі – жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерін 100 млн теңгеге көтеру екенін айту керек. Бұл шараның нәтижесінде сақтандырушылар саны күрт азайды, майда сақтандырушылардың қысқаруы нәтижесінде сақтандырушы компанияларға деген сенімділік жоғарылады.

Президенттің 2004 жылдың 1 қаңтарындағы №1270 «Мемлекеттік реттеуді одан ары жетілдіру туралы» Жарлығына сәйкес, банктің, сақтандыру іс-әрекетінің, зейнетақы және инвестициялық қорлардың жұмыстарын қадағалау, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау Агенттігіне берілді [36].

Агенттіктің құзырына сақтандыру нарығының іс-әрекеттерін бақылау және қадағалау функциялары берілді.

Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау Агенттігіне төмендегі мақсаты мен мәселелері заңмен бекітілді:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және түгелдей алғанда қаржылық жүйеге деген сенімділікті қолдау;

2) қаржылық қызметті тұтынушылардың мүдделерінің жеткілігі дәрежеде қорғалуын қамтамасыз ету;

3) қаржы нарығындағы адал бәсекелестікті қолдау мақсатында, барлық қаржы ұйымдарының қызмет істеуі үшін бірдей жағдай қалыптастыру;

4) қаржы ұйымдарының іс-әрекеттерінің стандарттарын жасау, қаржы ұйымдарын корпоративті басқаруды жақсартуға бағытталған ынталандырулар жасау;

5) қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарына мониторинг жасау;

6) қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қадағалау ресурстарын қаржы нарығындағы тәуекелге қауіпті облыстарға шоғырландыру;

7) қазіргі заманғы жаңа технологияларды енгізуге ынталандыру, қаржы ұйымдарының жұмыстары мен олардың қаржылық қызмет көрсету түрлері туралы тұтынушыларды қолжетімді толық ақпаратпен қамтамасыз ету.

Агенттік өз мақсаттарындағы мәселерді шешу үшін, нақты жағдайға сүйене отырып, мемлекеттік реттеу жүйесін рефомалау және жетілдіруге бағытталған, оның ішінде консолидацияланған қаржылық қадағалаудың тәуелсіз тиімді жүйесін жасауда біраз кешенді шараларды іске асырды.

Агенттік дайындаған алғашқы құжаттардың бірі – Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған Бағдарламасы болды. Бұл Бағдарлама өкіметтің 2004 жылдың 1-шілдесіндегі №729 қаулысымен бекітілген [37].

Сақтандыру нарығын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын, және 2004 жылдың 24 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік реформаларды тереңдету туралы Бағдарламаны қарқынды іске асыру мақсатында, 100 пайыздық мемлекеттік жарғылық қоры бар, «Өмірді сақтандыру Мемлекеттік аннуитентті компаниясы» Акционерлік Қоғамы (АҚ) құрылды.

Егер 2002 жылға дейін Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығының құрамында тек сақтандыру ұйымдары ғана болса, 2002 жылдан бастап, брокерлер, актуарийлер, сақтандыру ұйымдарына аудиторлық тексеру жүргізуге құқық беретін лицензиялары бар аудиторлық ұйымдар, сондай-ақ, резидент еместердің қатысуымен құрылғын сақтандыру ұйымдары пайда бола бастады. Осы сияқты бақылаушы ұйымдардың болуы, кез келген сақтандырушыға, кез келген сақтандырушы ұйымның іс-әрекетін тексеруге мүмкіндік береді, нәтижесінде сақтандыруға деген сенім тағы да арта түсті.

Сақтандыру ұйымдарының жұмысында оң өзгерістер болуымен қатар, сол кездегі олардың нәтижелерін зерттеу, қаржылық тұрақтылықты, қамтамасыз етуде, сақтандыру түрлерін кеңейтуде және сақтандырушылар көрсететін қызмет сапасын артыруда қолданылған іс-шаралардың жеткілікті дәрежеде тиімді болмағандығын көрсетеді.

Әлі күнге дейін қазақстандық сақтандыруда тұтынушылардың белсенділігінің төмен болу мәселесі бар. Сақтандырушы компаниялар

өздерінің қызметі мен іс-әрекеттерінің нәтижелері туралы, ағымдағы сақтандыру түрлерімен бірге жаңа сақтандырудың түрлері туралы ақпаратты халыққа жеткізуге көңіл бөлмейтіндігімен, сапалы әрі мағыналы жарнаманың болмауымен түсіндіруге болады. Тұтынушылардың сұранысы жеткілікті зерттелмейді, және олардың сақтандыру қызметіне деген сұранысын қалыптастыруға көңіл бөлінбейді, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сақтандырушылар қызметін пайдаланушылардың негізгі құқықтары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілмейді.

2007-2008 жылдары өкімет қаржы нарығы мен сақтандыру нарығын тұрақтандыруға бағытталған, әлемдік дағдарыстан кейін әсерін азайтуға және тоқырауға қарсы бірнеше шараларды іске асырды. 2008 жылы ҚР Өкіметі, Қазақстан Республикасы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігінің қатысуымен (қазіргі кезде ҚР Ұлттық банкінің қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Комитеті), сақтандыру нарығына қатысушы субъектілердің іс-әрекеттерін мемлекеттік реттеуді және қадағалауды одан ары жетілдіру бойынша жұмыстар жалғастырылды, атап айтқанда сақтандыру іс-әрекеттерін, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның несиелік бюросының іс-әрекеттерін реттеу және қадағалау мәселелері бойынша біраз нормативті-құқықтық актілер қабылданды [37].

Агенттік Басқармасының 2008 жылғы 26 ақпандағы № 22 Қаулысы бойынша, «Агенттік Басқармасының 2006 жылдың 25 наурыздағы № 86 «Сақтандыру портфелін беру Ережелерін бекіту туралы» Қаулысына толықтырулар енгізілді. Ағымдағы Ережелер бойынша сақтандыру портфелін берушілердің міндеттемелері бойынша қарызын жабу үшін активтері жоқ болса да сақтандыру портфельді беру мүмкін болатын (сақтандырушының қабылдау мүмкіндігі туралы өкілетті органның шешімі болған жағдайда) [39]. Енгізілген толықтырулар, өмірді сақтандыру және жинақтаушы сақтандырудың басқа да түрлері бойынша, әлеуметтік маңызды сақтандыру кластары бойынша, сақтандырушының қабылдау мүмкіндігі туралы өкілетті органның шешімі болған жағдайда, life-сақтандырушының жағдайы болашақта еріксіз түрде жойылуға жататын болса, сақтандыру портфелін беру мүмкіндігі қарастырылған.

2008 жылдың 1-қыркүйегінде қолданысқа енгізілген эмитенттерге қойылатын листингтік талаптар бойынша (Агенттік Басқармасының қаржы құралдарына қойылатын талаптарды қалыпқа келтіру туралы 2008 жылғы 26 мамырдағы №77 Қаулысы негізінде) сақтандырушы (қайта сақтандырушы) басқа да сақтандырушы ұйымдарға рұхсат берілді. Сондай-ақ, ликвидті активтердің, сақтандырушы (қайта сақтандырушы) ұйымдарының активтерін диверсификациялау нормативтері жаңа редакцияда Агенттік Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы №131 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының нормативті маңызы туралы және пруденциалды нормативтерді есептеу әдістерін бекіту туралы Нұсқау» қабылданды [40]. Енгізілген жаңалық бойынша, жоғары ликвидті есептеуде және ликвидтілік сапасын есептеуде, қаржы құрадарындағы тәуекел қаупін ескете отырып,

20%-дан 50%-ға дейін салмақтау дисконты енгізіледі. Есептеуге аффилиерлі бағалы металдар мен металл депозиттері де енгізілді.

Қосымша жарналардың мөлшемелерін есептеу әдістерін нақтылау мақсатында, сақтандырушылардың «Сақтандыру Төлеміне Кепілдік Қоры» АҚ-мен жасалған қатысу келісім-шарт бойынша төлем тәртібі мен төлеу мерзімдері, Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігінің, жол-көлік оқиғалары туралы статистикасы бойынша, жол-көлік оқиғасына кінәлі қанша адамның оқиға орнынан қашып кеткендігі туралы мәліметтер бойынша Агенттік Басқармасы 2008 жылғы 2-қазанда №141 «Міндетті қосымша жарналар мен шартты міндеттемелер ставкасын есептеу әдістері туралы, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тіртібі мен лорды төлеу мерзімдері, «Сақтандыру Төлеміне Кепілдік Қорына» қатысушы сақтандыру ұйымдарының шартты міндеттемелерін жасау және тіркеу туралы» қаулысы қабылданды [41].

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 7-мамырда қабылданған «Міндетті сақтандырудың түрлері бойынша кейбір заңнамалық актілерге толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы» Заңына сәйкес, 2008 жылдың 1-қазанынан бастап, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қатысушылар «Сақтандыру Төлеміне Кепілдік Қоры» Акционерлік Қоғамының акционерлері болып саналады. Осыған орай, 2008 жылдың қазанында активтерді инвестициялау, инвестиция лимиттерінің тізімі, «Сақтандыру Төлеміне Кепілдік Қоры» Акционерлік Қоғамының инвестициялық шешім қабылдау тәртібі қайта қаралды. Атап айтқанда, Сақтандыру Төлеміне Кепілдік Қоры» Акционерлік Қоғамының меншігіндегі активтерді, инвестициялық портфельді жартылай, немесе толық басқаратын ұйымға басқаруға беру мүмкіндігі қарастырылған.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қосылма (аффилированные) тұлғаларымен жасалған келісімнің жариялылығын арттыту және жеңілдіктермен жасалатын келісімдерді шектеу мақсатында, Агенттік Басқармасы 2008 жылдың 28 қарашасында № 183 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қосылма тұлғаларымен жасалған келісімнің түрлерін бекіту туралы» қаулы қабылдады [42].

Сақтандырушылар қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушы белгілері бар тұлғалары Қазақстан Республикасының сақтандыруға қатысты заңдарын бұзған жағдайда, оларға қатысты мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін, Агенттік Басқармасы 2008 жылдың қарашасында қабылданған қаулыға сәйкес, заң бұзушылар өкілетті органдардың талаптарын орындауға арналған жоспар-гарфик тапсыруға міндетті, графикте құжаттарды растайтын қосымшалар болу керек.

Тағы да сол 2008 жылдың қарашасында, Агенттік Басқармасы, заңды тұлғалардың жарғылық капиталында үлесі басым болатынненшілес ұйымдар құру, немесе оларға иелік етуге берілген рұхсатты қайтарып алу туралы қаулы қабылдады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылдағы 12 сәуірдегі №25 Жарлығы бойынша, Агенттіктің функциялары мен өкілеттігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне берілген, ал 2011 жылдың 18 сәуірдегі №61 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қаржылық нарығы мен қаржылық ұйымдарын қадағалайтын Комитет (Қаржы нарығын қадағалау Комитеті) құрылды.

Мұндай өзгертулер, қазіргі кездегі әлемдегі қаржы секторын реттеу және қадағалау жүйесінің даму тенденциясы ескеріліп және орталық банкілердің күшейуіне алып келген соңғы жаһандық тоқыраудың тәжірибесі ескеріліп жасалды.

Қаржы нарығын қадағалау Комитеті банктердің іс-әрекеттерін, сақтандырудың, жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық қорлардың, құнды қағаздар нарығының субъектілерінің іс-әрекеттерін қадағалайды, сондай-ақ, қаржы қызметін пайдаланушылардың құқықтарын қорғаумен айналысады.

Қаржы нарығын қадағалау Комитеті тұтастай алғанда Агенттіктің қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарына қатысты саясаты мен тәжірибелерін сақтай отырып, қадағалау мен бақылау әдістерін одан ары жетілдіру және олардың тиімділігін артыру бағытында жұмыстар жүргізіп келеді, сонымен қатар, қазіргі замандағы әлемдегі қаржылық қадағалаудың даму тенденциялары ескеріледі.

2014 жылы міндетті сақтандыру мәселелері бойынша заң жобасын жасау жоспарлануда. Бұл заңның шеңберінде міндетті сақтандыру түрлерін оңтайластыру мүмкіндігі қарастырылатын болады. Сақтандырудың тиімділігі аз класстарын, мысалы аудиторлық ұйымдардың, туристік операторлардың, туристік агенттіктердің, жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін сақтандыруды алып тастау мүмкіндігі қарастырылады.

Сонымен бірге, «Solvency II» тәуекел қаупіне негізделген реттеу жүйесі енгізіледі. «Solvency II» Еуропа Одағы мемлекеттерінің барлығындағы сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарына қатысты, олардың төлем қабілеттігіне қойылатын жаңартылған нормативті талаптар жүйесі [43].

Осу қарқынының жоғары болуына қарамастан, бағдарламада қарастырылған мәселелердің біраз бөлігі шешілмей қалды. Елдегі сақтандыру нарығының экономикадағы, жалпы халықтың өміріндегі алатын рөлі өте төмен, көптеген сақтандыру компанияларының көрсететін қызметтерінің саңы шектеулі. Сақтандыру компанияларының потенциалдары, қарқынды дамып келе жатқан экономиканың, қаржы нарығында көрсетілетін қызметтердің қажеттігін өтей алмайтындай, төмен деңгейде қалып отыр. Қайта сақтандыру индустриясы осы кезге дейін негізінен шетелдік нарыққа бағытталған. Сақтандыру нарығының қарқынды дамуына кедергі келтіріп отырған себептерді бастысы, міндетті сақтандыру түрлерінің жеткілікті дәрежеде дамымай қалуында болып отыр [6, С.63-65].

Халықаралық сарапшылардың атап өтулері бойынша, ТМД мемлекеттері арасында Қазақстан жақсы жақтарымен ерекшеленеді. Қазақстанда сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің жетілген нормативті

базасы жасалған, осыған қарамай, сыйақының жиналуы, сақтандыру төлемдерінің көрсеткіштері, ТМД-дағы кейбір көрші мемлекеттердің көсеткіштерімен салыстырғанда әліде аз болып отыр. Сақтандыру нарығының мәселелерін шешуге мемлекеттің араласуы, сақтандырудың және сақтандыру қызметінің беделін арттырып, сақтандырушылардың заңды мүдделерінің қорғалу дәрежесін арттырады. Соңғы жылдары сақтандыру ұйымдарындағы қаржы тәртібі мен есепке алу, сақтандыруда көрсетілетін қызметтердің түрлері мен қызмет көрсету сапасы біршама жақсарды. Қазақстандағы сақтандыру нарығының саясаты мен даму стратегиясын Ұлттық банк анықтайды және ТМД мемлекеттерінің сақтандыру ұйымдарымен конструктивті қатынасын сақтай отырып, біртіндеп ЕуроОдақтың сақтандыру нарығының нормалары мен стандарттарына жақындап келеді.

2.2 Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығының қазіргі жағдайын талдау

Тәуелсіздік жылдары Қазақстандағы сақтандыру нарығы қатты дамып, еліміздің макроэкономикалық көрсеткіштерінде жоғары орынды иеленді. 2014 жылдың 1-қаңтарында еліміздегі сақтандыру ұйымдарының саны 34-ке жетті, актуарилер саны – 72, сақтандыру брокерлерінің саны – 14, қайта сақтандырушы ұйымдар саны – 30-ға жетті. Әлемдік тәжірибе, сақтандыру нарығының көлемі, экономиканың өсуіне пропорционалды өсетінін көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстанның қазіргі экономикалық жағдайында сақтандыру нарығының дамып, әдеттегі жеке сақтандырулардан бөлек, сақтандырудың жаңа түрлерін меңгеруге мүмкіншілігі бар. Сақтандыру компанияларының санының қысқаруы нарықтың дамуының оң тенденциясы деп бағалауға болады, себебі ең әлсіз субъектілер кетіп, нарықтық бәсеке арта түсті.

Ұлттық экономикада сақтандыру секторының алатын орыны мен рөлі артып келеді. 4-ші кестеде Қазақстан Республикасындағы сақтандыру секторының 2003 – 2014 жылдар аралығындағы 10 жыл ішіндегі 1-қаңтардағы, макро экономикалық көрсеткіштері келтірілген. Бұл жылдар ішінде сақтандыру сыйақысының ЖҰӨ өніміне қатынасы 0,6%-дан 0,74%-ға дейін өсті. 90- жылдардың ортасында бұл көрсеткіш 0,2%-дан кем болғанын айту керек.


Республикада 2003 жылы сақтандыру сыйақысының мөлшері жан басына шаққанда 1523 теңге болса, 2014 жылдың 1-қаңтарында бұл көрсеткіш 10есеге жуықартып, 14 877,4 теңгені құрады.

Осы жылдар ішінде, 2014 жылдың 1-қаңтарында сақтандыру компанияларының жинақталған меншікті капиталының мөлшері 8,8 есе артты, 28,8 млрд теңгеден 254,6 млрд теңгеге дейін өсті. 2-ші суреттегі диаграммадан көрінгендей, соғы 6 жыл ішіндегі сақтандыру секторының меншікті капиталының өсімі онша көп емес екені көрінеді.

Кесте 4 – ҚР сақтандыру секторының 2003 – 2014 жылдарды 1-қаңтарындағы макроэкономикалық көрсеткіштері

	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
ЖҰӨ Қазақстанның млрд.тенге	3747,2	4449,8	5434,8	7453	8725	13315	15854,9	17411,9	19303,6	27571,9	31442,7	34291
Сақтандыру сыйақысыныңЖҰӨ-ға қатынасы, %	0,6	0,65	0,7	0,9	1,38	1,11	0,84	0,65	0,73	0,64	0,67	0,74
Меншікті капиталдыңЖҰӨ-ға қатынасы, %	0,16	0,2	0,54	0,61	0,92	0,95	1,7	1,04	1,08	0,84	0,76	0,74
АктивтердіңЖҰӨ-ға қатынасы, %	0,33	0,47	0,81	0,98	1,55	1,68	1,7	1,71	1,78	1,44	1,41	1,53
Сақтандыру сыйақысының жан басына шаққандағы қатынасы, тенге	1523	1936	2665	4475	8018	9489	8597	7171,5	8645,3	10537,4	12517,9	14877,4
Ескертпе –Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкініңқаржылыққадағалау мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.afn.kz [44]												

Көрсетілген уақыт аралығында ең жоғарғы өсім көрсеткіші сақтандыру секторының активтеріне тиесілі. Ол 2008 жылы 268,8 млрд теңге болса, 2013 жылы 523,4 млрд теңгеге дейін өскен, сөйтіп, 2 есе өсім берген.



Сурет 2 – Сақтандыру активтері, резервтері мен меншікті капиталдың 2008 – 2013 жылдар арасындағы өзгерісі, млрд теңге

Ескертпе – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің қаржылық қадағалау мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.afn.kz [44]

2013 жылы Қазақстанның сақтандыру нарығы тұрақты өсімге бейім екенін көрсетті. Активтердің өсімі, негізінен салымдарды орналастырудың өсуіне – 12,5%, құнды қағаздарға – 9,6%, қайта сақтандыру активтеріне – 16,0% байланысты болды. Сақтандыру активтерінің құрамындағы ең үлкен өсім көрсеткіші құнды қағаздарға келді, жалпы көлемнің – 48,9%-ын құрады, БВУ-ға орналастыруға – 22,9%, қайта сақтандыру активіне – 9,8%, т.с.с. Көрсетілген уақыт ішінде сақтандырушылардың міндеттемелерінің сомасы 268,8 млрд теңгені құрады, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 32,4%-ға көп.

Сақтандырушылардың сақтандыру қорларының көлемі 2013 жылы 240,3 млрд теңге болды, бұл 2012 жылдың сондай мерзімімен салыстырғанда 37,9%-ға артық.

Енді сақтандыру активтері, сақтандыру резервтері мен меншікті капитал арасындағы байланысты математикалық модельдеу арқылы талдап қорейік. Бұл үшін сақтандыру активтері, резервтері мен меншікті капиталдың өзгерісінің 10 жыл арасындағы тәуелділігін қарастырайық (кесте 5).

Кесте 5 - Сақтандыру активтері, резервтері мен меншікті капиталдың 2003 – 2013 жылдар арасындағы өзгерісі, млрд теңге

	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013
Сақтандыру активтері	20,7	44,1	73,3	135,5	223,6	268,8	297,3	343,2	387,7	442,7	523,4
Сақтандыру резервтері	7,3	14,5	28,1	67,6	86,4	86,3	101,0	114,9	127,9	174,3	240,3
Меншікті капитал	13,4	29,6	45,3	80,2	126,3	165,9	180,5	208,7	231,2	239,7	254,6
Ескертпе –Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің қаржылық қадағалау мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.afn.kz [44]											

Сақтандыру жүйесінің көрсеткіштер тәуелділігін зерттеу мақсатында математикалық модельдеу әдісін қолдану бүгінгі күннің талабы. Әсіре қаржылық дағдарыстардың жиілеуі сақтандыру жүйесінің қауіп – қатерін артырған жағдайда математикалық модельдеу әдісін қолдану өзектілігі артып отыр. Кездейсоқ процестің толық характеристикаларын анықтау үшін математикалық күтім мен дисперсиясын табу жеткіліксіз. Статистикалық зерттеулердің кең таралған түрі таңдамалы жиынтықтар арасындағы байланысты анықтау болып табылады. Жиынтықтар арасындағы байланыстың түрі функционалды емес, статистикалық болып келгендіктен, бір мәнді байланысты табу мүмкін емес. Сондықтан статистикалық байланыстарды зерттеуде корреляциялық және регрессиялық анализ қолданылады. 5-ші кестедегі көрсеткіштерді кездейсоқ шамалар деп қарастырып, олардың арасындағы байланысты корреляциялық матрица түрінде табайық.

X және Y кездейсоқ шамалар арасындағы корреляциялық байланыс деңгейін бағалау үшін Пирсон коэффициенті (сызықты корреляция коэффициенті) қолданылады. Бұл жағдайда X және Y жиынтықтары нормал заңы бойынша таратылған деп болжамданады және корреляция коэффициенті төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$r_{xy} = \frac{\sum (x_i - \bar{x}) \cdot (y_i - \bar{y})}{\sqrt{\sum (x_i - \bar{x})^2 \cdot \sum (y_i - \bar{y})^2}} \quad (1)$$

Бұл жердегі $x_i, y_i, i = 1, 2, \dots, n$ - сәйкесінше X, Y жиынтықтарының элементтері, \bar{x}, \bar{y} - сәйкесінше X, Y жиынтықтарының математикалық күтімдері.

Корреляция коэффициенті -1 (теріс сызықты байланыс) мен 1 (тура пропорционал байланыс) аралығында өзгереді. Егер корреляция коэффициенті 0 -ге тең болса, онда X , Y жиынтықтары арасында байланыс жоқ деп саналады.

Корреляциялық матрицаны табу үшін MatLab программалау ортасы қолданылды. Нәтижесінде төмендегі матрица табылды:

$$\begin{pmatrix} 1.0000 & 0.9697 & 0.9869 \\ 0.9697 & 1.0000 & 0.9199 \\ 0.9869 & 0.9199 & 1.0000 \end{pmatrix}. \quad (2)$$

Корреляциялық матрица элементтерінің барлығы оң болғандықтан сақтандыру активтері, сақтандыру резервтері және меншікті капитал арасында статистикалық байланыс бар. Сақтандыру активтері және сақтандыру резервтері арасындағы корреляциялық байланыс 0.9697 , сақтандыру резервтері мен меншікті капитал арасындағы корреляциялық байланыс 0.9199 , ал сақтандыру активтері мен меншікті капитал арасындағы корреляциялық байланыс 0.9869 . Үш көрсеткіш те 1 -ге жуық болғандықтан жиынтықтар арасында сызықты тура пропорционал байланыс бар деген қорытынды жасауға болады. Бұл көрсеткіштерді мемлекеттік реттеу объектісі ретінде қарастыруға болатының көрсетеді.

Ендігі тұста қарастырылып отырған кездейсоқ процесті стохастикалық дифференциалдық модель түрінде өрнектейік. Сақтандыру жүйесі түсімдерінің өзгеру жылдамдығы оның меншікті капиталының мөлшеріне байланысты болсын деп қабылдайық [45]. t уақытындағы жүйенің меншікті капиталы немесе сақтандыру төлемдерінен кейінгі табысты ξ_t деп, ал $[0, t]$ уақыт аралығында түсім сомасын $A(t)$ деп белгілейік.

Егер $[t, t + \Delta t]$ уақытында сақтандыру жүйесіне $A(t + \Delta t) - A(t) = a(t, \xi_t)\Delta t$ мөлшерінде түсім болса, онда $A(t) = \int_0^t a(s, \xi_s)ds$ және $a(t, \xi_t)$ - түсу жылдамдығы болады. Сақтандыру жүйесінің меншікті капиталы неғұрлым үлкен болса, соғұрлым қаражаттардың кірісі де үлкен болады. Егер $A(t)$ мәні $\{\xi_t, 0 \leq s \leq t\}$ траекториясының функционалы болса, онда қаржы түсімдерінің мөлшері сақтандыру жүйесінің жағдайы мен $[0, t]$ уақыт аралығындағы жинақтау үрдісінің динамикасына байланысты. Көптеген тұтынушылар үшін капиталдың қаншалықты тұрақты екендігі, өсімі бар ма, қандай жылдамдықпен өсетіндігі туралы және т.б. мәліметтер маңызды. Бұлардың барлығын $A_\xi(t)$ функционалы арқылы ескеруге болады.

Сақтандыру жүйесінің меншікті капиталының сезімталдығын бағалау үшін стохастикалық дифференциалдық теңдеу түріндегі математикалық модельді ұсынайық:

$$\begin{cases} d\xi(t) = -r(\xi(t) - \xi_\infty)dt + \alpha\xi(t)dW(t) \\ \xi(t_0) = \xi_0 \end{cases}, \quad (3)$$

мұндағы ξ_0 - бастапқы меншікті капитал, ξ_∞ - реверс деңгейі, r – реверс жылдамдығы, α - стохастикалық бөлігінің пропорционалдық коэффициенті, $W(t)$ - стохастикалық Винер процесі. Ұсынылған математикалық модельде стохастикалық Винер процесінде дрейф коэффициентінің мәні алдын ала берілген. Ал сақтандыру жүйесінің меншікті капиталдың стохастикалық өзгеру үрдісін екінші диффузиялық қосылғыш анықтайды. Дифференциалдық теңдеудің $[t_0, t_0 + T]$ интервалында сандық шешімін табу үшін стохастикалық Эйлер әдісі қолданылды. Уақыт бойынша қадам $\Delta T = \frac{T}{N}$ түрінде алынды, мұндағы N - қадамдар саны. Қарастырылып отырған стохастикалық үрдіс үшін Монте-Карло әдісімен Мтраекторияларын симуляция жасадық. Әрбір траектория бастапқы t_0 уақытысында меншікті капиталдың ξ_0 мәнінен басталды:

$$\begin{cases} \xi_0^{(m)} \\ \xi_{n+1}^{(m)} = \xi_n^{(m)} + d_{n+1}^{(m)} \\ d_{n+1}^{(m)} = -r(\xi_n^{(m)} - \xi_\infty)\Delta T + \alpha\xi_n^{(m)}\sqrt{\Delta T} \cdot X_{n+1}^{(m)}, \quad X_{n+1}^{(m)} \sim N(0,1) \end{cases} \quad (4)$$

мұндағы $n = 0, 1, 2, \dots, N - 1; m = 1, 2, \dots, M; X_{n+1}^{(m)} - N(0,1)$ нормалды үлестірілген кездейсоқ шамалардан таңдалған; $\sqrt{\Delta T} \cdot X_{n+1}^{(m)} - [t_n, t_n + \Delta T]$ интервалындағы стохастикалық Винер процесінің өсімшесі.

Сандық эксперимент MatLab ортасында жүргізілді. Модельдің параметрлері: $\xi_0 = 13.4, \xi_\infty = 400, r = 0.1, \alpha = 0.1, N = 1000$.

Осы мәндерге сәйкес, траекториялар саны $M = 100$ болған кездегі есептеу экспериментінің нәтижелері 3-суретте көрсетілген. Суреттегі қалың қара сызықпен меншікті капитал мәнінің математикалық күтімі $E[\xi(t)]$ белгіленген.


4-суретте траекториялар саны $M = 10$ үшін модельдің жоғарыда берілген параметрлері бойынша есептеу экспериментінің нәтижелері көрсетілген.

Үрдістің корреляциялық анализ кезіндегі сызықтық өзгерісін стохастикалық модель бойынша қойылған есептеу эксперименті де дәлелдеді. $\tau_r = 10$ характеристикалық уақытына дейінгі траекториялар $E[\xi(t)]$ математикалық күтім мәніне жақын орналасқан. Ал $\tau_r = 10$ кейінгі мәндері орта мәннен көп деңгейде ауытқығаны байқалды, бұл модельдің диффузиялық бөлігіне сәйкес.


Кестеге сәйкес меншікті капиталдың мәні 2003 жылдан басталған. Сандық экспериментте осы мәнді стохастикалық дифференциалдың теңдеудің бастапқы мәні ретінде алдық $\xi_0 = 13.4$. Компьютерлік эксперимент бойынша 2013 жылғы меншікті капиталдың мәні 257.8 болды. 2003-2013 жылдар арасындағы меншікті капиталдың мәндерін дифференциалдық теңдеудің дрейф бөлігі анықтады. Сандық эксперимент бойынша τ_r характеристикалық уақытына дейін, яғни 2013 жылға дейін меншікті капиталдың мәндері кестедегі нақты берілгендерге сәйкестікті берді. Мысалы, компьютерлік эксперимент $\tau_r = 10$ болғанда

меншікті капиталдың мәні 257.8 тең болатынын көрсетті. Характеристикалық уақыттан кейін, яғни 2013 жылдан бастап, меншікті капиталдың өзгерісін дифференциалдық теңдеудегі стохастикалық $W(t)$ Винер процесі анықтады. Оның өсімшесі - $\sqrt{\Delta T} \cdot X_{n+1}$. Бұл жердегі X_{n+1} кездейсоқ шамалары нормал (немесе Гаусс) таралу заңынан таңдалды. Нормал таралу заңдылығының параметрлері стандартты түрде алынды- $N(0,1)$, яғни математикалық күтімі 0-ге, ал дисперсиясы 1-ге тең.

Меншікті капиталдың өзгеруінің 2023 жылға дейінгі 10-жылдық болжамы сақтандыру жүйесінің дамуының кез келген ауытқуы жағдайында (математикалық модельде 100 түрлі даму сценарий қарастырылған) бұл көрсеткіштің дамуы бүкіл сақтандыру жүйесінің тұрақтылығын анықтайтыны дәлелденді.



Сурет3 – Траекториялар саны $M = 100$ үшін меншікті капиталдың уақытқа байланысты динамикасы.



Сурет4 – Траекториялар саны $M = 10$ үшін меншікті капиталдың уақытқа байланысты динамикасы.

Ұсынылған стохастикалық математикалық модельді жүйенің меншікті капиталының мәнін анықтау үшін болжау құралы ретінде қолдануға болады. Математикалық модельдеу негізінде жүргізілген талдауды қорыта келе, сақтандыру активтері, сақтандыру резервтері мен меншікті капитал арасындағы байланыстың жоғарғы тәуелділігі анықталды. Құрастырылған математикалық модель негізінде болжамдық талдау меншікті капитал мемлекеттік реттеудің негізгі объектісі ретінде қарастыруға болатының көрсетеді. Болжамдық 10 жыл көлемінде меншікті капиталдың көлемінің артуы сақтандыру жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сондықтан мемлекет сақтандыру компаниялардың меншікті капитал көлеміне талапты күшейту әдісін жалғастыру қажет деп санаймыз.

Тікелей сақтандырудың келісім-шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақысының көлемі 2014 жылдың 1-қаңтарында 253 072,6 млн теңге болды, бұл 2013 жылдың сондай мерзімімен салыстырғанда 19,6%-ға артық (кесте 6).

Сақтандыру сыйақысының негізгі өсімі ерікті мүліктік сақтандыруға келеді (107 842,1 млн. теңге, немесе сақтандыру сыйақысының жалпы көлемінің 42,6%-ы болды). 2014 жылы ерікті мүліктік сақтандырудың үлес салмағының өсу тенденциясы сақталып қалды. Ерікті жеке сақтандыру арқылы 92 111,9 млн. теңге жиналды, немесе сақтандыру сыйақысының жинақталған мөлшерінің 36,4%-ы болады, міндетті сақтандыру арқылы – 53118,6 млн теңге, немесе 21,0%-ды құрады.


Кесте 6– 2012 – 2014 жылдар аралығындағы сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйақысының түсімі

	1 қаңтар 2012		1 қаңтар 2013		1 қаңтар 2014	
	млн.тенге	%	млн.тенге	%	млн.тенге	%
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	175 528,7	100,0	211 671,3	100,0	253 072,6	100,0
Өмірді сақтандыру	30 478,8	17,4	52 437,9	24,8	56 575,8	22,4
Жалпы сақтандыру	145 049,9	82,6	159 233,5	75,2	196 496,8	77,6

Ескертпе – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің қаржылық қадағалау мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.afn.kz [44]

«Өмірді сақтандыру» саласы. 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйақыларының көлемі 56 575,8 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың ұқсас күніне қарағанда 7,9% көп. Есепті күні «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйақыларының жиынтық сыйақыларындағы үлесі 2013 жылғы 1 қаңтардағы 24,8%-ға қарсы 22,4% болды (сурет 5).

«Жалпы сақтандыру» саласы. 2013 жылғы қаңтарда «жалпы сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйақыларының көлемі 196 496,8 млн. теңге болды, бұл 2013 жылғы ұқсас кезеңіне қарағанда 23,4%-ға артық (сурет 5).



Сурет 5– Міндетті, ерікті жеке және ерікті мүліктік сақтандыру сыйақыларының түсімінің 2013-2014 жж. Үлестері

Ескертпе – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің қаржылық қадағалау мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.afn.kz [44]

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйақыларының көлемі 253 072,6 млн. теңгені құрады, бұл 2013 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 19,6%-ға көп. Сақтандыру сыйақыларының негізгі үлесін ерікті мүліктік сақтандыру құрайды (107 842,1 млн. теңге немесе сақтандыру сыйақыларының жалпы көлемінің 42,6% құрайды). Ағымдағы жылы ерікті мүліктік сақтандырудың өсу қарқыны жалғасуда. Ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сыйақыларының жиынтық көлемі 92 111,9 млн. теңгені немесе сақтандыру сыйақыларының жалпы көлемінің 36,4% құрайды, міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйақыларының көлемі – 53 118,6 млн. теңгені немесе 21,0% құрайды.

2013 жылы Қазақстанның сақтандыру секторының таза пайдасы 29,5 млрд теңге болды, бұл өткен жылды осындай мерзімімен салыстырғанда 8,2%-ға кем. Сонымен қатар, 2013 жылдағы сақтандыру іс-әрекеттері бойынша табыс мөлшері 193,5 млрд. теңге, немесе 2012 жылман салыстырғанда 16,1%-ға өскен. Таза пайданың кемуі, 2013 жылы шығынның 15,3%-ға артуымен түсіндіріледі.

2013 жылдың шілде айында, тікелей сақтандыру келісім-шарттары бойынша жинақталған сақтандыру сыйақысының мөлшері, 2013 жылдың 1-тамызындағы мәлімет бойынша 16,0%-ға артып, 160,4 млрд теңгені құрады. Бұл жерде сақтандыру сыйақысының негізгі бөлігін ерікті мүліктік сақтандыру сыйақысы құрап отыр, 2013 жылдың 1-шілдесімен салыстырғанда, сақтандыру сыйақысының жалпы мөлшерінің 41,7%-ын құраған. Бір ай бұрын, 2013 жылдың 1-шілдесінде бұл көрсеткіш 43,1% болған және сақтандыру сыйақысының негізгі бөлігін құраған.

2013 жылдың 1-тамызында, «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сыйақы мөлшері 41,6 млрд теңге болды, бұл өткен жылдағы осы мерзімдімен салыстырғанда 50,4%-ға артық. Есеп беру мерзіміндегі «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сыйақы мөлшері, барлық сақтандыру сыйақысының жинақты мөлшерінің 25,9%-ын құрады, бұл көрсеткіш 01.08.2013 жылы 23,6% болған. 2013 жылдың 7 айы ішінде «жалпы сақтандыру» саласы бойынша жиналған сыйақы мөлшері 118,8 млрд теңге болды, бұл өткен, 2012 жылдың осындай мерзіміндегіден 33,0%-ға артық. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйақысының мөлшері 45,8 млрд теңгені құрады. Оның ішіндегі Қазақстан Республикасының резиденттері емес сақтандырушыларға берілген сыйақысының үлесі 24,1% болды. Қайта сақтандыру келісім-шарттары бойынша қабылданған сыйақы мөлшері 15,8 млрд теңге болды, оның ішіндегі 9,3 млрд теңгесі Қазақстан Республикасының резиденттері емес сақтандырушылардан қабылданған.

2013 жылдың қаңтар – шілде айларында сақтандыру бойынша төленген төлемдердің жалпы мөлшері (қайта сақтандыру келісім-шарттары бойынша төленген сақтандыру төлемдерін есептемегенде) 30,1 млрд теңгеге жеткен, бұл өткен жылдың осындай мерзіміндегіден 12,3%-ға кем. Бұл соманың басым бөлігі, ерікті жеке сақтандыруға тиесілі болды,

сақтандыру бойынша барлық төлемдерің ерікті жеке сақтандыруға – 46,8%-ы, міндетті сақтандыруға – 36,6%-ы және ерікті мүліктік сақтандыруға – 16,6%-ы тиісті.

2014 жылдың 1-ші қаңтарында қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйақыларының көлемі 75 086,0 млн. теңге немесе сақтандыру сыйақыларының жиынтық көлемінің 29,7%-ын құрады (кесте 7). Сонымен бірге қайта сақтандыруға Қазақстан Республикасының резиденттері еместеріне сақтандыру сыйақыларының жиынтық көлемінің 24,0%-ы берілді. Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйақыларының жалпы сомасы 26 130,8 млн. теңге құрады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының резиденттері еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйақыларының сомасы 12 959,1 млн. теңге болды.

Кесте 7 - Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйақыларының құрылымы

	01.01.2013 млн.теңге	01.01.2014 млн.теңге
Барлығы қайта сақтандыруға берілді, оның ішінде	65 240,0	75 086,0
резидент еместерге	48 248,4	60 852,5
резиденттерге	16 991,6	14 233,6
Барлығы резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданды	10 182,1	12 959,1
Ескертпе – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің қаржылық қадағалау мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.afn.kz [44]		

Жалпы алғанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің қаржылық қадағалау мәліметтері көрсетуі бойынша, 2013 жылы Қазақстандағы сақтандыру нарығында сақтандыру сыйақылары мен сақтандыру бойынша төлемдерді шоғырландыру деңгейінің өскендігі байқалады. Атап айтқанда, 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне, жинақталған сақтандыру сыйақысының 38,2%-ы, сақтандыру төлемдерінің 31,5%-ы тиесілі болды. Бұл 5 ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру активтерінің мөлшері, сақтандыру нарығындағы жинақталған барлық активтердің 49,1%-ын құрады.

01.01.2013ж. мен 01.01.2014ж. аралығындағы кезеңде сақтандыру нарығында сақтандыру сыйақылары шоғырлану деңгейінің ұлғайғаны байқалады (кесте 8). 5 ірі сақтандыру компаниясының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйақыларының 37,6%-ы және сақтандыру төлемдерінің 35,0%-ы тиесілі болды. Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру нарығының жиынтық активтеріндегі үлесі 49,1% болды.

Кесте 8 – Сақтандыру нарығының 2012- 2014 жылдар арасындағы концентрациялануы (% бен көрсетілген)

	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
5 ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйақылары	32,5	37,7	37,6
10 ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйақылары	52,1	56,6	56,6
5 ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру бойынша төлемдері	24,	35,0	35,0
10 ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру бойынша төлемдері	50,5	56,2	56,2
5 ірі сақтандыру компаниясының активтері	49,5	49,1	49,1
5 ірі сақтандыру компаниясының активтері меншікті капиталы	60,8	62,8	62,8
Ескертпе –Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің қаржылық қадағалау мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.afn.kz [44]			

Сақтандырудың барлық түрлері бойынша төлемдер түсімі құрамында, аннудитетті сақтандырудың түсімі 18%-ды құрайды, мүлікті сақтандыру – 19%, қаржылық шығынға қарсы сақтандыру - 5%, көлік құралдарын жалпы сақтандыру және азаматтық-құқықтық жауапкершілін сақтандыру (ЖСАҚЖС) – 14%, өмірді сақтандыру – 6%, ауруға байланысты сақтандыру – 10%, азаматтық-құқықтық жауапкершілін ерікті сақтандыру – 5%, төтенше жағдайлардан сақтандыру – 9%, жұмысшының өзіне тиесілі міндетті еңбегі кезіндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілін сақтандыру (ЖСАҚЖС) – 4%, автомобильдерді ерікті сақтандыру – 3%, жүкті сақтандыру – 2%, ерікті мүліктік сақтандырудың басқа түрлері бойынша – 3%, тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілін сақтандыру (ЖСАҚЖС) – 1%, азаматтық-құқықтық жауапкершілін сақтандырудың басқа түрлері бойынша (ЖСАҚЖС) –0,4% болды. 2008–2009 жылдардағы экономикалық тоқырау жағдайындағы және тоқыраудан кейінгі жылдары сақтандыру нарығының институционалды динамикасында, екінші қайтара сақтандыру сегментінің өсінде айтарлықтай ілгерілеу болмағанын көрсетеді сақтандыру брокерлер саны 17%-ға өсті, компаниялардың орнықтылығы артты (сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру Қорына қатысу есебінен). Қаржылық тоқырауға байланысты біршама шығындауға қарамастан, Қазақстанда қазіргі заманғы сақтандыру нарығының қалыптасу үрдісі жүріп жатыр.

2007 – 2008 жылдардағы әлімдік қаржы тоқырауының отандық қаржы секторына және тұтастай алғанда еліміздің экономикасына тигізген әсерінің салдары ауыр болды. Банктердің несиелік белсенділігінің төмендеуі, қазақстандық экспорттың негізі болып саналатын, шикізат ресурстарына бағаның түсіп кетуінің экономика өсімінің динамикасына

кері әсер етуі, ішкі тәуекел қауіпінің күшейуі және дәстүрлі қор құрушы көздердің айтарлықтай шектелуі – қаржы жүйесіне сенімнің сақталуын және еліміздегі қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында, шұғыл ынталандыру шараларын қолдануды талап етті.

Кесте 9 – 2011-2014 жылдардағы ҚР сақтандыру нарығының институционалды құрылымының өзгерісі

	01.01.2011	01.01.2012	01.01.2013	01.01.2014
Сақтандыру ұйымдары, оның ішінде:	40	38	35	34
• өмірді сақтандыру	7	7	7	7
• сақтандыру төлеміне кепілдік беру Қорына қатысушылар ұйымы	27	33	31	30
• шетелдік капиталы бар ұйымдар	10	8	8	8
Сақтандыру брокерлері	13	14	13	14
Актуарийлер	70	85	82	72
Ескертпе –Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің қаржылық қадағалау мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.afn.kz [44]				

2004 – 2007 жылдары жоғары қарқынмен дамыған Қазақстанның сақтандыру секторы, 2008 жылы өзінің даму қарқынын біршама төмендетті. Бұл жерде, әлемдік қаржы тоқырауының сақтандыру нарығына тигізетін әсері, қаржы нарығының басқа секторларына қарағанда күштірек екенін атап айту керек. Бұл сектордың тұрақтылығының себептерінің бірі, сақтандыру ұйымдарының негізгі табыс көзі – сақтандыру іс-әрекеттерінен түсетін табыс мөлшері болғандықтан, оларға биржадағы котировканың төмендеуі онша көп әсер ете қоймайды. Инвестициялық табыстың төмендеуі, жинақтаушы сақтандыру түрлерімен айналысатын ұйымдарға қатты әсер етеді, бірақ сақтандырудың бұл түрі біздің республикада жеткілікті дәрежеде дамымаған.

Осы кезеңдерде қолданылған шаралардың арқасында, республикада сақтандыру нарығының қаржылық тұрақтылығын сақтап қалуға мүмкіндік берді. Бұл саланың қайта қалпына келуі және белсенді түрде дамуы 2010 – 2011 жылдарда басталды. 2011 жылы жазылған сыйақының мөлшері 25,4%-ға артып, 175,5 млрд. теңгені (\$1,2 млрд.) құрады [44]. Бұндағы тәуекел қауіпінің үлкен бөлігі халықаралық және аймақтық қайта сақтандырушыларға берілді, және бұл жағдайда Қазақстанның сақтандыру компаниялары фронттаушы сақтандырушы ретінде көрінді. Бұдан басқа, кейбір еншілес сақтандыру компаниялары, өздерінің негізгі компаниясына кәптивті сақтандырушы ретінде жұмыс жасап, өзіне тәуекел қауіпінің аз ғана бөлігін қалдырады.

Қазақстан Ұлттық Банкісінің қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарын тексеру және қадағалау Комитетінің мәліметтері бойынша

еліміздің сақтандыру нарығы 2012 жылы даму қарқынын одан ары жалғастырды. 2012 жылдың 1-шылдесіне қарағанда, сақтандыру сыйақысының жалпы көлемі 99,5 млрд теңгеге жетті, бұл 2011 жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда 12,5%-ға өскенін көрсетеді.

2012 жылдың бірінші жартысында өмірді сақтандыру секторы аса қарқынды және тез дамыды. Ерікті жеке сақтандыру (өмірді сақтандыру, төтенше жағдайдан және аурудан сақтандыру, сонымен бірге аннуитенттер) сомасы 43,1 млрд теңге болды, бұл сыйақының жалпы мөлшерінің 43,3%-н құрады. 2012 жылдың бірінші жартысында өмірді сақтандыру секторы, өткен жылмен салыстырғанда 75%-ға өсті [43]. Бұл өсімді реттеудегі өзгерістермен де байланыстыруға болады. 2012 жылдың қаңтарынан бастап, жұмыс берушілердің жауапкершілігін сақтандыруға, тек өмірді сақтандырумен айналысатын компаниялармен келісім-шарт жасау арқылы ғана рұхсат етіледі. Өз кезегінде бұл «өмірден басқа» сақтандырумен айналысатын компаниялардың сыйақыларының, аффилирленген құрылымдарға, немесе арнайы өмірді сақтанумен айналысатын компанияларға ауысуына мүмкіндік берді.

Бірақ сараптау бойынша бас директор Карлос Вонг-Фупуи (Carlos Wong-Fupuy) көрсетуі бойынша, «сақтандырушылар көптеген қиындықтарға тап болады, атап айтқанда: көлік құралдары иелерінің арызымен жұмыс істеу тәртібінің өзгеруі, табиғат апаттарына байланысты мүмкін болатын шығындардың қаупі, сонымен бірге саяси тұрақсыздық қаупі. Сақтандырушылар төменгі инвестициялық кластар бойынша, жергілікті қазақ нарығында шығарылған борышкерлер қағазына иелік етеді. Бұл жағдай, сол мемлекеттегі саяси тұрақсыздық пен қаржы жүйесіндегі тұрақсыздық нәтижесінде болатын қаупты күшейтеді. Оның үстіне, сақтандырушылар тәуекел қауіпінің біраз бөлігін, рейтингі сенімсіз, болмаса рейтингі мүлде жоқ қайта сақтандыру компанияларына береді» [46]. Көрсетілген уақыт аралығындағы сақтандыру ұйымдарының даму көрсеткіштері оң бағалумен бірге, мәліметтер қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, сақтандыру түрлері мен сақтандырушылар қызметінің сапасын арттыру мақсатында қолданылған іс шаралардың тиімділігі төмен екендігін көрсетеді.

Сақтандыру ісінде халықтың белсенділігінің төмен болуын, сақтандыру компаниялары өздерінің іс-әрекеттері туралы халыққа ақпараттар жеткізу ісіне жеткілікті көңіл бөлмейтіндіктерімен түсіндіруге болады. Ағымдағы қолданыстағы сақтандырулар мен сақтандырудың жаңа түрлері туралы қажетті ақпараттар тарататын сапалы да, мазмұнды жарнамалардың жоқтығы да әсер етеді. Сақтандыру қызметіне сұраныс жеткілікті дәрежеде зерттелмеген, тұтынушылар арасында сақтандыруға деген сұранысты қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілмейді, сақтандыру қызметін пайдаланушылар арасында олардың негізгі құқылары жөнінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізілмейді.

Сақтандыру компаниялары ескеретін тағы бір жағдай – тоқыраудың келесі толқыны келу мүмкіндігін күтуге байланысты, төлем қабілеттігінің төмендеуі салдарынан, сақтандыру қызметіне деген сұраныстың төмендеу ықтималдығы. Бүгінгі күнде бұл сақтандыру нарығы үшін өте үлкен қауіп болып отыр, себебі, тоқырауға байланысты болатын ауыр жағдайды күту кезінде халықтың және сақтандыру компанияларының табыс деңгейлері тұрақты болмағандықтан, бірінші кезекте сақтандыру қызметі үшін шығын қысқартылатыны белгілі. Сақтандыру сыйақысының түсім мөлшерінің төмендеуінің бірнеше маңызды факторларын атап өтуге болады:

- өндіріс орындарының өткізілетін тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің көлемінің қысқаруына байланысты қаржылық жағдайларының нашарлауы нәтижесінде сақтандыруға арналған шығындарын қысқартуы;

- халықтың нақты табысы деңгейінің төмендеуі;

- қаржылық тоқыраудың жаңа кезеңінде халықтың қаржылық қызметке, оның ішінде сақтандыру қызметтеріне деген сенімінің азаюы. Мысалы, сақтандыру ұйымдарының жойылуына байланысты, немесе сақтандыру бойынша төлемдерден орынсыз бас тартуы, халықтың сақтандыруға деген сенім несиесін төмендетеді.

Сонымен, Қазақстандық сақтандыру нарығы толық қалыптасты деп айтуға болады. Оның негізгі даму тенденциялары бұл: сақтандыру компаниялары бірігу нәтижесінде іріленуі байқалады; сақтандыру компанияларының капитализациясы артуда; сақтандыру нарығының концентрициялануы байқалады; бағаны қалыптастырудың тепе-тең саясаты қалаптысты; қайта сақтандыру рөлі артуда; мемлекеттік қадағалаудың рөлі артты; сақтандыру компанияларының қызметінің ашықтығы артты.

Қазақстан Республикасында сақтандыру нарығын реттеу жүйесінің даму көрсеткіштері оң болғанымен, реттеу үрдісі тоқтады деуге болмайды, болашақта сақтандыру қызметінің сапасы мен сенімділігін артыруға бағытталған, мемлекет пен сақтандыру нарығына қатысушылар ара қатынасын реттеудің үлкен мүмкіндіктері бар. Осы шараларды іске асыру, тұтастай алғанда қоғамдағы өмір сүрудің сапасын жоғары деңгейге көтереді.

2.3 Қазақстандағы сақтандыру нарығын реттеудің қолданыстағы моделі

Экономиканың салалық нарығы жұмысының тиімділігі, көбінесе оның құранды институттарын реттеудің ұйымдық-экономикалық моделімен анықталады. Бірінші тарауда сақтандыру нарығын реттеудің негізгі ұлттық модельдерін қарастырдық. Сақтандыру нарығын реттеудің ұлттық моделін зерттеу барысында, нарықтың дамуының тағы бір қыры –

ұйымдастыру-экономикалық моделі бар екенін анықтадық. Осы тұрғыдан қарағанда, қаржы нарығын, оның құранды бөлігі болып табылатын сақтандыру арқылы қызмет көрсететін нарықты ұйымдастыру-экономикалық реттеудің негізгі екі моделін ашып көрсетуге болады:

– институционалды модель – әртүрлі басқару органдарының көмегімен қаржы институттарын топтарға бөліп жекелеп алып, реттеу жүргізу;

– функционалды модель. Бұл модель мына функцияларды іске асырады: нормаларда тағайындау, нарықтың дамуының негізгі бағытын анықтау, бақылау, қадағалау әртүрлі басқару органдарының көмегімен құқықтың қорғалуын қамтамасыз ету.

Қаржы нарығы дамыған елдер оны реттеудің функционалды моделін қолданады. Ондай елдердің қатарына Ұлыбритания, Германия, Жапония сияқты мемлекеттер жатады. Ал АҚШ-та, функционалды реттеудің белгісі басым болатын, реттеудің аралас моделі қолданылады.

Тиісінше, осындай қаржы нарығы бар дамушы елдерде реттеудің институционалды модель қолданылады. Қазіргі кезде қаржы нарығын реттеудің бұл моделін қолданушы елдердің қатарына Венгрия, Испания, Украина және Ресейді жатқызуға болады. Бұл елдердің реттеудің ұйымдық-экономикалық механизмдерін дамытуға, қаржы нарығының дамуын үйлестіруге бағытталған іс-әрекеттері жүргізіліп, біртіндеп реттеудің функционалды моделіне көшуге әрекет етіп жатқандарын атап айту керек.

Қазақстанда сақтандыру нарығын реттеудің институционалды модельсі қолданылады. Қолданыстағы бұл реттеу модельсін, оның құрамдас бөліктерін жүйеге келтіру арқылы қарастырайық (сурет 6). Жоғарыда айтылғандарды ескере келіп, құрамыб-ші суретте көрсетілген институционалды экономикалық ортаның дамуы өзінен өзі болмайтынын анықтауға болады. Экономикалық ортадағы ережелерді өзгерту, немесе жаңа ережелер енгізуді тек мемлекеттік өкімет органдары ғана іске асыра алады. Осылайша, біріншіден; мемлекет елдің экономикалық дамуын қамтамасыз ететін институттар құрады, немесе бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан институттарды одан ары дамытуды; екіншіден, нарықта болып тұратын «құлдыраулар» өзін өзі реттеу институтының біраз функцияларын мемлекетке беру қажеттігін тудырады.

Нарықтық қатынастағы экономиканы қолданатын елдерде, нарықтың «құлдырауымен» бірге «мемлекеттің құлдырауы» қатар жүретіні белгілі. Бұл жағдайда нарықта өзін өзі реттеу механизмдерінің қолдану қажеттігі туындайды. Өзін өзі реттеу механизмдерін қолдану қажеттігінің негізгі себептеріне мыналарды жатқызуға болады: мемлекеттік басқару органдарының салғырттығы, тез шешім қабылдай алмауы, консерватизм; мемлекеттік қызметкерлердің реттеуді қолдан шығарып алуы; әртүрлі экономикалық салалар арасындағы ақпарат алмасудың төмендеуі.

Қазақстандағы сақтандыру нарығын реттеудің моделі



Сурет 6 – Қазақстандағы сақтандыру нарығын реттеудің қолданыстағы моделі

Ескертпе – Автор құрастырған

Дегенмен, институционалды экономикалық ортаның дамуымен бірге, «институционалды тұзақтар» пайда болу қаупі туындайды. Экономикасы өтпелі кезеңдегі мемлекеттерде макроэкономикалық шарттардың күрт өзгеруі мен реформалар жасау кезінде «институционалды тұзақтар» пайда болуының ықтималдығы жоғары болады. Қазақстандық экономиканы реформалау кезінде пайда болған «институционалды тұзақтар» ретінде: бартер арқылы есеп айырысу, төлемдерден бас тарту, салық төлеуден жалтару, экономиканың барлық саласындағы жемқорлықтың асқындауын айтуға болады.

Экономика теориясында «институционалды тұзақтар» түсінігінің бірнеше анықтамалары бар. Б. Артур және Д. Норт бойынша, «институционалды тұзақ», немесе «блокировка» (ағыл. lock-in effect) – бір рет қабылданған шешімнің қолдануын жоққа шығарудың қиындығы деп есептеледі [47]. Институционалды тұзақтардың пайда болуының негізгі себептеріне үйлестіру (координация) эффектісі, оқыту қиындықтары, мәдени инерттілік, және мүдделерді күштеп енгізу (лоббирование) жатады. Үйлестіру эффектісіне, экономикалық субъект, немесе экономикалық субъектілердің аз ғана тобының бұрынғы үйреніп қалған жолынан ауытқу кезінде, жаңа нормаларға бейімделе алмау себептерінен нарықтан шығып қалуын айтады. Экономикалық субъектілердің барлығы бір мезгілде жаңа жағдайға көшуі, қоғамдық жағдайдың жақсаруына әсер етеді. Басқа эффектілер пайда болған жаңа норманы бекіте түседі.

Қазіргі кезде институционалды тұзақтан шығудың кейбір механизмдері бар. Біріншіден, институционалды тұзақтың пайда болуына ықпал ететін жағдайлардың өзі ондай қақпандардың түрін өзгертуге әсер етеді. Институционалды тұзақтан шығу үшін ұзақ мерзімге арналған түбегейлі өзгерістерді қажет ететін іс шаралар ұйымдастырылу керек және ол іс шараларды институционалды тұзақтан шыққанша жалғастыра беру керек.

Екіншіден, институционалды ортаның өзгеріске ұшырауы, институционалды тұзақтан шығу механизмдерінің өзінен өзі қалыптасуға әсер етеді. Мысалы, сақтандыру нарығындағы трансакция әрекеттерінің нәтижесі жоғары болуы бизнестің іріленуіне, қаржылық-өндірістік топтар мен сақтандыру холдингтерінің қалыптасуына әсер етеді. Нәтижесінде Қазақстандағы сақтандыру ұйымдарының саны азаюы байқалады.

Үшіншіден, экономикадағы субъектінің белсенділігі, оның нарықтағы оң бейнесін қалыптастырады. Ол өзінің іс-әрекетінде, нарықтың басқа субъектілерінің қолданып келген, тиімді даму стратегиясын пайдалануға тырысады. Уақыт өте келе, нарықта институционалды тұзақтың механизмдерін қолдануды жалғастырып келе жатқан экономика субъектілерінің іс-әрекеттерінің нәтижелері мен беделі төмендей береді және нарық талаптарына сәйкес келмейді. 90-жылдардың басында сақтандыру компаниялары салық көлемін ықшамдау саясатын жүргізіп келді. Уақыт өте келе, экономиканы реформалау, оның ішінде сақтандыру нарығын реформалау нәтижесінде, өз іс-әрекеттерінде салық көлемін қысқартуға тырысатын компаниялардың саны азая бастады. Осылайша, қалыптасқан

жүйе үшін институционалды тұзақтан шығудың тиімділігі артып, біртіндеп қалыпты жағдай орныға бастайды. Тоқырауға дейінгі тиімділігі аз әдістерден бас тарту институционалды тұзақтан шығуға ықпал етеді.

Қазақстанның сақтандыру нарығының институционалды ортасына жасаған талдаулар, ондағы өзін өзі реттеуге берілген ұйымдарда институционалды тұзақтың белгілері болатындығын көрсетеді. Өзін өзі реттеуші ұйымдардың қатарына, Қазақстан сақтандырушылар Ассоциациясын жатқызуға болады. Бұл Ассоциация корпорация ішіндегі қатынасты реттеу, сақтандырушылардың мемлекеттік билік органдары алдында мүддесін қорғау және қоғам үшін сақтандырудың маңыздылығын халық арасында насихаттау мақсатында құрылған. Қазіргі кезде Қазақстандағы 30 сақтандыру ұйымы осы Ассоциацияның мүшесі болып табылады, бұл барлық сақтандырушылар ұйымының 90%-ы. Дегенмен бұл институттың тиімділігі әлі аз болып отыр. Бұл институт белгілі бір топ сақтандырушылардың мүдделерін қорғау мақсатында құрылған және сақтандыру нарығының институционалды құрылымының дамуына айтарлықтай әсер етеді. Сақтандыру нарығының институционалды құрылымының дамуын және оның реттелуін мемлекеттік билік органдарымен қатар, өзін өзі реттеу институттары да іске асыруы қажет.

Қазақстандағы «институционалды тұзаққа» түскен сақтандыру нарығының өзін өзі реттеуінің тағы бір жүйесі – «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін Қор» Акционерлік қоғамы. Бұл қоғам, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісі Басқармасының 25.07.03 жылғы № 258 қаулысының негізінде 2003 жылдың тамызында, сақтандырушылардың мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында құрылған [48]. Алматы қаласының Әділет Департаментінде 14.08.2003 жылы тіркеуден өткен (куәлік №57331-1910-АО). Бұл Қордың құрылуы мен іс-әрекетінің құқықтық жағын реттеу үшін, сонымен бірге сақтандыру ұйымдарының Қор жұмысына қатысу шарттарын және Қордың іс-әрекеттерін бақылау принциптерін реттеу мақсатында 03.06.2003 жылы, №423-II «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін Қор туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды [49].

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісі Басқармасының ҚР 24.09.2003 жылғы №345 қаулысымен, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін Қор жұмысына қатысудың типтік келісім-шарты бекітілді. Сақтандыру компанияларының, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін Қор жұмысына қатысу үшін келісім-шарттар 2003 жылдың қараша айында басталды. 05.12.2005 жылы Қор өзінің тауар белгісін Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде тіркеуден өткізді (тауар белгісіне берілген куәлік №19398). 2008 жылдың 21 шілдесінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісі жалғыз құрылтайшы ретінде өзінің 100% акциясын сату туралы шешім қабылдап, Қорға қатысушы сақтандыру ұйымдарына 50 000 дана акциясын сатты. «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін Қор туралы» 1 Заңның 11 бабының талаптары бойынша, 2008 жылы Қор жұмысына қатысушы сақтандыру ұйымдарының, Қор акцияларын сатып алу ниетін білдіретін Меморандумға қол қойылды. Сатып алынатын акциялар саны Меморандумда

көрсетілген. Меморандумға Қор жұмысына қатысушы 31 сақтандыру ұйымдары қол қойды. 2008 жылдың 1 қазанынан Қорға қатысушы сақтандыру компаниялар акционерлер болып аталды. Сақтандыру компаниялары Қордың акционерлері болуымен қатар, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін Қор туралы» Заңға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар негізінде, қосымша функцияларға ие болды: зардап шегушінің өміріне қауіп туғызған зиянның орнын толтыру үшін төлемақы төлеу, жол көлік оқиғасына байланысты, немесе басқа да себептермен зардап шегушінің өміріне зиян келтіруден зардап шегуші қайтыс болған жағдайда оны жерлеу шығынын төлеу, егер жол көлік оқиғасына кінәлі адам оқиға орнынан қашып кетіп анықталмаған жағдайда.

Қазіргі кезде Қор сақтандырудың төменде келтірілген класстары бойынша сақтандыру төлеміне кепілдік береді: көлік иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне, тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне, туристік оператордың және туристік агенттіктің аннуитетті сақтандыруы бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне (Қазақстан Республикасының «Жұмыскердің міндетті еңбек қызметі кезіндегі төтенше жағдайлардан сақтандыру туралы» заң талаптарына сәйкес, зейнеткерлік аннуитет бойынша (Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңына сәйкес). Кепілдік беру жүйесіне қатысушы сақтандыру компанияларының саны 30. [50].

Сақтандыру нарығындағы өзін өзі реттеу механизмдері туралы тақырыпты дамыта келе, тікелей реттеу механизмдерін енгізумен, 2007 жылдағы сақтандыру заңнамаларына өзгерістер енгізуге байланысты Қазақстандағы сақтандыру омбудсменд институты айналысады.

Қазақстанда тікелей реттеу механизмдерін енгізудің алғы шарттары:

- 1) сақтандыру төлемақысын төлеуге байланысты құжаттарды қарау мерзімінің ұзаққа созылуы;
- 2) мүлікке келтірілген шығын мөлшерімен келіспеу;
- 3) сақтандыру төлемақысы мөлшеріне байланысты істің сотта қаралуы;
- 4) істің сотта қаралуына байланысты сақтандырушының, немесе зардап шегушінің көп шығынға батуы;
- 5) сақтандыру ұйымдардың беделінің төмен болуы.

Зардап шегушінің статусын көтеру және сақтандыру саласының беделін арттыру мақсатында, шығынды тікелей реттеу жүйесі енгізілген, бұл жағдайда сақтандыруға байланысты мәселелерді шешудегі басты рөлі тең құқылы екі мамандарға, яғни сақтандырушыларға беріледі.

Бұл жүйенің ерекшеліктері:

1) сақтандыру жағдай орын алған кезде, сақтанушыны зардап шегуші ретінде мойындаған жағдайда, ол төлемақыны тікелей келісім-шарт жасаған сақтандырушы ұйымнан алады.

2) сақтандырушы ұйым, сақтандыруға байланысты төлемақыны төлегеннен кейін, жол көлік оқиғасына кінәлі адамның жауапкершілігі сақтандырылған сақтандыру ұйымына талап қойып, одан сақтандыруды

реттеуге байланысты шығынның орнын толтыруды талап етеді. Кінәлінің жауапкершілігін сақтандырушы ұйым, зардап шегушіні сақтандырған ұйымнан, істі реттеудің қорытындысын алуға міндетті.

Көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, көп тарағын сақтандырулардың бірі. Осыған орай, сақтандырудың осы түрі бойынша қызмет көрсету сапасын арттыру арқылы, сақтандырушы ұйымдар сақтандырудың басқа түрлері бойынша қызметтер көрсету үшін клиенттер тартуға, сақтандырушы компаниялар арасында өз клиенттерін жоғалтып алмауы үшін сақтандыру оқиғалары бойынша реттеудің сапасын арттыруға бағытталған бәсекелестік туғызуға мүмкіндіктері бар. Сақтандыру компаниясын таңдауда, бірінші кезекте олардың қалыптасқан бейнесі, іскерлік беделі, сақтанушыларға қызмет көрсету сапасы, сақтандыру төлемақысын төлеудегі шапшаң қимылы және қаржылық тұрақтылығы ескеріледі.


Қазіргі кезде осындай сақтандыру жүйесі көптеген еуропалық елдерде қалыптасқын (атап айтқанда: Франция, Бельгия, Греция, Италия, Португалия, Испания т.б. елдер). Тікелей реттеуді толық қолданудың дамыған түрі Францияда 1968 жылдан бері іске асырылған.

Қазақстанда шығынды тікелей реттеудің механизмі қолданылуына байланысты омбудсмен институты енгізілді. Бұл арқылы, сақтандыру омбудсмен мүшелері болып табылатын сақтандырушылар арасындағы дауды, сотқа жеткізбей, келіссөздер жүргізу арқылы реттеу мүмкіндігі туды.

Сақтандыру омбудсмен институтының іс-әрекеттерін ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесі, оны қолданудың әртүрлі қырлары бар екенін көрсетті. Жекелеген елдерде сақтандыру омбудсмені мемлекеттік орган болып табылады, ал омбудсменнің өздері мемлекеттік қызметкер болып саналады, мысалы Польша, Ұлыбритания, Финляндия елдерінде. Ал кейбір елдерде (Ирландия, Германия) сақтандырушылардың ерікті бірлестігі өз беттерінше сақтандыру омбудсменін құрып, оның барлық шешімдерін орындау туралы шешім қабылдайды.

Қазақстанда сақтандыру омбудсмен институтын құрудың және оны қолданудың схемасы мына түрде:

- 1) сақтандырушылар жарналарының есебінен қаржыландырылады;
- 2) сақтандыру омбудсменнің кандидатурасын өкілетті орган ұсынады (сақтандыру омбудсменін сайлауды өкілдер кеңесі іске асырады. Өкілдер кеңесіне әрбір сақтандырушы және өкілетті орган бір-бір өкілден ұсыну арқылы құрылады);
- 3) сақтандыру омбудсмені сақтандырушыға тәуелді емес, және сақтандырушылар ара қатынасын анықтауда өз бетінше нақты шешім қабылдауға мүмкіндігі бар;
- 4) сақтандыру омбудсмені сақтандыру ұйымдарында қандай-да бір лауазымды иеленуге, және сақтандырушы ұйымның атынан әрекет етуге құқығы жоқ.



Сурет 7 – Сақтандыру дауларын шешу әрекетінің алгоритмі

Ескертпе – Сақтандыру омбудсмені сайтының ақпараты // <http://www.insurance-ombudsman.kz/rus/algorithm>

5) сақтандыру омбудсмені әріптестер штатын құруға, оған шешім қабылдауға көмек көрсететін эксперттер, секретарлар алуы мүмкін;

6) Сақтандыру ұйымдары сақтандыру омбудсменінің шешімін орындайды. Егер олар шешіммен келіспеген жағдайда сотқа жүгінуге құқылары бар.

7) Сақтандыру омбудсменінің іс-әрекеттері, өкілдер кеңесі бекіткен және өкілетті органмен келісілген ішкі ережелер бойынша реттеледі [50].

Қазақстандағы сақтандыру ұйымдарының сақтандыру төлемақылырын төлеу мәселелері бойынша арыздарын тікелей реттеудің тәжірибелеріне жасалған шолу 1 Қосымшада көрсетілген.

Бүгінгі күні Қазақстанда тікелей реттеуді іске асырудың бірнеше мәселелері бар. Мысалы, сақтандыру туралы келісім бұзуға дейін одан ары ұзарту және түзетулер мен толықтырулар енгізу қиындығының мәселесі. Осыған орай, сақтандыру бойынша төлемақы төлеу технологиясын енгізу, идеал жағдайда сақтандыру туралы жаңа келісім-шарт жасаумен аяқталуы керек. Қазақстанда бұл облыс бойынша технология сақтандыру ұйымдарын тек ішкі есепке алу мәселесімен айналысады. Клиентке қызмет көрсету сервисі туралы қандай-да бір прогресс байқалмайды. Бүгінгі күнгі клиент сақтандырушыдан төлемақы ғана күтіп қоймай, сонымен бірге өмірдегі күрделі қиындықтардан шығу үшін де көмек күтеді. Бұл облыстағы технологияны түбегейлі жетілдіру керектігі анық.

Сонымен бірге, сақтанушы мен сақтандырушы ұйымдардың, немесе сақтандырушы ұйымдардың ара қатынасында пайда болатын құқықтық қатынас мәселесін шешу сұрақтары да бар. Қазақстан Республикасындағы кейбір сақтандыру ұйымдарында қазіргі кезде ситуациялық менеджмент қызметі кездеседі, кейбіреулеріне бизнес жүйелері енгізілген, сапа менеджменті бойынша сертификат алған компанияларда айтылған бизнес жүйелер жұмыс істеп жатыр. Сақтандыру компанияларының басым көпшілігінде шығынның орнын толтыруды реттеу процестері ситуациялық менеджментпен жүргізіледі, басқаша айтқанда, компанияда қалыптасқан дәстүр бойынша, немесе кейбір бөлім басшыларының іс-әрекеттерінде қалыптасқан принциптер бойынша жүргізіледі. Көпшілік жағдайда олардан «мен компанияға келдім де, барлық жұмысты өзіме бағындырып алдым», немесе «жұмысты өзіме ыңғайлы түрде жүргізуді енгіздім» деген сөздерді естуге болады. Ондай басшының пайдасынан зияны көп. Барлық жұмысты өзіне бағындырып алған басшы кейбір құжаттарды өзіне ыңғайлы бағытта өзгертеді, адамдардың орындарын жиі ауыстырып, наразылық білдергендерді жұмыстан босатады, орнына жаңа адамдар қабылдап, жоғарыдағы басшыларға «бәрі дұрыс» деп баяндаумен болады. Бірақ ол келгенге дейінгі жұмыстағы мәселелер сол күйінде шешілмей қалады. Одан ары кінәлілерді басқа бөлімдерден іздеу басталып, мәселе тұйықталады және оны үзу оңайға түспейді. Қазақстандағы көптеген сақтандыру компаниялары өздерінің аймақтық құрылымдарында шешілмеген мәселелер екенін мойындайды, олар төлем құжаттарын дұрыс жасай алмайды, құжаттың дайындауды ұзаққа созып кешіктіреді немесе заңгерлер төлем құжаттарын қарауды ұзаққа созып,

төлемақы төлеуді кешіктіреді, бухгалтерия төлеуді созып, ол туралы төлем департаментіне хабарлауды ұмытып кетеді, нәтижесінде төлем департаменті мен клиент арасында түсініспеушіліктер туындайды. Осындай мәселелер көптеген сақтандыру ұйымдарында орын алғанын жоққа шығаруға болмайды. Сақтандыру оқиғасын әдеттегі реттеу мәселелеріне, енді тікелей реттеудің мәселелері келіп қосылады.

Жоғарыда келтірілген мәселелерді пайда болу себептері төмендегідей:

- реттеуге қатысушылардың ара қатынастары толық анықталмаған, немесе мүлде жоқ, яғни компанияның ішкі құжаттары реттелмеген, кімге қандай құжаттарды қандай күйде, қай мерзімге беру керектігі реттелмеген;
- құрылымдардағы реттеулер мүлде жоқ, немесе бір-біріне қарама-қайшы келеді, лауазымдық қызметтік нұсқаулар жоқ, немесе олар көз бояушы ретінде дайындалған;
- құжаттар жүргізудің бірыңғай формалары және құжаттар алмасу стандарттары жоқ.

Осылардың бәрі сақтандыру компанияларында нақты анықталған технологиялық процесс жоқ екендігін көрсетеді.

Жақсы ойластырылған технологиялық үрдісті қалыптастыру оңай шаруа емес, кейбір жағдайда өте қымбатқа түсуі мүмкін, бірақ бұл шығын еселеп қайтарылады. Жүйені тиімді реттеудің технологиясын қалыптастыру үшін, басшы алдымен компанияда орныққан процесті қайта қарап талдауы керек, жаңа процесті «не істеу керек» деген принципті басшылыққа ала отырып енгізу керек. Бұл ауыр жұмысты қолға алмас бұрын, осыған дейін қол қойылған бизнес процестердің негізінде, жаңа бизнес жүйе құру керектігіне бірінші басшының көзін жеткізу керек, себебі бірінші басшының қолдауынсыз, бұл жұмыстың «пайдалы әсер коэффициенті», ең ары кеткенде 50%-дан аспайды.

Сақтандыру ісінде өзін өзі реттеуші ұйымдардың пайда болуының алғы шарттарын, сақтандыру арқылы қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып жасау керектігі заңды, экономиканың бұл саласында өзін өзі реттеу процесін жасаған мемлекеттің өмір сүруінің объективті себептері болып табылады.

Соңғы он жылдың көлемінде, біздің елімізде сақтандыру нарығына өзін өзі реттеу институтын енгізу туралы пікір талас жүріп жатыр. Экономикалық категория ретінде сақтандырудың басты мақсаты, жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүддесін кездейсоқ жағдайлардан қорғау болып табылады. Кез келген кәсіпкер сияқты, сақтандырушының негізгі мақсаты табыс табу екендігі белгілі. Осылайша, сақтандыру нарығында мақсаттары бір-біріне қайшы келетін екі құрылымның, мемлекеттік реттеу мен өзін өзі реттеу механизмдердің бірігуі байқалады.

Өзін өзі реттеу мен мемлекеттік реттеудің бірігуі, экономикалық категория ретіндегі сақтандыру нарығының негізгі мақсатына жетуін реттеудің жалпы жүйесін құрайды, сонымен бірге, сақтандыру нарығының және, оның институционалды құрылымының дамуына әсер етеді.

Мемлекеттік реттеу болмаған жағдайда, сақтандырушылардың мүдделері сақтанушының мүддесінен жоғары қойылуы мүмкін, себебі отандық сақтандыру нарығында сақтандыру мәдениетінің әлі де төмен, сақтандыру мәселелеріне келгенде сақтандырушының әрекеті, сақтанушының әрекетінен басым болып жатады.

Осыған байланысты мемлекеттік реттеу болмаған жерде сақтандырушы өз іс-әрекетін сақтанушының мүдделері ескерілмеген, сақтандырушының мүддесін қорғайтын келісім-шарттарға сүйеніп жүргізеді.

Сақтандырушы ұйымдарда мемлекеттік реттеу болмаса, немесе жеткілікті дәрежеде болмаған жағдайда, сақтандыруды реттеу органының нормативтері бойынша құрылған, сақтандыру міндеттемелерін орындауға арналған сақтандыру қорындағы қаражатты дұрыс пайдаланбауы мүмкін. Сақтандыру индустриясындағы кейбір жауапкершілігі жоқ өкілдер бұл қаражатты заңсыз табыс табу көзіне айналдыруы мүмкін, ол үшін сақтандыру төлемдерінің көлемін қысқарту, сақтандыру міндеттемелерінің орындалу мерзімін созу сияқты басқа да заңсыз әрекеттерге баруы мүмкін.

Мемлекет тарапынан реттеу болмаған жағдайда, отандық сақтандыру ұйымдары сақтандыру инфрақұрылымдарды дамытуға қызығушылық танытпайды. Сақтандыру нарығына қатысушы субъектілердің іс-әрекеттерін сипаттайтын ашық ақпараттық базаның құрылуы бұған айқын мысал бола алады.

Сақтандырушылардың бұл мәселені шешуге құлық танытпауының бірнеше себептері бар, мысалы, сақтандыру саласында алаяқтықтың көбеюі, бәсекелестіктегі күрестің күшейуінен қорқу, құпия мәліметтердің жарияланып кетуі және компанияда IT жүйесін дамытуға байланысты қаржылық шығынның артуына байланысты болуы мүмкін.

Сақтандыруда өзін өзі реттеу ұйымдарының пайда болуының алғы шарттарын, сақтандыру ісінің ерекшелігі тұрғысында талдап көрейік, сондай-ақ, экономиканың осы саласында өзін өзі реттейтін мемлекеттердің пайда болу себептерін қарастырайық.

Сақтандыру саласындағы алаяқтық оқиғасының азаюы, азаматтар тарапынан сақтандыру ісіне сенімнің жоғарылауы, тек қана сақтандыру келісім-шарттары туралы, сақтандырушылар туралы, сақтандыру объектілері туралы, сақтандыру жағдайлары бойынша төлемақылардың төленуі жайында толық ақпаратты жариялайтын бірыңғай база болғанда мүмкін болады. Сақтандырушылардың тиімді іс-әрекет етуі үшін жоғарыда аталған жағдайлар бойынша жалпыланған статистикалық ақпарат беруі, бәсекелестікке қабілетті сақтандыру тарифтерін құру, сақтандыру ісіне қатысушылардың қаржылық-шаруашылық жұмыстары жайлы ақпараттар жариялануы керек. Бұл, өз кезегінде, болашақ сақтанушылардың өзіне тиімді сақтандырушыларды таңдауына көмектеседі.

Сақтандырушылар тарапынан бұл мәселелерді шешуге бағытталған шаралар көптен бері қолданылып келеді (мысалы, көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды міндетті ету сияқты), бірақ, өкінішке орай, ол шаралардың тиімділігі аз болып отыр. Бұл жағдайларда

аталған мәселелерді шешу үшін, қадағалаушы органдары мен мемлекеттік билік органдарының белсенді араласуы арқылы сақтандырушыларға шешім табуға міндеттеуі керек.

Сақтандыру қатынастары мен сақтандыру бизнесінің ерекшеліктерін ескере отырып, сақтандыру нарығында өзін өзі реттеуші ұйымдардың пайда болуының алғы шарттары, біздің ойымызша төмендегі мәселелерге байланысты:

Сақтандыру нарығының, бір, немесе бірнеше сақтандыруға қатысушының іс-әрекеттеріне үлкен тәуелділігі, яғни сақтандыру қызметін сапасыз атқаруға байланысты нарыққа қатысушы қатысушылардың арасында сенімсіздік пайда болуы, немесе сақтандыру саласына деген сенімнің жоғалуы.

Азаматтардың сақтандыру қызметіне сенімін жоғары деңгейде ұстап тұру қажеттілігі, сақтандырушылар одағы тарапынан алаяқтықпен қызмет көрсететін компаниялардың әрекетіне маманданған шектеу қоюға мәжбүрлейді, сонымен бірге, тұтынушылар арасында, олардың құқықтарын қорғайтын сенімді құрылымдар құруға ынталандырады. Бұндай жағдайлар шетелдік тәжірибелерде көрінеді.

Сонымен бірге, сақтандырудағы және басқа жағдайлардағы дауларды реттеу үшін жұмсалатын шығынның көлемінің үлкен болуы, осындай шығындарды азайтудың жолын іздеуге мәжбүрлейді. Ондай жолдардың бірі, әртүрлі келістіруші механизмдер құру, оның ішінде медиация институтын құру, сақтандырушылар арасындағы, сонымен бірге сақтанушылар арасындағы дауларды реттейтін билік сотын құру болып табылады.

Тәуекел қаупі жоғары сақтандырулар жасау қажеттілігі, көпшілік жағдайда жеке сақтандыру компаниясының қаржылық мүмкіндігінен жоғары болатын сақтандырулар жасау, сақтандыруда ерекше ара қатынасты қалыптастыратын пулдар мен қайта сақтандырулар жасауға мәжбүрлейді.

Тәуекел қаупі жоғары сақтандырулар жасау барысында, үлкен қаржы қорын қажет ететін сақтандыру операцияларының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін сақтандырушы және қайта сақтандырушы ұйымдар арасында сақтандыру жауапкершілігін бөлісу мақсатында, сақтандыру пулдары жасалуы мүмкін. Тәуекел қаупі жоғары сақтандырулар жасау қажеттілігі, қайта сақтандыру қызметінің пайда болуына, сақтандырушы мен қайта сақтандырушы өзара келісіп, ортақ ойын ережелерін қабылдауға ықпал етеді. Қайта сақтандырудың түрлері мен әдістерінің көп болуы, іскерлік қатынаста мейлінше ашық және сенімді әрекет ету ережелерін жасауға, осы ережелер негізінде әртүрлі сақтандыру ұйымдар бірлестігі іскерлік кодекс этикасын қабылдауға мәжбүр болады.

Сақтандыру ісіндегі алаяқтылықтың тұрақты жоғары деңгейде болуы, оған қарсы тұру үшін сақтандыру нарығына қатысушы мамандардың күш біріктіріп шара қолданулары арқылы ортақтасып күресуін қажет етеді. Мысалы, сақтандырушылардың бірлестігі тағайындаған ақпараттар беру стандарттары негізінде бірыңғай ақпараттар базасын құру, берілетін

ақпараттың көлемі, ақпарат беруді міндеттеу, қатысушылардың еркін ақпарат алу мүмкіндігі, т.б. сақтандырушылардың бірігуін талап етеді.

Сақтандыру нарығында қолдануға ұсынылған ережелер мен іс-әрекеттер стандарттарын, сонымен бірге, тұтынушылардың талаптарына сай келетін сақтандыру өнімдерін таңдауын және пайдалануын жеңілдететін, сақтандырудың типтік ережелер жасау керек.

Сақтандырудың типтік ережелерінің болуы, нарыққа қатысушы барлық ойыншылар үшін оның шарттарын күштеп енгізу деп түсінбеу керек, бірақ олар нақты сақтандырушыға қатысты, оның мүдделерін ескеретін келісімдер жасауға түркі болатын салыстырмалы базаның негізі деуге болады.

Сақтандыру операциялары туралы ақпараттардың ерекшеліктеріне байланысты сақтандыру нарығына қатысатын әрбір қатысушының, өзінен басқа маманданған қатысушылардың көпшілігінен мәліметтер алу мүмкіндігі. Сақтандыру компанияларының сапалы сақтандыру статистикасына деген мұқтаждығы –сақтандыру теориясының аксиомасы болып табылады, уақыт өте келе бұл сақтандыру бірлестіктерінде ақпараттық қажеттілікке айналады. Сақтандыру нарығына қатысушылардың қаржылық-шаруашылық іс-әрекеттері туралы ақпараттар жинап, өндеп сақтау арқылы сақтандыру қызмет көрсету нарығындағы ақпараттық ашықтық деңгейін көтеруге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде, инвестициялық тартымдылығын арттырып, сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы ақпараттық теңсіздікті азайтады, сөйтіп сақтанушының тиімді сақтандыру компаниясын таңдауына мүмкіндік береді.

Сақтандыру арқылы қызмет көрсету саласында маманданған қызметкерлердің жетіспеуі, тәуекел қаупын бағалау және андеррейтинг үшін басқа салалардан мамандар тартып, оларды мамандыққа оқытуды ұйымдастырып, өздері дайындаған бағдарламалар мен әдістер арқылы, немесе сыртқы білім беру орталықтарының көмегімен компания қызметкерлерінің мамандық деңгейлерін көтерумен ұдайы айналасуды талап етеді. Сыртқы оқыту орталықтарын сақтандырушылар одағы құруы мүмкін, бұл сақтандыру нарығындағы қазіргі кездегі қалыптасқан нақтылай жағдайға сүйеніп білім беруді қамтамасыз етеді. Германиядағы, Франциядағы және Ұлыбританиядағы сақтандыру саласындағы білім беруді ұйымдастыру тәжірибесі, сақтандыру саласындағы білім бері стандарттарын жасау үшін сақтандырушылар одағына сүйенетінін көрсетіп отыр.

Біздің ойымызша, сақтандыру нарығында өзін өзі реттеу институтын қалыптастыруда Қазақстан экономикасы мен құқығының ерекшеліктеріне негізделген алғы шарттарды қарастыру керек. Атап айтқанда, сақтандыруды қадағалауды ұйымдастыру мен сақтандыру ұйымының мүддесін қорғауды сөз етуге болады.

Сақтандыру ұйымының мүддесін қорғауға қатысу. Әрине, бұл саладағы іс-әрекеттер кәсіпкерлер бірлестіктеріне тән, экономиканың барлық салаларында кездеседі. Бірақ Қазақстан жағдайында, «қазіргі кездегі төлем қабілеттігіне сүйеніп қалыптасқан ерікті сақтандыру мүддесін қорғау үшін, міндетті сақтандыруға көшіру болып отыр». Бұл орайда, сақтандырушылар

одағының міндетті сақтандырудың жаңа түрлерін енгізуге және бұрын енгізілген түрлерін сақтап қалуға бағытталған іс-әрекеттерін мысалға келтіруге болады. Сонымен бірге, біздің ойымызша, қолданыстағы қазақстандықсақтандыру заңдылықтарының кемшіліктері ретінде, сақтандыру нарығына қатысушы субъектілердің іс-әрекеттерін реттейтін,сақтандыру нарығының нормативтік-құқықтық актілеріне алдын ала терең сараптама жасамайтындығын көрсетуге болады. Өз кезегінде сақтандырушылар бірлестігі, мамандардың пікерлерін жинақтап, онымен мемлекеттік органдардың санасуына ықпал етеді.

Қазіргі кездегі сақтандыру нарығының даму деңгейіне, оған қызмет көрсететін техникалық кадрлардың деңгейі сәйкес келе бермейді, сондықтан оларды жетілдіру керектігі көрінеді, сонымен бірге, сақтандыру нарығын реттеу мен қадағалау қызметінің біраз бөлігін олардан жоғарыдағы бірлестікке беруге тура келеді. Сақтандыру нарығын реттеу мен қадағалау қызметінің маңызды деп саналатындары мемлекеттік органдарда қалуы керек. Бұған мысал ретінде, көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру (АҚЖС) нарығын келтіруге болады.

Өзін өзі реттеудің алғы шарттарын санап шығу, сақтандыру нарығының реттеуге қабілеттілігін ғана көрсетеді. Әрбір құбылыстың оң нәтижелерімен қоса, теріс жақтары да болатыны белгілі. Сондықтан өзін өзі реттеу механизмін енгізуден бұрын, одан болатын теріс нәтижелерді болдырмау, немесе оларды мейлінше азайту жағы терең талдану керек. Мысалы, нарыққа қатысушы ірі ойыншылардың, түрлі ұйымдық-құқықтық механизмдерді бұрмалау арқылы өз үстемдігін жүргізуге қарсы тұру үшін антимонополиялық органдардың рөлін арттыру керек. Қазіргі кезде отандықсақтандыру нарығында ірі олигархтар пайда болды.

Қазақстандық сақтандыру нарығында, өзін өзі реттеу институтын енгізудің қажеттілігін көрсететін алғы шарттар көрініс таба бастады. Өзін өзі реттеу институтын енгізу мен оның әртүрлі механизмдерін қалыптастыру, мемлекеттік билік органдары мен қадағалау органдарының қатысуымен іске асырылады.

Сақтандыру институтының ерекшеліктерінен туындайтын, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу мен өзін өзі реттеудің ара қатынасы мен шекарасын анықтап алу қажет: сақтандыру қорын құруды талап ететін – міндетті сақтандыру түрлері; институционалды тұзақтың пайда болу ықтималдығын арттыратын, заң шығару деңгейіндегі күрделі де қажетсіз формалды институттар; сақтандыру қызметін пайдаланушылардың құқықтарын қорғау қажеттілігі.

Өзін өзі реттеу мен мемлекеттік реттеудің, сақтандыру нарығын реттеудің жалпы жүйесіне бірігуі, экономикалық категория ретінде сақтандырудың негізгі мақсаттарының орындалуына, жалпы алғанда оның институционалды құрылымына әсер етеді.

Халықаралық нарықтағы қолданылып келе жатқан сақтандыру нарығын реттеудің ағымдағы моделін, реттеу деңгейіне қарай, халықаралық реттеу, аймақтық реттеу және ұлттық реттеу деп үшке бөлуге болады.

Қазақстанның аймақтық деңгейдегі интеграциялық процестерге белсене араласуының нәтижесінде, көрсетілген үш реттеудің ішінде біз үшін аймақтық деңгейдегі реттеу мәселерін шешу маңызды және кезек күттірмейтін мәселе болып саналады.

Қазақстандағы сақтандыру нарығын дамытудың өзекті сұрақтарының ішіндегі маңыздылары болып, Біртұтас Экономикалық Кеңістікке (БЭК) қатысушы елдердің сақтандыру нарығының даму тенденциясы, апаттар мен ірі шығындар болу қаупы, жергілікті нарық мәселелерін шешудің әлемдік тенденциясы, қайта сақтандыру нарығының даму тенденциясы, сақтандыру бизнесіндегі міндетті медициналық сақтандыру және ақпараттық технология, жергілікті сақтандыру нарығын дамытуға кедергі келтіретін факторлар және олардың БЭК көлемінде бірлесулері саналады. Қазіргі жағдайда аталған мәселелерді, кез келген мемлекет өз бетінше шеше алмайды, бірлескен экономикалық әрекет қажет. Сақтандыру нарығын дамыту мақсатында, ерікті және міндетті түрдегі сақтандырулар түрлерін іске асыру әрекеттерінің бағыттары анықталуы керек. Оның ішінде, көптеген мемлекеттерде сақтандыруды дамытудың өзегі болып табылатын – өмірді сақтандыруға қатты көңіл бөлінуі қажет.

Сақтандыру нарығының инфрақұрылымының сенімділігін, оның іс-әрекетінің тиімділігін арттыру үшін, мемлекеттік сақтандыруды қадағалау ісінің түрлері мен әдістерін бір жүйеге келтіріп, қадағалау тиімділігін арттыру керек. Интеграциялық процестердің жүруіне орай, сақтандыру нарығы көлемін ұлғайтып, экономикалық тұрғыдан алғанда сақтандырушылар үшін тиімділігі арта түседі. Өкіметтің заң жобаларын жасау іс-әрекеттері бойынша Комиссиясы, Еуроазиялық экономикалық одаққа (ЕурАзЭО) кіретін мемлекеттер үшін ортақ сақтандыру нарығын құру жөніндегі заң жобасын мақұлдады. Бұл заң жобасы, ЕурАзЭО-ға кіретін мемлекеттердің, 2009 жылдың 27 қарашасында Минскіде қол қойылған, «Протокол ережелері бойынша, сақтандыру саласындағы интеграциялық процестерді дамыту және сақтандыру нарығына қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында, Еуроазиялық экономикалық одаққа (ЕурАзЭО) кіретін мемлекеттердің ортақ сақтандыру нарығын құруының халықаралық құқықтық негіздерін» белгілеген Протоколды ратификациялауды ұсынады.

Протокол сақтандыру іс-әрекеттеріне қатысушы жақтардың заңнамаларының халықаралық стандарттарға сәйкес келуін және сақтандыруды қадағалаудың халықаралық тәжірибесіне сүйене отырып іс жүргізуге әсер етеді. ЕурАзЭО-ға кіретін мемлекеттер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын лицензиялаудың ортақ ережесін тағайындайды, жарғылық капитал құрудың, төлем қабілеттігін анықтаудың және қаржы тұрақтылығын анықтаудың ортақ талаптарын бекітеді. Сақтандыруға қатысушы жақтар, тәуекелге байланысты қауіпті қайта сақтандыруға резидент еместерге бере алады, ЕурАзЭО кеңістігіндегі сақтандыру қызметін пайдаланушылардың құқықтарын қорғай алады. Протоколды ратификациялау және оны қолданысқа енгізу, ЕурАзЭО-ға кіретін

мемлекеттердің заңнамаларын бір қалыпқа келтіруге, сондай-ақ, инвесторларды қорғаудың ортақ жүйесін жасауға мүмкіндік береді. ЕурАзЭО-ға кіретін мемлекеттер жақын арада ұсынылған заң жобасын талқылайды. ЕурАзЭО құрамына Ресей, Белорусия, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан кіруі мүмкін. Сонымен бірге, Молдавияға, Украинаға және Арменияға бақылаушы статусы берілуі мүмкін. [52].

2013 жылдың басында мемлекет аралық сақтандырушылар бірлестігі – сақтандыру ұйымдарының Еуразиялық Конгресін (СҰЕК) құру жөніндегі ұйымдастыру шаралары аяқталды, оның құрамына Кедендік Одақ мүшелері үш елінің сақтандырушы компаниялары, сонымен бірге, Қазақстанның қаржыгерлер Ассоциациясы, Ресейдің сақтандырушылар ұйымының Одағы, және Белорусияның сақтандырушылар Одағы кірді.

Сақтандыру ұйымдарының Еуразиялық конгресі (СҰЕК) Кедендік Одақ аймағында бірыңғай сақтандыру нарығын құру жобасын жасауға кірісті. Бірыңғай сақтандыру нарығы 2019 жылға қарай құрылады деп жоспарлануда. Оған дейін бірыңғай сақтандыру нарығының алғы шарттары жасалып, заңнамалар үйлестірілуі керек, және сақтандыру компанияларына қойылатын талаптар анықталуы керек.

Конгрестің бірінші жобасы, трансшекаралық сақтандыру мәселесін шешу болды. Бұл жоба бойынша авто тасымалдаушылардың жауапкершілігін сақтандыру мәселесі шешіліп, олардың шекараларды кесіп өту кезінде туындайтын қиындықтарын жойды. Ол үшін заңнамалық нормаларға аз ғана өзгертулер енгізу жеткілікті болды. Мысалы, автокөлік иелерінің міндетті сақтандыру келісім-шарттарына толықтырулар енгізіліп, оларды өзара мойындау, және сатып алу арқылы шекараны еш қиындықсыз кесіп өтуге мүмкіндік береді.

Бірінші кезеңде Кедендік Одаққа кіретін елдердің заңнамаларын, сақтандыру компаниялары мен қаржы нарығына кіретін басқа да қатысушыларға қойылатын нормативті талаптарды сәйкестендіру керек болады. Бұл үшін алғашқы кезде бірыңғай қайта сақтандыру периоды жасалып, сол уақыт ішінде қайта сақтандырушылар үшін бірыңғай талаптар бекітіледі, нәтижесінде Қазақстан мен Белорусияда қайта сақтандыру арзанға түсетін болады. Қазіргі кезде, сақтандырушылардың рейтингіне, капиталына, сақтандыру қорын құруға қойылатын талаптар әртүрлі болғандықтан, Қазақстан мен Белорусияның сақтандырушылары Ресейде қайта сақтандырыла алмайды, немесе керісінше.

Кедендік Одаққа кіретін үш елдердің заңнамаларын сәйкестендіру арқылы, Қазақстан сақтандырушылары Ресейде қайта сақтандыру нарығына қатыса алады, бірақ бүгінгі күні бұндай қайта сақтандыру жолы Қазақстан үшін жабық болып тұр. Сонымен қатар сақтандыру тарифтері төмендейді. Әлжановтың көрсетуі бойынша «Қазақстандағы авто сақтандыру тарифтерінің Ресейдікіне қарағанда айтарлықтай айырмашылығы бар. Мысалы, Ресей территориясына кіретін қазақстандықтар үшін тариф 15 мың теңге болса, керісінше Қазақстанға кіретін ресейліктер үшін тариф небары 250 теңге құрайды» [53]. Қазіргі кезде шекараға жақын аймақтардағы

сақтандырушылар мәселелері талқылануда. Тарифтерді үйлестіргеннен кейін, Кедендік Одаққа кіретін үш елдер үшін бірыңғай полис енгізілетін болады.

2015 жылға қарай Конгресс бірнеше маңызды мәселелерді шешуді жоспарлап отыр: Кедендік Одақ шеңберінде үш елдердің сақтандыру нарығын интеграциялау, олардың бәсекеге қабілеттігін арттыру, Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру қарсаңында ортақ сақтандыру нарығын қалыптастыру. Қазақстанның сақтандыру нарығындағы қатысушылардың саны үш миллион адам деп бағаланады, ақшаға шаққанда 30 миллиард қана теңгені құрайды. Сарапшылардың пайымдауынша, бұл жағдайда республикаға шетелдік конкуреттерді тарту мүмкін емес. Қазақстанның сақтандыру нарығы баяу да болса, дұрыс жолмен дамып бара жатыр. Ерікті сақтандыру даму шегіне жетті. Сарапшылар жақын арадағы екі-үш жыл ішінде сақтандырушылар саны күрт өспесе де, сақтандыру ісінің кең қанат жаятынын болжайды. [54].

2013 жылдың шілдесінде Қазақстанның сақтандыру нарығы өткен жылдардағы тұрақты өсім тенденциясын көрсетті. Сақтандыру нарығының жинақты сақтандыру (қайта сақтандыру) активтерінің көлемі 2013 жылдың 1-тамызында 516,4 миллиард теңгені құрады, яғни бір айдағы өсім көрсеткіші 3,1% болды, ал жыл басындағы 16,7% көрсеткішпен, немесе бір жыл бұрынғы 21,4% көрсеткішпен салыстырғанда аз, бірақ өсім тенденциясы сақталған. Активтердің өсімі негізінен салымдарды тиімді орналастыруға байланысты болды, нәтижесінде активтер 12,5%-ға өсті, құнды қағаздардың өсімі – 9,6%, қайта сақтандыру активтері – 16,0%-ға өсті. [55].

2013 жылдың бірінші тоқсанында Ресей федерациясындағы сақтандыру нарығының өсу қарқыны төмен болды. Егер 2012 жылдың 1-тоқсанындағы нарықтың өсімі 25,3% болса, қарастырып отырған уақыт аралығындағы өсім көрсеткіші небары – 12,8%-ды құрады, яғни өсім қарқынының екі есеге жуық төмендегенін көреміз. Ағымдағы жылдың қаңтар – наурыз айларындағы нарықтың өсімін анықтаған сақтандыру түрлері мыналар болды: өмірді сақтандыру, төтенше жағдайлар мен аурудан сақтандыру, кәсіпкерлік ісіндегі тәуекел қалпынан сақтандыру және міндетті сақтандыру (соңғының ішіне азаматтық жауапкершілікті сақтандыру(АҚЖС) кірмейді. Бұл жерде, кейінгі жылдары сақтандырудың тез дамып келе жатқан секторларының жалпы сыйақы мөлшерінің ішіндегі үлессалмағы онша көп еместігін атап өту керек, ол секторларды өзішіндегі өсім көрсеткіштері (33%-дан 55%-ға дейін) қомақты болғанымен, жалпы сақтандыру нарығының өсім көрсеткішіне айтарлықтай үлес қоса алмайды [56].

Белорусияның сақтандыру нарығысалыстырмалы түрде онша үлкен емес, сақтандыру қызметінің түрлері де көп емес. Белорусияның сақтандыру компаниялары 2012 жылы сақтандыру жарнасын жинаудағы өсім көрсеткішін, 2011 жылмен салыстырғанда 76,4%-ға арттырды және Белорусияның сақтандырушылар ассоциациясының мәліметтері бойынша – 285,7 миллион АҚШ долларын құраған. Белорусияның сақтандырушылар ассоциациясының мәліметтері бойынша, соңғы үш жыл ішінде ғана сақтандыру нарығындағы шетелдік капиталдың көлемі 60 пайызға өскен

және оның өсімі жалғасуда. Егер 1010 жылы Белорусияның сақтандыру нарығында шетелдік капиталы бар небары 8 компания жұмыс істеген болса, кәзір олардың саны 13-ке жеткен. Сондай-ақ, аса ірі шетелдік инвестор компанияларының ішінде Россияның үш компаниясы бар, олар: АҚ «СК Белросстрах» (группа РЕСО), АҚ «Росгосстрах» (Росгосстрах тобы, Ресей нарығындағы ірі ойыншы болып саналады). Ресейдің аса ірі топ-5 компанияларының ішіне кіретін сақтандыру компанияларының әрқайсысының клиенттерінің саны және қаржысының көлемі Белорусияның барлық сақтандыру компанияларының көрсеткіштерінен бірнеше есе артық. Мысалы, 2012 жылғы Росгосстраха компаниясының сақтандыру арқылы жинаған қаржысы 3 миллиард долларды құраса, көлемі Белорусияның барлық сақтандыру компанияларының жинаған қаржысы небәрі 520 миллион долларды құраған [57].

Бүгінгі таңда Конгресс Кедендік Одаққа кіретін үш мемлекеттің ортақ сақтандыру нарығын қалыптастыру бағытындағы «Жол картасын» жасауды бастады. Бұл бағыттағы іске асырылған алғашқы проект ретінде, авто тасымалдаушылар үшін қиындық туғызып келген транс шекаралық сақтандыру мәселесін айтуға болады. Егер қазір авто тасымалдаушы шекараны кесіп өту кезінде, оның жауапкершілгін сақтандыру мәселесі қиындық туғызатын болса, бұл саланы реттейтін заңнамаларға аздаған өзгерту енгізу арқылы бұл мәселені шешуге болады. Мысалы, авто көлік иелерін міндетті сақтандыру келісім-шарттарына енгізілетін толықтыруларды Кедендік Одаққа кіретін мемлекеттердің мойындауы жеткілікті болар еді, және бұл Одақ көлеміндегі шекараларды қиындықсыз кесіп өтуге мүмкіндік берер еді.

Сақтандырудың жаңа түрлерін енгізу: тасымалдаушылардың жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру, қауіпті нысандарды сақтандыру, жұмыс берушілердің жауапкершілігін сақтандыру және басқа түрлі сақтандыруларды Бірыңғай экономикалық кеңістік елдерінің біреуінде енгізу, Бірыңғай экономикалық кеңістікке кіретін басқа елдердің заңнамаларына айтарлықтай өзгерісенгізуді талап етеді. 2015 жылға қарай Конгресс бірнеше маңызды мәселерді шешуді жоспарлап отыр: Кедендік Одаққа кіретін үш мемлекеттің ортақ сақтандыру нарығын қалыптастыру, олардың бәсекеге қабілеттігін арттыру, Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруге үш мемлекеттің сақтандыру нарығын дайындау т.б. Сонымен бірге үш елдің сақтандыру компанияларына жоғары дәрежеде маманданған кадрлар дайындауды қолға ала бастады.

Қазіргі кезде үш елдің сақтандырушылары алдында, ішкі заңнамалық шектеулердің себебінен ішкі және сыртқы қайта сақтандыру бойынша кедергілер тұрғанын мойындау керек. ЕКСО президенті, ОСАО «РЕСО-Гарантия» ұйымының Директорлар Кеңесінің Төрағасы Сергей Саркисовтың айтуы бойынша, «Сақтандырудың жаңа түрлерін енгізу: тасымалдаушылардың жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру, қауіпті нысандарды сақтандыру, жұмыс берушілердің жауапкершілігін сақтандыру және басқа түрлі сақтандыруларды Бірыңғай экономикалық кеңістік елдерінің

біреуінде енгізу, Бірыңғай экономикалық кеңістікке кіретін басқа елдердің заңнамаларына айтарлықтай өзгеріс енгізуді талап етеді» деп есептейді [52].

Қазіргі кезде әлемнің шамамен 60 мемлекетінде қаржы жүйесін реттеудің ортақ органдыры бар. Олардың ішіне Германия, Австрия, Норвегия, Дания және т.б. мемлекеттер кіреді.

Мега реттеуші жүйесін енгізу, елдердің қаржы нарығының өзінің жоғары дәрежеде интегралдануын талап етеді, мысалы, банк мекемелері таза банкке тән қызметтер көрсетумен бірге, сақтандыру істері бойынша және зейнеткерлерге байланысты қызмет түрлерін көрсетеді. Міне осы жағдайда, реттеудің бірнеше органдарын бір ғана реттеуші органмен алмастыру тиімді болатыны түсінікті. Бүгінгі таңда Қазақстандағы банктерді, инвестициялық және сақтандыру компанияларын біріктіру, жүйелі түрде жүргізілмейді, керісінше кездейсоқ оқиға ретінде қарастырылады.

Қазақстанда қаржылық реттеудің бірыңғай органын құрудың бірнеше қосымша мәселелері, оның ішінде, нарыққа қатысушылар (мысалы, сақтандыру және инвестициялық компаниялар) арасындағы мүдделер қайшылығы нәтижесінде туындайтын дауларды айтуға болады. Нарыққа қатысушылар арасындағы қорлар (инвестициялық және ресурстар бойынша) мөлшерінің айырмашылығы, қадағалау органдарының сәйкессіздігі, т.б. сұрақтар бар. Осы айтылғандардың барлығы, мемлекет пен бизнестің өзара әсерлесу моделінің орнықсыз болуына әсерін тигізеді, бір жағынан реттеудің түрлері мен оның өкілеттігін арттыру керек болса, екінші жағынан бақылаудың тиімділігін азайтады.

Реттеудің жаңа моделін енгізу үшін шетелдік тәжірибелерді терең зерттеп, олардың реттеу әдістемесі мен реттеу әдістерін қабылдау керек. Бұл халықаралық сақтандыру қызметтерін көрсететін нарыққа кіру үшін және Қазақстанның 2014 – 2015 жылдар аралығында Бүкіл Әлемдік Сауда Ұйымына мүше болуға дайындалу тұрғысынан алғанда аса қажет.

Жасалған талдаулар, сақтандыру қызметін көрсететін нарықты мемлекеттік реттеудің мына көрсетілген түрлерін дамытудың қажеттілігін көрсетеді:

- 1) тәуекел қаупын басқару жүйесі (EU Solvency II Directive негізінде);
- 2) тиімді сақтандыру заңнамаларын жасау;
- 3) интеграция жасау мен мәжбүрлі қадағалау арасындағы тепе-теңдікті ұстап тұру;
- 4) өзін өзі реттеудің тиімді институттарын құру;
- 5) сақтандыру нарығындағы ақпараттың жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету [11].

Қазақстан Республикасында сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу жүйесінің даму қарқыны жақсы болғанымен, жүйені құру процесі әлі аяқталған жоқ. Олай болса, мемлекет пен сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы ара қатынасты одан ары жетілдіру бағытында кең көлемдегі жұмыстар жүргізудің мүмкіндіктері мол. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар сақтандыру арқылы қызмет көрсетудің сапасы мен сенімділігін арттыруға, соның нәтижесінде бүкіл қоғамның өмір сүру деңгейін көтеруге

бағатталуы керек.

Жоғары айтылғандарды қорытындылай келе, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеуде біршама табыстарға қол жеткізілгенін атап айту керек. Бірақ жаһандану үрдісі жүріп жатқанда және сақтандыру нарығында бәсекелестіктің өршіп тұрған кезінде сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің механизмдерімен бірге, өзін өзі реттеу әдістерін де кеңінен қолдану керек. Қазақстандағы сақтандыру нарығын реттеуді жетілдірудің негізгі бағыттары келесі тарауда қарастырылады.

3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫН РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

3.1 Қазақстандағы қаржылық қадағалаудың біріктірілген моделін жетілдіру

Өткен ғасырдың 80-жылдары Швецияда, Норвегияда және Данияда қаржылық қадағалау мен реттеудің ұжымдық түрін енгізу үшін алғашқы қадамдар жасалды. 1999 жылы Сидней қаласында қаржылық қадағалау мен реттеудің ұжымдық түрін енгізушілердің бірінші халықаралық кездесуі болды. Оған Ұлыбритания, Австрия, Канада, Корея, Жапония, Норвегия, Сингапур, Дания, Швеция елдерінің өкілдері қатысты.

Қаржы жүйесінде бұрыннан белгілі органдардан бөлек реттеуші жаңа органның пайда болуына, қаржы жүйесіндегі әртүрлі элементтердің бәріне ортақ көптеген қаржылық құралдарының пайда болуы себеп болды, олар: инвестициялық қорлар, мемлекеттік емес зейнетақы қорлары, құнды қағаздардың нарығы, сонымен бірге, банк мекемелері.

Бұлардан бөлек, қаржы жүйесіндегі барлық құрылымдар арасында корпоративті байланыстар күшейе бастады. Алғашқы кездері банктер сақтандыру компанияларын тұтынушыларға қосымша қызмет көрсетудің құралы ретінде құрылған. Қазақстанның тәжірибесінде осы сияқты мысалдарды көптеп келтіруге болады. Қазақстандық коммерциялық банктер өздерінің құамында аффилирленген және еншілес компаниялар құру арқылы қаржы қызметінің барлық кешенді түрін көрсететін ұйымдар құрды.

Соңғы жылдары сақтандыру компаниялары потенциалдарының қарыштап дамуы, олардың өздерінің банктерін құруларына мәжбүр етті. Мысалы, Франциядағы біраз ірі банктер сақтандыру жүйелері арқылы құрылған.

Батыс елдерінің нарығында банк қызметін көрсету ісі басқа да қызмет көрсету түрлерімен, атап айтқанда сақтандыру, кеңес беру қызметтері арқылы біріккен. Қызмет көрсетудің мұндай әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы пікір таластыруға болады, бірақ бұл жүйе батыс елдері нарығында қалыптасқан және белсенді түрде дамып келеді, сондықтан бұл жүйені бірыңғай қаржы нарығының құралы деп қабылдау керек.

Сақтандыру ісін мемлекеттік қаржы жүйесінің ажырамас бір бөлігі ретінде қарастыру – сақтандыру нарығының ауқымды көлемде дамуының басты шарттарының бірі.

Несиенен қамтамасыз ету, сақтандыру, қаржылық реттеу, салық салуды реттеу, әлеуметтік сақтандыру салалары, жалпы алғанда, мемлекеттің өмір сүруін қамтамасыз ететін экономикалық механизмдер болып табылады, және оларды мемлекеттік басқару машинасының бірыңғай бөлігі ретінде қарастыру керек. Сонымен бірге, бұл механизмдер, әрқайсысы өзіне тән мәселелерді шешумен айналысып жатқан, әртүрлі мекемелердің құзырында болып келеді. Қаржы нарығында табысты қызмет атқару үшін жоғарыда көрсетілген қаржы элементтерін, бір-бірімен байланысқан біртұтас жүйе

ретінде қарастыру керек, яғни оның бір элементінің жұмыс істеу параметрін анықтау кезінде, оның басқа элементтерінің жұмысына қалай әсер ететінін анықтап алу керек. Осылайша, бір-бірімен тығыз байланысқан қаржы қызметін көрсететін қаржылық нарықта бірыңғай реттеуші болуы талап етіледі.

Біртұтас мемлекеттік органның қаржылық қадағалау мен реттеуді ұжымдық түрде ұйымдастыруы – объективті қажеттілік болып табылады. Тек қана осылайша, біртұтас блоктың жалпы күйін талдау арқылы, оның құрамындағы барлақ элементтердің өзара әсерлесе отырып дамуының бағдарламасын жасауға болады.

Ұжымдық қаржылық қадағалау мен реттеудің көптеген органдары, несиелік ұйымдардың, банктік емес инвестициялық мекемелердің және сақтандыру компанияларының ағымдағы заң талаптарын орындауын, олардың төлем қабілеттілігі бар немесе жоқ екенін анықтайтын орган болып табылады.

Бұл органдардың іс-әрекетін қаржыландыру, ұйымдардан жиналатын жарналардың есебінен іске асырылатынын, яғни бюджет арқылы қаржыландыруға тәуелсіз екенін атап айту керек. Жиналған қаржы есебінен, әрбір реттелетін ұйымның көлеміне қарай, олар техникалық жағынан қамтамасыз етіледі. Бұл орган мемлекеттік болмағанымен, Өкімет алдында есеп беруге міндетті.

Қазіргі кезде шамамен әлемнің 60 елдерінде қаржылық жүйені реттеудің біртұтас органдары құрылған. Олардың ішінде Германия, Австрия, Мальта, Норвегия, Дания сияқты мемлекеттер бар.


Қазақстандағы сақтандыру нарығының институционалды ортасына жүргізілген талдаулар, қаржылық бақылау жүйесінде институционалды тұзақтар белгісінің бар екенін көрсетеді. Атап айтқанда, қаржы нарығын реттеудің орталықтанбаған моделінен реттеудің ұжымдасқан түріне көшу, (яғни, нарықтың барлық секторларына, бірде-бірін қалдырмай, банктік, инвестициялық және сақтандыру секторларына «мегареттеуші» концепциясын енгізу) бірқалыпты жүргізіліп жатқан жоқ.

Мегареттеуші жүйесін енгізу, алдымен қаржы нарығының өзінің жоғары дәрежедегі ұжымдасуын талап етеді, мысалы, банк жүйесі, таза банктік қаржы қызметінен басқа, сақтандыру, сонымен бірге зейнетақы жүйесі бойынша қызмет көрсетумен де айналысулары керек. Міне, осы жағдайда ғана реттеудің бірнеше органдарын бір ғана реттеуші органмен алмастыру жақсы нәтиже береді.

Сақтандыру нарығының институционалды құрылымы – сақтандыру қызметін құру, ұйымдастыру және сол арқылы қызмет көрсететін ұйымдасқан-құқықтық және ұйымдасқан-экономикалық нормалар (институционалды орта). Нормалар мен ережелерді сақтандыру қызметін көрсететін маманданған ұйымдар, мемлекеттік және халықаралық реттеу органдары (оргқұрылымдар) іс жүзіне асырады (8-шы сурет).

Сонымен, институционалды тұрғыдан қарағанда сақтандыру нарығын оның құрамды элементтерін жүйелеу деп есептеу керек. Институционалды

нарықтық ортаның дамуы, оның ұйымдастырушы құрамды бөліктерінің қатысымен іске асады. Сақтандыруға қатысты қабылданған, немесе жаңадан жасалған «ойын ережелерін» өзгерту туралы пікірді сырттан (халықаралық органдар мен ұйымдар), немесе іштен (мысалы мемлекеттік органдар, сақтандырушылар ұйымы, қоғамдық көпшілік) білдіруге болады, бірақ шешімді тек қана үкімет органдары қабылдайды. Нарықтық реттеу қызметінің біраз бөлігін мемлекетке беру, жаңа институцияны құру және оған қолдау білдіруді тек үкімет қана іске асыратынығымен байланысты. «Нарықтың кемшіліктері» мәселесін (тым артық мөлшерде пайда табуға ұмтылу, тәуекелді қауіпті жағдайға бейім болу, кең көлемді жоспарлаудың болмауы, әлеуметтік жауапкершіліктен қашу және т.с.с. мәселелелер) тек үкімет органдары шешеді.



Сурет 8 - Институционалдық орта мен сақтандыру нарығының ұйымдық құрылымның өзара әсерлесуі

Ескертпе – Автор құрастырған

Бұл жерде мемлекет «жеке билеуші» болмайды және бола да алмайды, себебі, экономикада объективті түрде болатын «реттеудің құлдырауы» (басқару жүйесінің икемсіздігі, ақпарат кеңістігіндегі ауытқулар, жемқорлыққа үйіспелі және тағы да басқалар) өзін өзі ішкі реттеуді қажет ететін институциялардың болуын талап етеді. Бірақ экономикалық институционалды ортаның дамуына кедергі келтіруші экстерналиялар, «институционалды тұзақтар» – тиімділігі шамалы, бірақ тұрақты түрдегі нормалар кері әсер етеді [53].

Қазақстанда қаржылық реттеудің біртұтас органын құру, нарыққа қатысушылар арасында олардың мүдделерінің қарама-қайшылықтарын туғызуы мүмкін (мысалы, сақтандыру және инвестициялық компаниялар арасында), қаржы қорларының біркелкі болмауы (мысалы, қаржылық және

ақпараттық ресурстар бойынша), нарыққа қатысушылар мен қаржылық қадағалау органдары арасында болатын қайшылықтар, мемлекет пен бизнес арасындағы өзара әсерлесу моделін орнықсыз етеді. Бір жағынан алғанда реттеуші органдардың өкілеттілігінің артуы, екінші жағынан алғанда бақылаудың тиімділігін кемітуі мүмкін.

Реттеудің жаңа моделін енгізу үшін шетелдік қаржы нарығының іс-тәжірибелеріне терең талдау жасап, олардың сақтандыру саладағы қаржылық реттеулерінің әдістемесі мен әдістерін қабылдау керек. Бұл, Қазақстанның 2014 – 2015 жылдар аралығына жоспарланған Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруін ескере отырып, сақтандыру нарығындағы қызмет көрсетудің халықаралық нарығына шығу үшін қажет. Жүргізілген талдаулар, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің ұлттық жүйесінің мына элементтерін дамыту керек екендігін көрсетеді:

1) тәуекел қаупін басқару жүйесі (EU Solvency II Directive негізінде); 2) тиімді сақтандыру заңнамаларын жасау; 3) интеграция жасау мен мәжбүрлі қадағалау арасындағы тепе-теңдікті ұстап тұру; 4) өзін-өзі реттеудің тиімді институттарын құру; 5) сақтандыру нарығындағы ақпараттың жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету [59].

Қазақстан Республикасында сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу жүйесінің даму қарқыны жақсы болғанымен, жүйені құру процесі әлі аяқталған жоқ. Олай болса, мемлекет пен сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы ара қатынасты одан ары жетілдіру бағытында кең көлемдегі жұмыстар жүргізудің мүмкіндіктері мол. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар сақтандыру арқылы қызмет көрсетудің сапасы мен сенімділігін арттыруға, соның нәтижесінде бүкіл қоғамның өмір сүру деңгейін көтеруге бағытталуы керек.

Бұл жөнінде Ұлыбритания мысалынан модель алуға болады. 1998 жылы, Англия Банкі мен Қаржы Министрлігі арасындаға келісім бойынша, Англия Банкісінің бір бөлімшесінің негізінде қаржылық қадағалау және реттеу бойынша Департамент құрылған. Жаңа құрылғын органның іс-әрекеттері қол қойылған келісім бойынша анықталады. Департамент Ұлыбритания территориясы аумағындағы барлық инвестициялық, қаржы және банк компанияларының іс-әрекеттерін қадағалауға және реттеуге жауапты болып бекітілді. Бірінші кезеңде Англия Банкісінің банктердің және қаржы нарығындағы қадағалау іс-әрекеттері Департаментке берілді.

Жаңа құрылған ұйым, бұрын Ұлыбритания қаржы нарығында өз беттерінше жұмыс жүргізіп келген, тиімділігі шамалы өзін-өзі реттеуші және жай ғана реттеуші ұйымдар жүйесінің жұмыстарын алмастырды. Кейіннен оған төмендегі ұйымдардың да іс-әрекеттері жүктелді:

– Құнды қағаздар мен инвестициялар Кеңесінің жұмысы (Securities and Investment Board, SIB);

– Инвестициялар басқаруды реттеу ұйымының жұмысы (Investment Management Regulatory Organization, IMRO);

– Құнды қағаздар мен фьючерстерді басқару жұмысы (Securities and

Futures Authority, SFA);

– Жеке инвестицияларды басқару жұмысы (Personal Investment Authority, PIA);

– Құрылыс жүргізуші қоғам комиссиясының жұмысы (Building Societies Commission);

– Өзара несиелеу қоғамының іс-әрекеттерін бақылау комиссиясының жұмысы (Friendly Societies Commission);

– Несиелік одақтар регистрлері мен өзара несиелеу қоғамының регистрлері жұмысы (Registry of Friendly Societies);

– Қазынашылықтың сақтандыру дирекциясының жұмысы (Insurance Directorate of HM Treasury).

Ұлыбритания қаржы нарығын реттеу органдарында болған құрылымдық өзгерістер, қаржы нарығы дамуының объективті тенденциясын көрсетеді. Дамудың қазіргі сатысындағы банктер мен инвестициялық компаниялардың іс-әрекеттері әмбебап сипатқа ие бола бастады, нарықтың әртүрлі салаларындағы тәуекел қауіптері араласып кетті десе де болады. Сондықтан біртұтас реттеуші және қадағалаушы органның болуы логикалық тұрғыдан түсінікті.

Реформаны іске асырудың маңызды бөлігі – өзара түсіністік меморандумына қол қою болды. Соның нәтижесінде, қаржылық реттеу мен қадағалау Басқармасы және Англия Банкі мен Қазынашылық арасындағы іс-әрекеттері мен жауапкершіліктері нақты белгіленді. Бұл келісімге қол қою, реформаны іске асырудан бір жыл бұрын болғанын айту керек.

Қаржылық реттеу мен қадағалау Басқармасы қаржы институттарында норматив талаптарының орындалуын қадағалауға жауапты болды және компаниялардың қаржылық жағдайларын талдайды, қиын жағдайға тап болған компанияларға санкция қою әрекеттерімен айналысады.

Егер қаржы нарығында, немесе оның қандай-да бір секторында тұрақсыздық қаупі туындаса, Англия Банкі араласып, туындаған қиындықтарды шешу және қосымша капиталдар тарту үшін мемлекет өкілдерін іске қосу мүмкіндіктерін қарастырады. Мемлекет тарапынан қаржыландыру керек болған жағдайда мәселе Қазынашылыққа беріледі. Келісім шеңберінде Комитет құрылып, ол ай сайын өздерінің мәжілістерін өткізеді.

Халықаралық валюта қоры британдық қаржы жүйесінің жұмысын талдай келе, біртұтас реттеушінің іс-әрекетіне жоғары баға берді.

Әлемдік қаржы нарығының тәжірибелерін зерттеу арқылы, Қазақстандағы қаржы нарығын қадағалаудың ұжымдасқан моделінің іс-әрекеттерін жетілдірудің негізгі бағыттарын атап көрсетуге болады:

– пруденциалды қадағалау арқылы қаржы жүйесіне сенімділікті сақтап қалу, қаржы ұйымдарын жеткілікті мөлшерде капиталмен қамтамасыз ету және тәуекел қаупін басқара білу;

– халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, қаржы жүйесінің жұмысымен таныстыру, әртүрлі қаржы өнімдерін және қызметін

пайдаланудан түсетін табыстар мен тәуекел қауіптерін түсіндіру;

- халықтың мүддесін қорғау бағытында жұмыстар жүргізу;
- қаржы саласындағы алаяқтықпен күрес жүргізу.

Реформа жүргізу барысында Швеция, Дания, Швейцария, Австрия сияқты мемлекеттердің және басқа да мемлекеттердің іс-тәжірибелері кеңінен қолданылды. Ұлыбритания қаржы нарығының мамандары әлемдегі алдыңғы қатардағы тәжірибелерді қабылдады.

Скандинавия түбегіндегі елдер біртұтас реттеуші органдарды енгізу арқылы, оларды қаржыландыруда, бұрынғыға қарағанда көп мөлшерде қаржы үнемдеуге қол жетізетінін алға тартады.

Әлемдік тәжірибеде қаржылық қадағалау мен реттеудің бірлескен органдарын басқару, қаржыландыру, есепке алу және есеп беру тәсілдерінің әртүрлі механизмдері кездеседі. Скандинавия елдеріндегі агенттіктер өкіметтік емес мекеме ретінде Қаржы Министрлігі немесе Экономика Министрлігі құрамында өз жұмыстарын жүргізеді. Агенттіктердің іс-әрекетінің негізгі параметрлері заң арқылы анықталған.

Агенттіктер ісінің ашық болуы – бұл ұйымдардың бірден бір және міндетті шарттарының бірі. Ашықтық олардың іс-әрекеттеріне мемлекет пен халық тарапынан сенімге ие болуының кепілі.

2003 жылы Францияда Қаржы Нарығы Басқармасы (AMF) құрылды. Бұл Басқарма бірнеше қаржы нарығын реттеушілердің: Биржа операциялары бойынша Комиссияның, Қаржы нарығы бойынша Кеңестің, Қаржы нарығындағы заңдылықты қадағалау Кеңесінің бастарын қосты. Құрылған Басқарма толық жауапкершілігі және дербес қаржысы бар, тәуелсіз, көпшілікке арналған ұйым болып табылады. Ол банктік және сақтандыруды қадағалауды реттеушілермен бірігіп жұмыс жүргізеді (тиісті банктік және сақтандыру нарығын қадағалау Комитеттерімен бірге).

Германияда ұзақ жылдар бойы бірлескен реттеуші механизмдері болмаған, бірақ олар да Федералдық қаржы қызметін көрсетуді іске асырды, нәтижесінде сақтандыру нарығын, банктік, зейнеткерлік және басқа да қаржылық қызмет көрсетушілердің іс-әрекеттері бірыңғай реттелетін болды. Федералдық ұйымы Қаржы Министрлігіне бағынышты болғанымен, дербес қаржылық мекеме ретінде жұмыс жүргізеді.

Испанияда функционалдық реттеу механизмі қабылданған. Сақтандыру іс-әрекеттерін, сақтандыру бойынша Бас директор реттейді. Бірақ бірнеше салалырды біріктіретін ұйымды реттеу барысында, ұйым ішіндегі қай сектор басым болса, сол сектордың реттеушісі басты рөл атқарады.

Ұлыбритания еліндегі қаржы нарығы әлемдегі заңды түрде ең дамыған жүйе ретінде қабылданады. Оның жұмысы қаржылық жаңашылдықпен, қызмет көрсету сервисін жоғары дәрежеде ұйымдастырумен, тарихи қалыптасқан либералды экономикасымен және саяси ортасымен ерекшеленеді. Қаржы нарығын бірлесе реттеуге қарай бағытталған қозғалыс 1997 жылдан басталды. 1999 жылдан бастап, Financial Services Authority (FSA) барлық қаржы секторларын, оның ішінде сақтандыру секторын қоса

бақылауды іске асыра бастады. Ағылшын мега реттеушілері басшыларының пікірі бойынша, Financial Services Authority (FSA) жұмысы халықаралық қаржы нарығы тәжірибесінде тексерілген және мақұлданған деп есептеледі. Бұл модельдің ерекше екі артықшылығын атап көрсетуге болады, біріншіден, нарықтық ортадағы өзгеріске дер кезінде көңіл бөлуі, екіншіден, жұмысының тиімділігі.

Канадада 1987 жылдан бастап қаржы институттарын басқару Директораты (OSFI) жұмыс істейді, бірақ банк ісі мен сақтандыруды қадағалау, бірлескен ұйымның құрамында болғанымен, әрқайсысы өз беттерімен әрекет етеді. Бұл жерде канадалық қаржы нарығында монополияның ықпалы өте күшті екенін атап өту керек.

Австралияда 1992 жылы Қаржылық реттеушілер Кеңесі құрылған. Оның құрамына салалық төрт қаржы реттеушісі тең құқылы түрде кіреді. Бірақ ол 1998 жылы The Australian Prudential Regulation Authority (APRA) басқаруындағы бір ұйыммен алмастырылды. Бұл ұйым, құнды қағаздар нарығы мен инвестициядан басқа, барлық қаржы нарығын реттеумен айналысады.

Америка Құрама Штаттарында қаржылық реттеу мәселелері жеке штаттарда шешіледі, бұл жөнінен АҚШ басқа мемлекеттерге ұқсамайды. Бірақ соңғы жылдарда қаржылық қызметтерге байланысты даулардың көбеюі, қаржы нарығындағы секторлардың өкілеттіктерін ажырату керек деген ұсыныстар көбейе бастады, атап айтқанда Федералдық қор жүйесі мен ақша айналымын бақылаушы арасындағы, Құнды қағаздар және биржа бойынша Комиссия мен Биржадағы жедел сауда Комиссиясы арасындағы өкілеттікті ажырату туралы сөз болып отыр. АҚШ та реттеуші органдарды бірлестіру бағытында қозғалыс жасап келеді.

Жапонияда 1998 жылдан бастап, бір ғана реттеуші орган – The Financial Supervisory Agency (FSA) жұмыс жасап келеді.

Келтірілген мысалдардан қаржылық реттеу мәселесіне бірыңғай көзқарастың жоқ екенін көреміз. Барлық жағдайларды талдай келе, реттеу механизмдерінің бірде біреуіне басымдық беруге болмайтыны анықталды. Бірақ дамыған елдердегі ірі қаржы нарықтарында біртұтас реттеуші құруға бағытталған талпыныс басым екенін айту керек, бұл жерде бір ғана қаржы реттеушісі, немесе өзара келісім негізінде құрылған, бірнеше тәуелсіз реттеушілердің бірлестігі туралы сөз болып отыр. Бұндай процестің жүруіне, жалпы нарықтағы тенденция, атап айтқанда, жаһандану үрдісі, функционалдық бірлесу және қаржылық инновация себеп болып отыр.

Біздің ойымызша, Қазақстандағы сақтандыру нарығын жетілдіру бағытындағы жұмыстар үшін, өзін өзі реттеу мен мемлекеттік реттеуді қатар жүргізудің оптималды түрі тандап алынуы керек деп есептейміз.

Өзін өзі реттеуді, сақтандыру нарығындағы ішкі ұйымдастыру үрдісінің бір бөлігі ретінде қарастыру керек, сонымен қатар, өзін өзі реттеудің мағынасы, мемлекет өз құзырындағы реттеу функцияларының біраз бөлігін арнайы құрылған органдарға беру деп түсіну керек, сондықтан оны

мемлекеттік реттеудің бір бөлігі деп есептеу керек. Қазақстанда қазіргі кезде өзін өзі реттеуді іске асыру үшін қажетті шарттар толықтай жасалған жоқ.

Өзін өзі реттеуді енгізу үшін қойылатын талаптардың бірі, сақтандыру ұйымдары, сақтанушылардың арыздары мен талаптарын қарайтын ұйым құруы болып табылады. Сонымен қатар, ұлттық экономиканың ерекшеліктеріне қарай, Мемлекет қадағалау құқығын өз құзырында қалдырады. Сонымен бірге, қадағалаушы органдарды қаржыландыру, қадағалануы тиіс төменгі ұйымдардың есебінен жүргізіледі, қадағалау қызметінің іс-әрекеттерінің жалпы принциптері мемлекеттік басқару органдары ретінде құрылады.

Қазақстандық сақтандыру нарығы дамыған елдердегі сақтандыру нарығын құру мен оны реттеудің көптеген моделдері мен шешімдерін қабылдады. Олардың ішіндегі бастылары ретінде төмендегілерді атауға болады: сақтандыру іс-әрекетін лицензиялау Еуро Одақ директивалары негізінде жүргізіледі; сақтандырушылардың жарғылық капиталының мөлшеріне қойылатын талаптарды жеке қарастыру; сақтандырушылардың бухгалтерлік есеп шотының арнайы бағдарламасы; сақтанушылардың активтерін орналастыру ережелері және ұзақ уақыт қолданыста болып тексеруден өткен басқа да тәжірибелер қабылданады. Және бұл шет елдік нормативтерді көз жұмып қабылдай салу болмауы керек, оларды қазақстандық экономиканың жағдайына бейімдестіру арқылы қабылдау керек.

Сақтандыру іс-әрекеттерін мемлекет тәрпынан реттеудің басты мәселесі, жалпы мемлекеттік мәселелер тұрғысынан алғанда, қаржы нарығының нақты саласы үшін бірыңғай тәртіппен қарау болып табылады. Мысалы, антимонополиялық заңнамалар бір компанияның немесе бірнеше тұлғалар тобының монополия құруына жол бермеу арқылы, сақтанушылардың мүддесін қорғайды.

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығының ерекшелігі, ірі мемлекеттік сақтандыру компанияларын және қайта сақтандыру компанияларын құру арқылы сақтандыру іс-әрекеттеріне мемлекеттің араласуын қамтамасыз етуде болып саналады. Осылайша, сақтандыру ісінде мемлекеттік және коммерциялық кәсіпорындарда салыстырмалы бәсекелестікті қалыптастыру арқылы сақтандыру нарығының дамуына жанама түрде әсер етеді.

Әлемдік экономиканың жаһандануы кезінде және халыққа бір мезгілде түрлі қаржылық қызметтер көрсететін қаржылық қауымдастықтар (қаржылық супермаркеттер) құрылып жатқан жағдайда, сақтандыру ұйымдарын біріктіретін бірлестіктер ішінде бір-бірінің акцияларын иелену жағдайы, түрлі банктер, зейнетақы қорлары және басқа да қаржылық институттар пайда болуы мүмкін. Қарама-қарсы жақтардың бір-бірінің акциялары мен активтерін иеленуі бірлестіктердің қаржылық тұрақтылығын төмендетіп, олардың төлем қабілеттігіне нұқсан келтіруі мүмкін. Бұндай жағдай тұтастай қаржы нарығын ортақтасуын, мемлекет алдына қаржылық

қадағалау органдарының құрылымын қайта құру мәселесін қоюды талап етеді.

Қаржы нарығын мемлекеттік реттеудің (бұдан кейінгі жерлерде өзін өзі реттеудің) басты мақсаты сақтандырушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау болып табылады. Қаржы нарығындағы халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, төмендегі әдістерді қолдануға болады: сақтандыру компанияларының қаржылық қиындықтарға тап болуының «алдын алу» әдістері, жеке сақтандыру компаниялары банкротқа ұшыраған (төлем қабілеттігі төмендеген) жағдайдасақтанушылар шығынның орнын толтыратын қор құру, ондай компаниялардың портфельдерін сенімді сақтандырушы компанияларға беру.

Қайта сақтандыруды реттеудің тиімділігін арттыру. Осы мақсатта әлемдік қайта сақтандыру нарығын реттеудің бірыңғай стандарттарын енгізу керек, бұл жерде әртүрлі мемлекеттер қайта сақтандыруға әртүрлі көзқарас білдіретінін және әртүрлі заңдар арқылы бекітілгенін айту керек.

Қайта сақтандыруды заң талаптарына сәйкес реттеуді іске асыру үшін төмендегі шараларды қолдану керек: ішкі нарықтағы қайта сақтандыруды, тәуекел қауіп мөлшеріне және сақтандыру объектісіне қарай топтарға жіктеп, міндетті қайта сақтандыру үшін квота белгілеу; бір компания, немесе бір едің компаниялары үшін (ұлттық немесе шетелдік) қайта сақтандырудың шегін белгілеу; экономикалық қажеттілік болмаған жағдайда, тәуекел қауіпін қайта сақтандыруды шет елге беруді тоқтату; болашақта мемлекеттің қатысу мүмкіндігі бар, қуатты жалпы ұлттық қайта сақтандырудың акционерлік компаниясын құру, онда тәуекел қауіпінің біршама бөлігі міндетті түрде қайта сақтандырылуы керек; сақтандырушы компанияның өзінде ұстап қалатын қаржысының ең аз мөлшері анықталу керек.

Ерікті түрде сақтандыру келісім-шарттарын жасауды мемлекет тарапынан ынталандыру үшін, сақтандырудың қандай-да бір түрімен айналысуға рұқсат беру (лицензиялау) кезінде жауапкершілікті сақтандыруды міндетті сақтандырумен теңестіру керек. Заңды және жеке тұлғалардың жауапкершіліктерін сақтандырудан түсетін жарна, олардың салық төлеуге міндеттелген жалпы табысынан шығарылып тасталуы керек.

3.2 Сақтандыруды реттеудің ақпараттық жағынан қамтамасыз етілуін жетілдіру

Сақтандыруды реттеуді ақпараттық жағынан қамтамасыз ету – бұл сақтандыруды қадағалау органдарының қолдануына қажетті, сақтандыру субъектілерінің іс-әрекеттерін талдау үшін арнайы ұйымдастырылған және жарамды ақпараттық ресурстар жиыны, техникалық құралдар және бағдарламалармен қамтамасыз ету жолдары.

Ағымдағы нормалардың орындалуын қадағалап отыру үшін, есеп беру мен есепке алудың айқын ережелеріне негізделген, тиімді ақпараттық жүйелер жасаудың маңызы зор.

Сақтандыру ұйымдарының барлық іс-әрекеттері ақпараттық жағынан қамтамасыз етілуі керек. Сондықтан, сақтандыруды қадағалау органдырын ақпараттық жағынан қамтамасыз ететін жүйе құру – сақтандыру ұйымдарының іс-әрекеттеріне оперативті мониторинг жасау және тиімді қадағалау үшін қажетті маңызды мәселелердің бірі болып саналады.

Сақтандырудың бірыңғай мәліметтер базасы (СБМБ) 2008 жылдан бастап, яғни Қазақстан Республикасының «Көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті түрде сақтандыру туралы» Заңына түзетулер мен толықтырулар енгізілген сәттен бастап жұмыс істей бастады. Біздің ойымызша, бұл енгізілген жаңалық, сақтандырудың осы түрінің дамуының жаңа кезеңі болып табылады. Қазақстанда құрылған сақтандырудың бірыңғай мәліметтер базасы – кеңестік республикалар кеңістігіндегі жасалған алғашқы сәтті тәжірибелердің бірі болды.

Қазақстан Республикасының 2000 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» Заңына енгізілген түзетулерге сәйкес, мәліметтер базасын құру және жүргізу Ұйымы құрылу керек болды. Бұл Ұйым, коммерциялық емес, ұйымдық-құқықтық түрде құрылған Акционерлік қоғам болып саналады. Ұйымның негізгі іс-әрекеттері:

- 1) ақпараттар жинау;
- 2) сақтандыру бойынша есеп берулерді құру және өткізу. Есеп берудің мазмұны мен, оған қойылатын талаптар, ағымдағы Заң мен Қазақстан Республикасының міндетті сақтандырулардың түрлері туралы заңнамалар актілері арқылы бекітілген;
- 3) сақтандыру статистикасын құру;
- 4) Қазақстан Республикасының міндетті сақтандырулардың түрлері туралы заңнамалар актілеріне сәйкес[21], міндетті сақтандыру туралы келісім-шарт бойынша сақтандыру төлемақылары автоматты түрде есептеледі.

ҚР Қаржылық Қадағалау Агенттігі заңнамаларына (сол кездегі негізгі реттеуші) өзгертулер енгізуге байланысты, сақтандырудың бірыңғай мәліметтер базасы (СБМБ) құру және жүргізу үшін конкурс жарияланды. Оператор ретінде, сол кездегі реттеушінің талаптарына сәйкес келетін, қажетті бағдарламамен қамтамасыз ете алатын ЖШС «Ақтуарлық статистикалық бюро» тандап алынды. Атап айтқанда, ұйым өз іс-әрекеттерінде төмендегідей талаптарды орындауға міндетті болды:

- 1) ақпараттық жүйелер мен мәліметтер базасын қауіпсіз жерде сақтай алатындай техникалық мүмкіндіктері мен арнайы орындары болу керек;
- 2) мәліметтер базасын орналастыру үшін қажетті ақпараттық жүйелер құру мен пайдалану барысында, көрсетілген ақпараттық жүйелерді қорғау үшін қолданылатын құрал-жабдықтар сертификатталған және бағдарламалық жағынан қамтамасыз етілген болу керек;
- 3) ұйымның бағдарламалық-техникалық жағынан қамтамасыз етілгені, оның ішінде, ұйымның өз іс-әрекеттерінде ақпараттық, коммуникациялық жүйелер мен технологияларды падаланатыны жөнінде жыл сайын аудиторлық тексеру өткізілуі керек;

4) Қазақстан Республикасы заңнамаларында және (немесе) келісім-шарт бойынша көрсетілген талаптар негізінде ақпараттар беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы талаптарды орындау керек [21].

Алғашқы сәттен бастап, сақтандырудың бірыңғай мәліметтер базасы (СБМБ) – сақтандыру нарығы инфрақұрылымының маңызды элементі екенін және СБМБ-ны басқару, реттеушінің қатысуымен, барлық қатысушылардың қолдарында болу керектігін түсінді.

2010 жылы реттеушінің шешімімен, сақтандыру нарығының, қаржылық қадағалау Агенттігінің және ЖШС «Актуралық статистикалық бюро» өкілдерінен тұратын Өкілдер Кеңесі құрылды. Өкілдер Кеңесінің құзырына тарифтік саясатты жасау, болашақта даму үшін қажет бюджетті бекіту сияқты мәселелер берілу арқылы, іс жүзінде СБМБ-ны жүргізуге жауапты тапсырыс берушіге бақылау орнатылды.

2011 жылы коммерциялық емес ұйым – жеке мекеме құру туралы шешім қабылданып, оның құзырына СБМБ-ны құру және жүргізу жөніндегі жұмыстарды іске асыру тапсырылды, бірақ бұл үрдіс белгілі объективті себептерге байланысты созылып кетті. Кейіннен заңнамаларға енгізілген жаңа өзгертулер бойынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі кем дегенде 25% үлеспен қатысатын коммерциялық емес акционерлік қоғам құрылуына байланысты, 2012 жылдың басына қарай жеке мекеме құрудың қажеттігі болмай қалды.

Ең соңында, 2012 жылдың маусым айында жарғылық капиталының мөлшері 88 миллион теңгені құрайтын, коммерциялық емес «бірыңғай сақтандыру мәліметтер базасы» АҚ құрылды. Қазіргі кезде барлық қызығушылардың және Ұлттық Банктің қатысуымен Қазақстан сақтандырушылар Ассоциациясы негізінде жұмысшы топ құру жоспарлануда. Жұмысшы топ СБМБ-нің жұмыстандарттарын, даму стратегиясын, тарифтік саясатын, бюджетін анықтаумен бірге, «Актуралық статистикалық бюро» АҚ-ның акцияларын, оған қызығушылық танытқан сақтандыру ұйымдарына өткізумен айналысады. Ұлттық Банк заң жүзінде анықталған мажоритарлық акционер ретінде, жақын уақыт аралығында жұмысшы топқа белсенді түрде араласатын болады [60].

Сақтандыру жөніндегі есеп беру, заң бойынша анықталған, мына бөліктерден тұруы қажет:

1) қол жетімдігі шектелген сақтандыру жөніндегі есеп беру – қоссақтандыру туралы, сақтандыру төлемақылары, төленген сақтандыру сыйақылары, сақтандыру мөлшерінің сомасы туралы мәліметтері бар, сонымен бірге, сақтанушының жеке басына қатысты, сақтандырылған немесе табыс мөлшері туралы мәліметтерден тұратын есеп беру;

2) қол жетімдігі стандартты сақтандыру жөніндегі есеп беру – сақтандыру оқиғаларына қатысты ақпараттардан, сақтандыру объектілеріне қатысты, сол сияқты, сақтандыру құпиясы болып саналмайтын мәліметтер туралы есеп беру.

Мәліметтер базасын құру үшін қажетті ақпараттарды берушілер төмендегілер болып табылады:

1) ақпараттар беру жөнінде келісім-шарт жасалған сақтандырушылар ұйымдары;

2) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес, міндетті сақтандару түрлеріне қатысты мәліметтер базасы субъектілеріне мемлекеттік бақылау жасайтын құзырлы мемлекеттік органдар;

3) ақпараттар беру жөнінде келісім-шарт жасалған басқа да тұлғалар.

Сақтандыру туралы есептерді қабылдаушылар:

1) өкілетті орган;

2) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес, міндетті сақтандару түрлеріне қатысты мәліметтер базасы субъектілеріне мемлекеттік бақылау жасайтын құзырлы мемлекеттік органдар;

3) сақтандыру туралы есептерді алу жөнінде келісім-шарт жасалған сақтандырушылар ұйымдары;

4) мәліметтер базасының субъектілері (сақтанушы, сақтанған және пайда табушы);

5) сақтандыру істері және актуарлық есептеулер бойынша консультациялық қызметтер көрсететін консалтингтік және ғылыми-зерттеу ұйымдары;

6) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес, міндетті сақтандару түрлеріне қатысты басқа да тұлғалар;

7) сақтандыру омбудсмені;

8) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 830 статьясының 1) – 4) баптарында көрсетілген тұлғалар [21].

2008 жылдан бастап, СБМБ-ға көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру туралы түзілген келісім-шарттар туралы барлық ақпараттар келіп түсе бастады. Бүгінгі күні ол әлемде теңдесі жоқ, Қазақстан Республикасындағы сақтандыру келісім-шарттары туралы толық ақпараттар банкiсi болып табылады.

Алғашқы кездері СБМБ-нің көмегімен «бонус-малус» жүйесін іске қосу және сақтандыру полисін онлайн режимде рәсімдеу жоспарланған болатын. Соңынан базаның функционалдық мүмкіндіктері әлдеқайда жоғары екені анықталып, 2011 жылдан бастап міндетті сақтандырулардың барлық түрлерінің келісім-шарттары туралы ақпараттар базаға енгізіле бастады, ал 2012 жылдан бастап, міндетті сақтандыру мен жеке сақтандырулардың барлық кластары бойынша ақпараттар енгізіле бастады. Бүгінгі таңда СБМБ-нің көмегімен 25 класс бойынша статистика жүргізіледі.

Күн сайын Бірыңғай базаға шамамен 25 000 сақтандыру келісім-шарттары, ал «бонус-малус» жүйесі бойынша 10 000 нан астам сақтанушылармен есеп айырысады. Көмек көрсету қызметі адресіне күн сайын 200 ден 500-ге дейін қолданушыдан сұраныс түседі. Сақтандыру компанияларының базаға кіруге мүмкіндігі бар қолданушылар саны – 5000-нан асады.

Бұл теңдесі жоқ жүйе, статистикалық мәліметтерді жинақтау мен сақтаудан басқа, сақтандыру компанияларындағы бизнес-процестерді ұйымдастырудың тиімді құралына айналып отыр, төлем ақыларды өтеу және

шығындарды есептеу, сақтандыру ісіндегі алаяқтық фактілерін анықтау, полис бланкілерін есепке алу сияқты көптеген шаруаларды атқарады.

Сақтандырушылардың СБМБ-нің көп салалы функциялық мүмкіндіктері туралы хабарлары болып, оны өз іс- әрекеттерінде пайдалана білудің маңызы зор. Біздің ойымызша, СБМБ-нің функционалдық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері туралы көпшілік арасында презентация ұйымдастыру арқылы насихатталуы қажет.

Кейбір бағалаулар бойынша, сақтандыру бойынша жасалатын төлемақылардың 30%-ы бұл жүйедегі алаяқтыққа келеді екен. Сондықтан, алаяқтықпен күрес жүргізу, сақтандырушылар қызметінің басты бағыты болу керек. Сақтандырудағы алаяқтық оқиғасын анықтауды ұйымдастыру барысында, сақтандырушылар алдында негізгі екі бағыттағы мәселелерді шешу сұрақтары бар:

- сақтанушылар тарапынан болатын алаяқтық;
- өз қызметкерлерінің, немесе сақтандыру агенттері тарапынан болатын алаяқтық.

Сақтанушылар тарапынан болатын алаяқтық оқиғасы, әдетте бір объектіні, немесе бір тәуекел қаупі бойынша бір мезгілде бірнеше сақтандыру компанияларымен келісім-шарт жасасумен байланысты болады. Бұл кезде сақтандыру жағдайы туындағанда сақтанушы төлемақыны қулықпен бірнеше рет алуға тырысады. Егер сақтандыру жағдайының туындауын СБМБ жүйесі арқылы қадағалап отырса, екі рет сақтандыру, немесе ұқсас сақтандыру оқиғалары бойынша сақтандыру төлемақысының қайтадан төлену оқиғасының алдын алуға болады. Ұсынып отырған құралдар, сақтандыру компанияларының қауіпсіздік қызметінің арқасында, алаяқтық әрекеттері, немесе өз қызметкерлерінің қателігінен болатын сақтандыру төлемақысының мөлшерін асырып жіберу сияқты алаяқтықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

СБМБ жүйесінде екінші қайтара сақтандыру төлемақысының төленбеуін және бір объектінің екі рет сақтандыру оқиғасының болмауын қадағалайтын құралдар бар.

Кең көлемде есеп беру категориясына шектеулер енгізілген, оларды тек «Қауіпсіздік қызметі» берген лимит бойынша пайдалануға болады. Бұл категориядағы есеп берулерде жол-көлік оқиғасының тарихы мен оған қатысушылардың және көлік құралдары туралы мәліметтер сақталады:

– Жеке тұлға туралы кең көлемде есеп беру, тұлғаның белгілі бір уақыт аралығында сақтандыру туралы жасаған келісім-шарттарын анықтауға, сонымен бірге, сақтандыру төлемақысы төленген сақтандыру оқиғаларының болғандығы туралы мәліметтер береді;

– Көлік құралы бойынша кең көлемде есеп беру, осы көлік құралының (мемлекеттік нөмірі бойынша) белгілі бір уақыт аралығында сақтандыру туралы келісім-шартқа қатысы барлығын, сонымен бірге, сақтандыру төлемақысы төленген сақтандыру оқиғаларына қатысы болғандығы туралы мәліметтер береді;

– Көлік құралы бойынша кең көлемде есеп беру, (мемлекеттік нөмірі бойынша), осы көлік құралының тіркеу нөмірі бойынша сақтандыру келісім-шарттарына және сақтандырылған оқиғаларға қатысы барлығы туралы мәліметтер береді.

Бұл есеп берулер арқылы анықталатын ақпараттар жеке компаниялардың іс-әрекеттеріне ғана қатысты емес, сонымен бірге, сақтандыру нарығына қатысы барлығын ескеріп, бұл есептерге қол жеткізу қатаң түрде шектелген және сақтандыру компаниясының саны шектеулі қызметкерлері ғана, оның ішінде төлемақыны бақылайтын қызметкер, немесе қауіпсіздік қызметкерлері ғана пайдалана алады. Мұндай шектеулер қою арқылы, ақпаратты пайдаланушылардың шеңбері айқын анықталады және кең көлемдегі ақпаратты пайдалану арқылы болатын заң бұзушылыққа жол берілмейді, яғни алаяқтықпен күресу үшін қолданылады.

Сақтандыру оқиғаларына бірнеше рет қатысып сақтандыру төлемақыларын алған жеке тұлғалар мен көлік құралдары бойынша «Қауіпсіздік қызметі» рөліндегі пайдаланушылар ақпараттар алу үшін арнайы маманданған журнал жүргізіледі. Бұл жерде сақтандыруға қатысты ерекше көңіл аударуды қажет ететін жағдайлар туралы айтылып отыр және ондай жағдайлар туралы төмендегідей ақпараттар журналға жазылады:

- қоссақтандыру;
- сақтандыру оқиғаларына кінәлі ретінде, немесе зардап шегушісі ретінде, сонымен бірге пайда табушы ретінде жиі қатысатын тұлғалар туралы ақпараттар;
- бір полис арқылы екі рет төлемақы алу туралы;
- көлік құралының әртүрлі жағдайларда сақтандыру оқиғаларына қатысы барлығы туралы;
- жол-көлік оқиғаларына байланысты куәлердің бірнеше рет куәлік бергендігі туралы ақпараттар жазылады.

Сондықтан бұл журнал, «Көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға байланысты» заңсыз сақтандыру төлемақыларын алуға қатысы бар жеке тұлғалар мен көлік құралдарын анықтауға мүмкіндік береді.

СБМБ жүйесіне берілген сақтандыру оқиғасына байланысты мәліметтер енгізу барысында, оған қатысты тұлғалар мен көлік құралдарының, сақтандыру туралы келісім-шарттар бойынша, сол уақыт аралығында басқа сақтандыру оқиғаларына қатыстығы бары тексеріледі. Мұндай тексерулер, сақтандыру төлемдерін базаға енгізу кезінде қоссақтандыру, немесе көлік құралына қатысты шығынның екі рет төленгенін анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай тексерулер көлік құралдарына және сақтандырушыларға қатысты жүргізіледі.

СБМБ жүйесі белгілі субъект бойынша мәліметтер базасына жасалған сұраныстардың тарихын да қадағалап отырады. Қауіпсіздік қызметі мамандары үшін кең көлемде берілген есеп бойынша, сақтандыру субъектісінің мәліметтер базасына жасаған сұраныстарының тарихын

қосымша бақылау мүмкіндігі қарастырылған. Бұл операция берілген субъект бойынша, немесе сақтандыру объектісі бойынша сақтандыру туралы есептің қаншалықты жиі берілгені, және кімнің қашан бергендігін есептеп шығарылады. Берілген сұраныстың жиілігіне қарай, берілген субъект бойынша, немесе сақтандыру объектісі бойынша сақтандырушының қауіпсіздік қызметі тарапынан ерекше көңіл бөлуін талап етеді және мүмкін болатын алаяқтықтық алдын алады.

Сақтандыру ісі бойынша алаяқтарды анықтау мәселесін жеңілдету үшін, сонымен қатар, сақтандыру ұйымдарының қауіпсіздік қызметтері арасында жедел ақпарат алмасуды қамтамасыз ету үшін жүйеде тұрақты түрде жаңартылып отырылатын, жұмысшы атау «Қара тізім» деп аталатын тұрақты түрде жұмыс жасайтын модуль қарастырылған.

«Қара тізім» бойынша, сақтандырушылар тарапынан және сақтандыру субъектілері тарапынан заңсыз әрекеттерге барған тұлғаларды оңай анықтауға болады. Ол үшін «Күмәнді жағдайлар» деп аталған жеке функционал қарастырылған, оған нақты сақтандыру оқиғаларына сілтемелер жасала отырып, кейбір күмәнді оқиғаларға қатысты тұлғалардың тізімі енгізіледі. Күмәнді сақтандыру оқиғаларына мыналар жатады:

- қос төлем ақы төлеу және қоссақтандыру жасау;
- сақтандыру компаниясына ескертпей, полиске қосымша шарттар енгізу;
- агенттің полис бойынша сыйақы мөлшерін төмендетіп көрсетуі;
- сақтандыру сомасын сақтандыру объектісінің нақты бағасынан артық етіп көрсету;
- сақтандыру келісім-шартын жасау үшін маңызы бар ақпараттарды жасырып қалу;
- сақтандыру оқиғасын қолдан ұйымдастыру;
- сақтандыру оқиғасынан кейін полистерді рәсімдеу («өткен уақыт» бойынша сақтандыру);
- медициналық экспертиза мен техникалық экспертиза нәтижелерін бұрмалау.

Бүгінгі күні бұл функционал тест режимінде жұмыс істеп тұр. Оны іске қосып қолданысқа енгізу үшін сақтандыру қауымдастықтарының қатысуымен, қолданушылар регламенті жасалу керек. Қолданушылар регламенті тізімді толықтыру ережелерін, мәліметтерге түзетулер енгізу және тізімнен шығарып тастау, сонымен қатар тізімді пайдалану ережелерін жасау үшін қажет. Регламент және оның алаяқсақтандырушыларды анықтайтын нақты критерилері, тізімге адал сақтандырушылар мен олардың сақтандыру объектілерінің кіріп кетпеуі үшін қажет.

Сақтандыру агенттерінің және сақтандыру қызметкерлерінің алаяқтық әрекеттері. Жақын уақытқа дейін сақтандыру нарығында орын алып келген алаяқтықтың басқа түрі – «ұяттары аз» сақтандыру қызметкерлері мен сақтандыру агенттері тарапынан болатын, «өткен уақыт» бойынша сақтандыру, яғни жол-көлік оқиғасы болғаннан кейін сақтандыру полисін

жазып беру болып келген. Келісім-шарт жасаудың толық параметрлерін ескеру, сонымен қатар, сақтандыру келісім-шартын онлайн режимде рәсімдеу туралы заңды талаптар қою арқылы, алаяқтықтың бұл түрі «Көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға байланысты» кластары бойынша толықтай жойылды. СБМБ жүйесі бойынша бұл функцияны басқа сақтандыру кластары бойынша да бақылауға болады.

СБМБ жүйесіне толық және нақты ақпараттарды дер кезінде енгізуді қамтамасыз ету үшін, ақпараттың түскен немесе өзгертілген уақыты мен датасы тіркеледі, сонымен қатар, сақтандыру келісім-шартына қатысты маңызды мәліметтерді өзгерту мүмкіндігіне тиым салынған блок қойылады. Бұл шаралар, сақтандыру келісім-шарттарын «өткен уақыт» бойынша жасалғанын, немесе сақтандыру төлемін «өткен уақыт» бойынша төленгенін анықтауға мүмкіндік береді.

СБМБ жүйесіндегі ақпараттарды редакциялауға байланысты қол жетімді әрекеттер тіркеліп, тиісті журналға толтырылып отырады. Қажет болған жағдайда, берілген объект бойынша мәліметтер базасына кімнің, қашан және қандай түзетулер енгізгенін білуге болады. Бұл «ұяты жоқ» сақтандыру агенттері мен сақтандыру компаниясының басқа да қызметкерлерінің заңсыз әрекеттерін бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Жақын уақытқа дейін сақтандыру агенттері тарапынан болатын алаяқтықтың кең тараған түрі, полисті рәсімдеу үшін, компанияның бүлінген, немесе жоғалған бланкілерін, болмаса заңсыз жолмен дайындалған бланкілерді пайдалану орын алып келген. Алаяқтықтың бұл түрінің алдын алу үшін СБМБ жүйесінде қатаң есеп беруге қатысты бланкілерді есепке алу мүмкіндігі қарастырылған. Ол арқылы бүлінген, немесе жоғалған бланкілердің есптері алынып, оларды пайдалану мүмкіндігі жойылады. Қолдан жасалған полистермен күрес жүргізу үшін жол полициясы қызметкерлерінің СБМБ жүйесіне кіру мүмкіндігі бойынша, жедел түрде сақтандыру полисінің заңдылығы тексерілу керек. СБМБ жүйесінде ондай техникалық мүмкіндіктер қарастырылған.

Полистер бойынша, сақтандырушылар мен басқа да тұлғалар үшін, электронды қол қою мүмкіндігі болған жағдайда, СБМБ жүйесіндегі портал арқылы ақпараттар алу мүмкіндігін кеңейту бағытында жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап айту керек. Электронды-сандық қол қою Қазақстан Республикасындағы Ұлттық куәлендіру орталығы (ҚР ҰКО) арқылы іске асырылады. Бұл сақтанушылардың өзіне қатысты сақтандыру тарихын бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, сақтандыру келісім шартының бар немесе жоқтығы туралы ақпараттарды СМС хабарламасы арқылы алу мүмкіндігі жоспарланып жатыр, бірақ мұндай мүмкіндіктерді пайдалануға рұхсат беретін заңнамалық актілер қабылдану керек.

СБМБ жүйесі – заманауи ақпараттық жүйе және ол тұрақты дамып келе жатқан, тиімді бизнес құралы болып табылады. Ол жүйені сақтандыру қауымдастығы сол қалпында қабылдап, оны өздерінің күнделікті жұмыстарына қолдануға енгізу маңызды. Кез келген дамыған ашық жүйе

сияқты, Сақтандырудың Бірыңғай Мәліметтер Базасы сақтандыру бизнесін тиімді жоспарлау үшін іс жүзінде аналитикалық мүмкіндігі шектелмеген жүйе болып табылады.

СБМБ жүйесін ары қарай дамытудың бірнеше бағыттарын атап өтуге болады:

Сақтанушылар (сақтанғандар) үшін өздеріне қатысты сақтандыру тарихын қадағалауға және қосымша қызметтер алу үшін СБМБ жүйесіне кіруге мүмкіндік беретін модуль жасалуы. Бұл модуль арқылы сақтанушылар (сақтанғандар) СБМБ жүйесіне кіру (қосымша бақылау жүргізу) арқылы мәліметтердің сапасын арттыруға, сақтандыру қызметін пайдаланушыларды қанағаттандыруға, соның арқасында сақтандыру ісіне деген сенімнің артуына әсер етеді. СБМБ жүйесіне кіру, қауіпсіздік талаптарына сәйкес, Ұлттық куәлендіру орталығының (ҚР ҰКО) криптографикалық кілттері арқылы іске асырылуы керек (www.knca.kz).

Қосымша көрсетілетін қызметтер үшін мынандай мүмкіндіктер іске асырылуы керек:

- көлік құралдарының кузовының нөмірлері бойынша, оның апатты жағдайларда болуының тарихын қадағалау ("Audatex" жүйесінің аналогі);

- «бонус-малус» жүйесі бойынша жеке класын қадағалау;

- ақпаратты тексеру немесе түзету үшін, анықтама алу үшін сақтандыру ұйымына арыздану;

- сақтандыру нарығына қатысатын кез келген қатысушыға сұрау салу, (сақтандыру компаниясына, сақтандыру омбудсменіне, сақтандыру төлем ақысына кепілдік беруқорына) арыздану.

СБМБ жүйесінде сақтандыру келісім-шартын жасау барысында, сақтанушыдан талап етілетін құжаттардың көшірмелерін сақтауға арналған электронды архив қарастырылған. Бұл қызмет көрсетуді тездетеді, полисті рәсімдеу процесін оңайлатады, СБМБ жүйесіндегі мәліметтердің сапасын артырады, тұтынушылардың қанағаттануы нәтижесінде сақтандыру ісіне сенімділік артады.

Сыртқы жүйелермен бірлесу мүмкіндігі бүгінгі таңда пісігі жеткен қажеттілік болып саналады. Құзырлы органдардан жеке және заңды тұлғаларды куәлендіру туралы мәліметтер алу, СБМБ жүйесіне енгізілетін мәліметтерді бақылаудың сапасын арттыру үшін қажет. Бұлардан бөлек, бұл проект шеңберінде, СБМБ жүйесіндегі мәліметтерді қызығушылық танытушы құзыретті органдарға (Ішкі істер министрлігіне, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне, Қаржылық қадағалау Комитетіне т.б.) бақылау үшін, заңдылығын тексеру т.б. үшін беру мүмкіндігі қарастырылған.

Тағы бір шара – ақпараттық қауіпсіздігі офицерінің лауазымды қызметін енгізу. Бұл шара ақпараттық қауіпсіздік режимін күшейту, сонымен қатар, сақтандыру ұйымдарының іс-әрекеттерінің ашықтығын және сақтандыру нарығына қатысушылар тарапынан сенімнің артуына ықпал етеді. Сонымен бірге, сақтандыру ұйымдарының іс-әрекеттеріне мониторинг жүргізетін маманданған орган – ақпараттық қауіпсіздігі офицерінің лауазым енгізілуі

мүмкін. Арнайы маманданған техникалық құралдар арқылы («Oracle Audit Vault», «Oracle Vault» және басқалары) ақпараттық қауіпсіздігі режиміне офицер тарапынан мониторинг жүргізіледі. Ақпараттық қауіпсіздігі офицері СБМБ жүйесінің барлық клиенттерінің мүддесін қорғайды, және ол туралы құқылары мен міндеттері анықталған. Ақпараттық қауіпсіздігі офицері сайлау негізінде тағайындалу керек.

СБМБ жүйесін енгізу тәжірибесі, және бірыңғай ақпараттар базасын құру барлық сақтандыру жүйесінің дамуына оң ықпал ететінін көрсетті. Сондықтан мұндай ақпараттық базалардың функцияларын кеңейте түсу қажет. Біздің ойымызша, Қазақстанда жинақталған кешенді, сақтандыруды қадағалаудың ақпараттық қамсыздандыру органын құрудың қажеттілігі кезек күттірмейтін мәселе болып отыр. Оның бірнеше себептері бар:

- сақтандыруды қадағалау органдары қызметкерлерінің дер кезінде және сапалы ақпараттар алуға мүдделі болуы, олардың өзара әсерлесуі үшін қажетті;

- сақтандыруды қадағалау органдары бөлімдерінің (заң басқармасының, іс басқару және сақтандыруды қадағалаудың) ағымдағы іс-әрекеттерін жүргізуін қамтамасыз ететін бірыңғай бағдарламалық кешеннің жоқтығы;

- сақтандыруды қадағалау органының іс-әрекеттерінің әртүрлі бағыттары бойынша (лицензиялау, есеп беру, жүргізілген тексерулердің өткізілген уақыттары мен нәтижелері, қолданылған санкциялар туралы) кешенді және жекеленген мәліметтер базасын құру қажеттілігі;

- сақтандыру органдарының ағымдағы қаржылық іс-әрекеттерін және қаржылық жағдайларын бақылауды іске асыру және нормативтік көрсеткіштер (коэффициенттер) арқылы қадағалау үшін жақын болашақта пруденциалды қадағалау әдістерін енгізуге байланысты нормативті базаға өзгерістер енгізу;

- тәуекелге бағытталған жүйелер құру және енгізу, жеке сақтандыру ұйымдары үшін және барлық сақтандыру нарығы үшін тәуекел қартасын құру;

- сақтандыруды қадағалау органының, жеке субъектілерге қатысты сақтандыру санкциясын қолданудағы құзыретін кеңейту (сақтандыру субъектілері сақтандыру заңнамалары ережесін бұзғаны үшін айыппұл салу).

Автор ұсынып отырған, сақтандыруды қадағалауды ақпараттық жағынан қамтамасыз етудің бірыңғай кешені, сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығына қатысты қысқа және ұзақ уақытқа арналған болжамдар жасауға, қауіпті жағдайлар туындаудың алғашқы кезеңінде қажетті түзету шараларын қолдану арқылы қауіптің зардаптарын азайтуға, сақтандыру субъектілерінің іс-әрекеттеріне бақылау мен қадағалауды ұйымдастыруға ықпал жасайды.

Қазақстандағы сақтандыру нарығын қадағалауды одан ары тиімді дамыту үшін сақтандыруды қадағалау органдарын автоматты түрде ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіре түсу қажет. Бұл сақтандыру субъектілерін іс-әрекеттерін ағымдағы режимде мониторинг жасауға,

олардың әрекеттеріне талдау жасауға және қадағалаудағы ұйымдарда келеңсіз жағдайлардың орын алуының алдын алады.

3.3 Қазақстандағы сақтандыру нарығын интеграциялау жағдайындағы реттеуді дамыту

Интеграциялық процессқазіргі экономикалық жағдайдағы объективті шындық. Қазіргі әлемдік экономикалық жүйенің дамуы жағдайында, бірде бір мемлекет, басқа мемлекеттерден оқшаулану жағдайында өмір сүре алмайды. Өзінің экономикасының одан ары дамуына мүдделі әрбір мемлекет, халықаралық саудаға қатысуды, қандай болса да бір халықаралық бірлестіктерге бірігуді өзінің сыртқы экономикалық және сыртқы саясаттағы мәселелерін шешудің бірден бір маңызды жолы деп есептейді.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған сәттен бастап, экономикалық қарым-қатынастарды нығайту және еліміздің экономикалық дамуын қамтамсыз ету мақсатында, интеграциялық қарым-қатынастарды дамытуға бағытталған, әртүрлі интеграциялық бірлестіктерге, оның ішінде Кедендік Одаққа, Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы ұйымына және Дүниежүзілік сауда ұйымына белсенді түрде араласып келеді.

Соңғы он жылдықтың көлемінде әлемде ірі өзгерістер орын алды, Әлемдік, аймақтық және ұлттық экономикалардың даму қарқындары өсті, осыған байланысты сақтандырудың рөлі қатты жоғарылады.

2013 – 2014 жылдардағы жаһандық бәсекелестікке қабілеттік бойынша Дүниежүзілік экономикалық Форумның есебіне сәйкес, Қазақстан Республикасы 148 мемлекеттер ішіндегі 103-орынды иеленді. Банктердің тұрақтылығы жөніндегі көрсеткіштің төмен болғаны белгілі (100-орын), «жергілікті қор нарығы арқылы қаржыландыру» бойынша да төмен көрсеткішті иеленді (101-орын)(сурет 9). Дегенмен, оның алдындағы есеп бойынша Қазақстан 115-орыннан жоғарылап, көптеген көрсеткіштерін жақсатқан [60].

Бұл рейтингіде 121 орында тұрған Ресейден Қазақстан алда тұр. Ал Беларусь Республикасын Дүниежүзілік экономикалық Форумыбағаламаған.



Сурет 9 – Дүниежүзілік экономикалық Форумның жаһандық бәсекелестікке қабілеттігі бойынша Индексінің «қаржы нарығының даму» факторы бойынша негізгі көрсеткіштері, 2013 – 2014 жылдары

Ескертпе –Global Competitiveness Report // <http://www.weforum.org/reports>

Кедендік Одақ көлеміндегі мемлекеттер арасындағы сақтандыру нарығын интеграциялаудың негізі 1995 жылы Белорусь Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Кедендік Одақ туралы Келісімге қол қою кезінде қаланған. Ол Келісім бойынша, Кедендік Одақты біртіндеп түрлендіру арқылы экономикалық одақ құруға ниет білдірілген.

Кедендік Одақ және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы келісім-шарттарында мемлекеттердің Дүниежүзілік Сауда Ұйымына талпыныстарын ескере отырып, Кедендік Одақты құруды аяқтап, соның негізінде Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы шешімге келді.

2003 жылы Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде сақтандыру саласында бірлесіп әрекет ету туралы Келісім жасалды. Осы Келісім бойынша Бірыңғай экономикалық кеңістікке кіретін жақтар өздерінің мемлекеттік саясаттарын жүргізуде толықтай тәуелсіздікті сақтай отырып, сақтандыру саласында бірлескен іс-әрекеттер жүргізеді, сақтандырудың нормативті базаларын үйлестіруде, сақтандыру ұйымдары іске асыруға тиісті іс-әрекеттерлі лицензиялауда және оны жетілдіруде бірлесіп шешім қабылдайды. Сол сияқты, Келісім бойынша, сақтандыруды қадағалау органдары үшін және сақтандыруды реттеу мақсатында бірыңғай ақпараттық статистикалық база жасалу керек, сонымен бірге, сақтандыруға қатысты кадрлардың квалификациясын көтеру мақсатында, оларды оқыту және қайта дайындықтан өткізу облысында кең көлемде тәжірибе алмасуды ұйымдастырады.

2009 жылы ЕурАзЭС мемлекет аралық кеңестің (мемлекет басшыларының деңгейіндегі) шешімі бойынша, ЕурАзЭС елдерінде жалпы сақтандыру нарығын құру туралы Хаттама қабылданды. Бұл Хаттама ЕурАзЭС қауымдастығының 2003–2006 жылдардағы және одан кейінгі уақыттағы дамуының басым бағыттарын анықтап, оны іске асыру мақсатында қабылданған.

Хаттама ЕурАзЭС елдері арасындағы сақтандыруды қорғаудың жоқтығына, немесе сауда және инвестициялық операцияларының сапасыз сақтандыруға байланысты әртүрлі сипаттағы кедергілерді жоюға бағытталған. Сондай ақ Хаттама ЕурАзЭС елдеріндегі экономикалық қарым-қатынасты тереңдету, сақтандыру нарығын дамыту мақсатында, сонымен бірге сақтандыру заңнамаларын халықаралық стандарттарға сәйкестеу мақсатында құрылған. Бүгінгі таңда Хаттаманы іске асыру бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Сонымен бірге нарықты дұрыс және тиімді интеграциялау үшін Қауымдастыққа қатысушы елдер арасында сақтандыру нарығын реттеу және қадағалауға байланысты толыққанды ақпараттар алмасуы болу керек. Осы мақсатта тиісті заңнамаларға салыстырмалы талдаулар жасалды. Бірақ ағымдағы экономикалық ақуал жағдайында сақтандыру нарығын реттеу мен қадағалаудың даму қарқыны мен оны жетілдіру мақсатында қолда бар ақпараттардың өзектілігін арттыру қажет.

Сонымен бірге Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберіндесауда және инвестициялық қызмет көрсету туралы Келісімге және капиталдың еркін айналысын қамтамасыз ету мақсатында қаржы нарығында жағдай жасау туралы Келісімге сәйкессақтандыру нарығын интеграциялау бағытындағы іс-шаралар жүргізіліп жатқанын айту керек.

Көрсетілген келісімдер шеңберінде тиісті заңнамаларды үйлестіру арқылы қаржы нарығындағы, оның ішінде сақтандыру нарығындағы, қазіргі кезде кездесетін шектеулер біртіндеп алынып тасталуға бағытталған іс-шаралар жүргізіледі. Осы келісімдер шеңберінде қол жеткізілген іс-шараларды қолдану арқылы Қауымдастық ішінде тиімді экономикалық саясат жүргізуге жағдай туғызылған.

Сонымен бірге, аталған келісімдердің негізгі мәселелерін тиімді түрде іске асыру үшін Қауымдастыққа қатысушы елдердегі сақтандыру заңнамаларының талаптарын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру керек, атап айтқанда Сақтандыруды қадағалаудың халықаралық Ассоциясының (СҚХА) талаптарына сай болуы керек. Мысал үшін айтқанда, Ресейдегі сақтандыруды қадағалаудың СҚХА принциптеріне сәйкестігін тексеру үшін және қаржы секторының тұрақтылығын бағалау үшін жүргізілген талдаулар Халықаралық валюта қорының Есебі бойынша, Ресейдің сақтандыруды қадағалауы халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтінін көрсетті. Атап айтқанда ішкі бақылау жүйесі мен тәуекел қаупін басқаруға қойылатын талаптар, өзара байланыстағы тұлғалардың келісімдері туралы ақпараттарды жариялауға қойылатын талаптар, сақтандыру ұйымдарын корпоративті басқаруға байланысты, сондай ақ қаржы

институттары жасаған келісімдерге бірлескен қадағалау мен реттеуді енгізу үшін шетелдің құзыретті органдармен байланыс орнатылуы қажет.

Қазақстан Республикасында жоғарыда көрсетілген мәселелердің көпшілігі сақтандыру заңнамалары шеңберінде реттелген. Сонымен бірге қаржы институттары жасаған келісімдерді қадағалау мен реттеу көлеңкелі жолмен табылған ақшаларды ақтап алуға және терроризмге тосқауыл қоюға байланысты мәселелердің шешімдерін табу қажет, сақтандыру ұйымдарын корпоративті басқаруға байланысты талаптарды күшейту қажет.

Сақтандыру нарығындағы халықаралық стандарттар талаптары мен принциптеріне сәйкес келмейтін жағдайларының бар болуы, Бірыңғай Экономикалық кеңістік пен Кедендік Одақтың ұлттық заңнамаларын үйлестіру арқылы, бірыңғай сақтандыру нарығының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ингерациялық процестерді одан ары тереңдету қажеттігі көрінеді. Бірыңғай сақтандыру нарығын құру және оның тиімді жұмыс істеуі үшін жалпыға бірдей ортақ шарттар және реттеу ережелері болу керек, ортақ «ойын ережелері» нарыққа қатынасшылардың барлығына бірдей түсінікті болғанда ғана бірыңғай сақтандыру нарығы құрылады. Қойылған мәселелерді іске асыру қатысушы елдер арасында реттеу мен қадағалаудың ағымдағы жағдайлары туралы толық және объективті ақпараттар алмасуы орын алғанда ғана мүмкін болады.

Қазіргі кездегі Бірыңғай Экономикалық кеңістік пен Кедендік Одақтың сақтандыру нарығын реттеу мәселелеріне қатысты ағымдағы келісімдер базасы әлі де жетілдіруді қажет етеді. Сонымен бірге ЕврАзЭС және Бірыңғай Экономикалық кеңістікке кіретін мемлекеттер арасындағы қазіргі кездегі келісімдер мен шарттарда, бірыңғай стандарттарға көшу және сақтандыру іс-әрекеттерін реттеу мәселелерінің құқықтық нормалары бекітілген.

Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке кіретін мемлекеттердің ұзақ уақытқа созылған ортақ тарихы болғанына қарамастан, тәуелсіздік жылдарында ұлттық заңнамаларына айтарлықтай өзгерістер енгізілген. Соның салдарынан ол елдердегі сақтандыру нарығын реттеу әдістері, сақтандыру нарығының деңгейлері мен инфрақұрылымдары әр елде әртүрлі болып қалыптасқан.

Бірыңғай Экономикалық Кеңістіктегі интеграциялық процестер, Ресейдегі, Белорусиядағы және Қазақстандағы сақтандыру нарықтарын сандық және сапалық жағынан бағалауды қажет етеді. Бұл елдердегі сақтандыру нарықтарының көлемдерінің әртүрлі болуы, егер заңнамаларды үйлестіру процестері ұлттық сақтандыру нарығындағы бәсекелестікті арттыруға бағытталған болса, интеграциялық процестерге кедергі болмауы тиіс.

Бірыңғай Экономикалық Кеңістіктегі қаржы жүйесін интеграциялау базалық қаржы институттарының, Базель комитеті жасаған халықаралық стандарттарға, Қаржы нарығын реттеудің халықаралық ұйымының стандарттарына сәйкес болуын талап етеді, төлемдер мен есеп айырысуларды қазіргі заманғы электронды жүйелер арқылы жүргізуді, қаржы


нарығыныңашықтығы мен инфра құрылымдарының сәйкестігін, барлығына бірдей бәсекелестік мүмкіндігін қалыптастыру, ұлттық заңнамалар бойынша анықталған реттеу нормалары мен шарттарын жақындастыру талап етіледі.

Төмендегі кестеде көрсетілгендей, сақтандыру сыйақылары мен төлемдердің ЖҰӨ-ге қатынасы әр елде әртүрі болып келеді. Сақтандыру нарығы көлемінің әр елде әртүрлі болуы, интеграциялау процесіне кедергі болмайды, бұл жағдайды интеграциялау кезінде ескерілетін ерекшеліктер деп түсіну керек.

Кесте 10 – Әр елдегі 2009 – 2012 жылдар арасындағы сақтандыру сыйақылары мен төлемдердің ЖҰӨ-ге қатынасы (%-пен берілген)

	2009 ж	2010 ж	2011 ж	2012 ж
<i>Сақтандыру сыйақыларының ЖҰӨ-ға қатынасы</i>				
Беларусь	0,81	0,82	0,80	0,82
Казахстан	0,67	0,64	0,64	0,70
Россия	1,25	1,12	1,20	1,30
Всего по ЕЭП	1,19	1,15	1,15	1,23
<i>Сақтандыру төлемдерінің ЖҰӨ-ға қатынасы</i>				
Беларусь	0,46	0,49	0,45	0,39
Казахстан	0,16	0,12	0,16	0,23
Россия	0,70	0,65	0,55	0,59
Всего по ЕЭП	0,65	0,60	0,51	0,55
Ескертпе – Мемлекеттің бірыңғай сақтандыру нарығын қалыптастыру жолында - ЕурАзЭО мүшелері // "Сақтандыру нарығы", ақпан 2014 г.				

Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке қатысушы елдердің сақтандыру нарығының активтерінің жалпы көлемі 2012 жылы 41 382 млн. долларды құрады. Сақтандыру нарығындағы активтердің басым бөлігі Ресей Федерациясына тиесілі (36773 млн. доллар, немесе 88,8%), дегенмен сақтандыру нарығындағы Ресейдің үлесі салыстырмалы түрде қысқарған. Соңғы жылдары сақтандыру нарығында Қазақстанның үлесінің өсімі байқалады (6,8%-дан, 7,1%-ға дейін), бұл көрсеткіш Белорусь нарығында (3,1%-дан, 4%-ға дейін) болды. Дегенмен Ресей Федерациясының сақтандыру компаниялары Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке қатысушы елдер арасында өте үлкен екендігін атап өту керек. Мысалы, Ресейлік бір сақтандыру компаниясына шаққанда алынған сыйақының мөлшері 2012 жылы 75 млн. АҚШ долларын құраған [62].



Сурет 10 – Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке қатысушы елдер арасындағы сақтандыру секторыны активтерін салыстырмалы талдау, млн. АҚШ доллары

Ескертпе – ҚР қаржы қадағалау комитеті//<http://www.afn.kz>, Беларусь Республикасы Қаржы Министрлігі //<http://www.minfin.gov.by>, Ресей Федерациясы Қаржы нарықтары бойынша Федералды Қызмет//<http://www.cbr.ru> мәліметтері негізінде автор құрастырған.

Қазақстандық бір сақтандыру компаниясына шаққанда алынған сыйақының мөлшері 2012 жылы 54 млн. АҚШ долларын құраған. Сонымен қатар, аса ірі «Kaspi Сақтандыру» АҚ-ның алған сыйақысының мөлшері 2012 жылы 286,5 млн. АҚШ доллары болған. Бұл жерде, «бірінші ондыққа» кіретін Қазақстандық сақтандыру компаниялары көрсеткіштерінің айырмасы онша үлкен емес, 4,6 еседен аспайды.

Кесте 11 – Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке қатысушы елдер арасында сақтандыру секторына келетін капиталдың мөлшері, млн. АҚШ доллары

	Ресей Федерациясы	Қазақстан Республикасы	Беларусь Республикасы	Барлығы ЕЭП
2010	8561	1416	660	10637
2011	9169	1558	324	11051
2012	10272	1590	1267	13129

Ескертпе – ҚР қаржы қадағалау комитеті//<http://www.afn.kz>, Беларусь Республикасы Қаржы Министрлігі //<http://www.minfin.gov.by>, Ресей Федерациясы Қаржы нарықтары бойынша Федералды Қызмет//<http://www.cbr.ru> мәліметтері негізінде автор құрастырған.

Беларусь сақтандыру нарығында бір ғана ірі «ойыншы» Белгосстрах бар десе болады. Ол 2013 жылы 343 млн. АҚШ доллары сақтандыру сыйақысын иеленген, бұл компанияның барлық Беларусь сақтандыру

нарығындағы үлесі 47%-ды құрайды. Басқа сақтандыру компанияларының үлесі онша көп емес[63].

Интеграциялық процестер шеңберінде 2013 жыдың 31-желтоқсанына қарай, екі базалық келісім жасалған: қаржы нарығында іс-әрекет ету үшін және қаржылық қызметтер көрсету үшін лицензия беруге қойылатын талаптар туралы Келісім, және нарыққа қатысушы мемлекеттер арасында ақпараттар алмасу туралы, оның ішінде құпия апараттар алмасу туралы Келісім.

Ақпарат алмасу туралы Келісімге сәйкес екі түрлі режим іске асырылады:

– қол жетімді ақпараттар алмасу режимі, бұл жағдайда қатысушы жақтардың өкілетті органдары өздерінің ресми вэб-сайттарында ақпараттар орналастырады, жинақталған ақпараттарды біріктіріп, Комиссияның ресми вэб-сайтына орналастырады, жақтардың өкілетті органдары консультация арқылы өзара пікір алмасады. Ақпарат алудың мақсаты, инвесторлар үшін нарықтың ашықтығын және оның тартымдылығын бағалау үшін қажет, мемлекеттік органдарға – Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке қатысушы елдердің заңнамаларының үйлесімділік дәрежесін бағалау үшін, ал Комиссияға нарықтардың интеграциялық деңгейін бағалау және мониторинг жасау үшін қажет;

– құпияланған ақпараттарды жазбаша түрде алмасу, сонымен бірге (келісім бойынша) көзбе-көз кездесу кезіндегі консультациялар арқылы және алдын ала жасалған жазбаша сұраныстар негізінде, сұраныстың орындалуы, немесе бас тарту мерзімі регламент арқылы бекітілген жағдайда, қорғалған байланыс каналдары арқылы электронды түрде ақпараттар алмасу.

Ақпараттар алмасудың негізгі мақсаты: интеграциялық процестерді тереңдету, Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке қатысушы мемлекеттердің қаржы нарығының ашықтығын қамтамасыз ету, қадағалауды бірлесіп іске асыру болып табылады.

Қызметтер көрсету нарығындасаудаласу және инвестиция бойынша Келісімді іске асыру барысы, үйлестірудің мына кезеңдерінен тұрады:

– 2013 жылдың 31- желтоқсанында қаржы нарығында іс-әрекет ету үшін және қаржылық қызметтер көрсету үшін лицензия беруге қойылатын талаптар туралы Келісім жасалады;

– 2015 жылға қарай Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке қатысушы мемлекеттердің қаржы нарығын реттеу үшін ұлттық мемлекеттен жоғары тұрған органдар құру мүмкіндігі қарастырылады;

– 2020 жылдың 1-қаңтарына дейін қаржы нарығына қатысты ұлттық заңнамаларды үйлестіру толық аяқталып, берілген лицензиялар өзара мойындалады.

Келісімде көрсетілген бағыттар бойынша, қаржы нарығына қатысты ұлттық заңнамаларды үйлестірудің тәртібі мен мерзімін белгілеудің мақсаты: бірыңғай қаржы нарығын қалыптастыру, берілген лицензияларды өзара мойындау, қаржы нарығына араласуда алалаушылық болмауын қамтамасыз

ету, қаржы нарығындағы бақылау мен қадағалауды жетілдіру болып табылады.

Үйлестіру процестерінің аяқталу мерзімі 2020 жыдың 1-қаңтарына белгіленген.

2015 жылдың 31-желтоқсанына дейінгі қысқа мерзімге жоспарланған мәселелер. Қаржы нарығын реттеу мен заңнамалық нормаларын үйлестіру үшін ұлттық мемлекеттен жоғары тұратын органдар құру мүмкіндігі талқыланады. Оның негізінде бірыңғай терминологияны пайдалану, қаржы нарығына қатысушылар мен олардың заңды статусы туралы түсініктер қалыптасады, қаржы нарығындағы басшылар мен жекелеген қатысушылардың мамандану квалификациясы мен іскерлік беделіне қойылатын талаптар анықталады, эмитент пен саудаға түсетін құнды қағаздарға қойылатын талаптар, олар туралы ақпараттардың ұйымдасқан нарықта жария болуы, қаржы қызметін тұтынушылардың құқыларын қорғайтын заңнамалардың қабылдануы қажет.

2017 жылдың 31-желтоқсанына дейінгі орта мерзімге жоспарланған мәселелер. Нарыққа қатысушы жақтар құнды қағаздары мен эмитенттерін Бірыңғай Экономикалық Кеңістікте орналастырып, айналымға шығару мүмкіндігіне ие болады, лицензиялауға қойылатын талаптар үйлестіріледі, оның ішінде: қаржы нарығына қатысушыларға қойылатын шарттар мен ережелер, лицензия берілуіне немесе берілмеуіне қойылатын шарттар мен ережелер, лицензияны қайтарып алуға, тоқтата тұруға немесе шектеу қоюға негіз болатын шарттар мен ережелер, қаржы нарығына қатысушыларға қойылатын талаптар, қатысушының қаржылық тұрақтылығы және жеткілікті мөлшерде меншікті капиталы болуына қойылатын шарттар, қылмыстық жолмен табылған табысты жариялауға қарсы тұруға, терроризмді қаржыландыруға қарсы шараларды үйлестіру керек.

2019 жылдың 31-желтоқсанына дейінгі ұзақ мерзімге жоспарланған мәселелер. Қадағалауды іске асыруды үйлестіру, оның ішінде: әрбір қатысушы жақтың құзыретті органдарының әрқайсысының қаржы нарығына қатысушылардың іс-әрекеттерін қадағалау ережесін, қаржы нарығына қатысушыларды жою немесе қайта құрудың (оның ішінде күштеп) ережелері мен процедураларын үйлестіру, оларға санкциялар қолданудың шарттары мен ережелерін, қаржы нарығындағы заң бұзушылықтың түрлерін анықтауды, бухгалтерлік есепке алуды, министрліктің және халықаралық стандарттарға сәйкес аудиторлық тексерулер жүргізудің ережелері үйлестіріледі.

Сақтандыру секторындағы үйлестірулердің кезеңдері:

- терминологияны бір жүйеге келтіру (унификация):
- сақтандыру нарығына қатысатын мамандардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, оның ішінде: сақтандыру қорларын, сақтандыру қорларының орнын толтыру үшін қолданылатын активтердің құрамы мен құрылысын, жарғылық қорлар мен меншікті капиталдың ең төменгі мөлшерін анықтауды, сақтандыру портфелін берудің шарттары мен ережелерін үйлестіру;

- халықаралық стандарттар негізінде бухгалтерлік (қаржылық) есеп беруге қойылатын талаптар, бухгалтерлік есеп беру және аудиторлық таксерулердің ережесін үйлестіру;
- сақтандыру іс-әрекеттерін лицензияладың тәртібі мен ережелерін;
- сақтандыру нарығына қатысушы мамандардың іс-әрекеттеріне қадағалау жүргізудің тәртібін;
- заң бұзушылыққа қолданылатын санкциялардың түрлері мен мөлшерін анықтаудың тәртібі мен шарттары;
- басшы қызметкерлердің мамандану квалификациясына қойылатын талаптар;
- сақтандыру ісін жүргізуге лицензия беруден бас тартудың негізін үйлестіру;
- жоюдың (оның ішінде мәжбүрлі түрде жою, банкротқа ұшырау себепті жою) немесе қайта құрудың тәртібі мен процедураларын үйлестіру;
- сақтандыру ісін жүргізуге берілген лицензияны қайтарып алу, немесе оның күшін тоқтата тұру негіздерін үйлестіру;
- қайта құру тертіптерін;
- сақтандыру топтарының және сақтандыру холдингтерінің құрамына қойылатын талаптарды, және олардың қаржылық сенімділіне қойылатын талаптарды үйлестіру.

Бірыңғай Экономикалық Кеңістік шеңберінде жүргізілетін міндетті сақтандырулардың (сақтандыру тарифтері, жауапкершіліктің көлемі, келісім-шарттары) түрлері мен оларға қойылатын талаптарды кезең-кезеңімен бір қалыпқа келтіруге (унификация) бағытталған жұмыстар жүргізу. Ең бірінші кезекте ең көп тараған және тұтынушылар тарапынан сұранысқа ие болып отырған міндетті сақтандырудың түрі – көлік иелерінің азаматтық-құқылық жауапкершіліктерін міндетті сақтандырудың тарифтерін теңестіру керек.

Қазіргі кезде Қазақстан үшін даму векторының бағытын дұрыс анықтап алып, кемі бес жылға арналған реттеу базасын дайындауға басымдық беру керек. Сонда бір мезгілде екі мәселені шешуге мүмкіндік туады – Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру және Бірыңғай Экономикалық кеңістік шеңберіне қосылу.

Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруі сақтандыру нарығындағы қызмет көрсету түрлеріне әсер етеді. Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру, басқа елдермен салыстырғанда, отандық сақтандыру нарығына қатысты протекция болып табылмайды. Біздегі сақтандыру нарығы біркелкі дамымаған, адал бәсекелестікті былай қойғанда, әлі де элементар дамуға мұқтаж секторлар бар. Сондықтан Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруі, қаржы нарығындағы жағдай сыртқы ойыншылар үшін либералды болып саналады.

Сақтандыру нарығында қызмет көрсету саласында монополия элементтері байқалмайды және шетелдіктердің қатысуы үшін жол ашық. Бұл саладағы көптеген шектеулер жоғары рейтингті талап етуі мен қаржылық жағдайының қалыпты болуына байланысты. Қазақстандық сақтандыру

қызметін тұтынушылар объективті түрде бұл секторға шетелдіктердің қатысуына қызығушылық танытады. Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруі бұл процесті жандандыруға тиіс. Оның көлемі Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кірудің шарттарына ғана байланысты емес, ең алдымен экономикадағы жалпы климаттың жақсаруына да байланысты. Кез келген жағдайда, ұлттық сақтандыру нарығы жойылып кетпейді.

Сақтандыру нарығындағы интеграциялық процестің негізгі мақсаты, Қазақстанға алдыңғы қатардағы сақтандыру технологиясын тарту, қазақстандық сақтандырушылардың өскелең талаптарын қанағаттандыратын жоғары сапалы және әртүрлі сақтандыру өнімдерін кіргізу. Сақтандыру нарығында қызмет көрсетуге бәсекелестік жоқ. Сондықтан, сақтандыру нарығын дамыту үшін маркетинг пен менеджмент қызметтерін жоғары деңгейге көтеру керек.

Қазақстан үшін Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кірудің өтпелі кезеңі аяқталып, шамамен 2020 жылдан кейін Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кірген соң Бірыңғай Экономикалық Кеңістік шеңберінде қаржы нарықтары ашылған соң, шетелдік банкілер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, аз ғана талаптарға сай, өздерінің филиалдарын Қазақстан территориясында еш кедергісіз аша алатын болады.

Қазақстандық сақтандыру нарығы Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке және Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруге байланысты либералдану нәтижесінде сақтандыру нарығының институционалды құрылымы өзгеруі керек. Нарыққа аса ірі шетелдік сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары келеді. Мұнайгаз, энергетика, тау-кен өндіру салаларындағы ірі тәуекел қауіптерін резидент еместер, тұрақты жұмыс істейтін мекемелер құрмай ақ, өз мойындарына алатын болады. Шетелдік сақтандыру делдалдарының, тәуекел қауіпін бағалау мен оларды шетелдік сақтандыру ұйымдарына орналастырудағы жұмыстары жанданады. Бұл жағдайда, кең көлемде дами алмаған сақтандыру секторлары (өмірді сақтандыру, ірі тәуекел қауіптерін сақтандыру) үшін тәуекел қауіптері ерекше арта түседі. Бұдан бөлек, шетелдерден тікелей қаржыландыру қызметтері көрсетілуге байланысты, ұзақ мерзімді сақтандыру механизмдері арқылы ақшаның шет елдерге ағуына байланысты бұл тәуекел қауіптері одан ары күшейе түседі.

Кіші және орта бизнес секторын сақтандыру қазіргі кезде, сақтандыру сыйақысын жалпы көлемінің шамамен 11%-ын құрайды. Сақтандыру секторының көлемінің аз болуы, оның ішіндегі кіші және орта бизнесті сақтандырудың үлесі тіпті аз болуы, бұл секторлар шетелдік инвесторлар үшін қызығушылық тудырмайды.

Дербес тұлғаларды сақтандыру секторы, администрациялық шығынның көп болуына байланысты өзін ақтамайтын секторлардың бірі болып саналады. Бұл салаға шетелдік сақтандыру компаниялары қызығушылық таныта қоймайды.

Ағымдағы реттеу режимі сақталған жағдайда қайта сақтандыру механизмді өзгерте алмайды. Ресей Федерациясына дәстүрлі түрде әуе және

су транспорттарын және Ресейде шығарылған басқа да механикалық құралдарды сақтандырумен байланысты тәуекел қауіптері беріледі.

Бұл жағдайларға байланысты, Қазақстанның интеграциялық процестерге мұқият дайындалуы қажет. Еліміздің экономикасындағы сақтандыру нарығының өндірістік және әлеуметтік-экономикалық сипатына байланысты потенциалын ескере отырып, мемлекет сақтандыру нарығын дамытуға ықпал жасауы керек. Сақтандыру нарығына мемлекеттің араласуы отандық сақтандыру нарығының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, Бірыңғай Экономикалық Кеңістікте және Дүниежүзілік Сауда Ұйымы шеңберінде шетелдік сақтандыру компанияларымен бәсекеге түсуін қамтамасыз етеді.

Бұл жердегі мемлекеттің рөлі, халықтың сақтандыру мәдениетін көтеруге және екінші жағынан сақтандыру ұйымдарының сенімділігін арттыруға бағытталуы керек. Табиғи жолмен сұрыпталу арқылы капитализацияға талаптың күшейтілуі, сақтандыру ұйымдарының іріленуіне және қауымдасып жұмыс жасауына ықпалын тигізеді. Осылайша, сақтандыру нарығында, жеткілікті мөлшерде капиталы бар, халықаралық стандарттар талаптарына сай, төлем қабілеті жоғары ірі сақтандыру компаниялары пайда болады.

Сақтандыру нарығын одан ары дамытудың негізгі маңызды бағыттарының бірі, сақтандыру ұйымдарында капитализация көлемін арттыруға бағытталған кешенді шаралар қолдану болып табылады. Капиталдың жинақталуы, жергілікті сақтандырушылардың тәуекел қауіптерін сақтандырудың үлкен бөлігін ұстап қалуына мүмкіндік береді, ал бүгінгі күні оның негізгі бөлігі шетелге қайта сақтандыруға өткізіледі.

Жоғарыда біз сақтандыру ұйымдарының тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін кезегімен біртіндеп Solvency II жүйесінің талаптарын енгізу керектігін айттық. Бұл жүйе, сақтандырушылардың сапалы қызметтері және қадағалау арқылы әртүрлі тәуекел қауіптерін жеке есептеп, жабуға мүмкіндік береді. Сақтандырушының меншікті капиталының мөлшеріне қойылатын талап екі деңгейден тұрады: капиталға ең төменгі мөлшерде қойылатын талап орындалмаған жағдайда жедел түрде лицензиясы қайтарылып алынады, және сақтандырушының төлем қабілеттігін қамтамасыз ететін капитал мөлшері, бұл талап орындалмаған жағдайда сақтандырушыға қаржы жағынан қолдау, немесе санкция қолдану шаралары қарастырылады.

Сонымен бірге, бір мезгілде Solvency II жүйесінің екінші компонентінің талаптарын енгізу қажет. Бұл компонент талаптары бойынша тәуекел қаупін басқарудың, андеррейтинг және ішкі жүйелерінің тиімділігі бағаланады. Негізгі бизнес-процестердің стратегиясы бағаланады.

Сақтандыру ұйымдарының сенімділігін артыруда, сақтандыру субъектілерінің тәуекелге бағытталған негіздегі іс-әрекеттерін бақылаудың және қадағалаудың маңызы зор. Қазіргі кезде қадағалау жүйесі тәуекел қаупін талдауға негізделген: капиталдар, активтер, қайта сақтандыру, сақтандыру қорлары, менеджмент, табыстылығы, қозғалғыштығы, сақтандыру ұйымының тұрақтылығын бағалауға негізделген.

Ерікті сақтандыру нарығында мемлекеттің ынталандыруы, ұлттық экономиканың дамуына байланысты стратегиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік туғызады. Мысалы, өмірді сақтандыру нарығының дамуы, халықты әлеуметтік жағынан қорғаудың ажырамас бөлігі болып табылады және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа әсер етеді. Сақтандыру жүйесі мемлекетке, өндіріс орындарына және жеке азаматтарға табиғи және техногенді апаттар салдарынан және әртүрлі келеңсіз оқиғалардан келтірілген шығынның орнын толтырады.

Әлеуметтік жағдайға бағытталған өмірді сақтандыру саласы, жинақтаушы функциясы болғандықтан, банктердегі депозиттерге альтернативті болу мүмкіндігі бар, бұл сақтандыру арқылы қорғанудың артықшылығы болып табылады. Өмірді сақтандырудың басқа түрлері де қосымша әлеуметтік қамсыздану болады және басқа да қаржы қызметтерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде, сақтандыру ұйымдары ұзақ мерзімді міндеттемелер алу арқылы, ликвидті ұзақ мерзімді қаржы құралдарына сұраныс туғызу арқылы құнды қағаздар нарығының дамуына әсер ететін, институционалды инвестор болып табылады.

Бұдан бөлек, өмірді сақтандыру көп мөлшерде ақша табудың көзі болып саналады, сол арқылы маңызды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда, экономиканы дамытуда, сол сияқты маңызды әлеуметтік функцияларды орындауда маңызды рөл атқарады.

Қазақстандық сақтандыру ұйымдарының іріленуі, олардың сапа жағынан жоғары деңгейге көтеріліп, қайта сақтандыру ісімен айналысуға мүмкіндік береді. Сақтандыру ұйымдары жеткілікті мөлшерде капиталды иелену арқылы қаржы жүйесіндегі маңызды ойыншылардың қатарына қосылады және жергілікті қайта сақтандыруды дамыту арқылы отандық сақтандыру нарығына капитал жинақталуына, шет елдерден қайта сақтандыру сыйақыларының құйылуына ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген диссертациялық зерттеулердің негізінде төмендегідей қорытындылар мен ұсыныстар жасалды:

1. Жүргізілген теориялық шолулар негізінде авторлардың пікірлері бойынша жалпылама қорытындылар жасалып, сақтандыру функцияларының құрамы мен мазмұнын анықтауда, оның функциясы экономикалық категориясының рөлі арасындағы айырмашылық ескерілу керек. Егер функциялары арқылы экономикалық категорияның қоғамдық қызметі анықталса, оның рөлі іс жүзінде қолданудың нәтижелерін білдіреді. Осы жайларды ескере отырып, біздің ойымызша, сақтандыру нарығына өзіне тән спецификалық функциясын ерекшелеп көрсетуге болады. Ондай ерекшеліктеріне сақтандыру нарығының қорғалу функциясын, превентивті және инвестициялық функцияларын жатқызуға болады. Сақтандырудың азаматтардың, ұйымдардың және мемлекеттің мүлдік мүддесін қорғайтын жүйе ретіндегі нарықтың ажырамас бөлігі екендігі дәлелденген, ал дамыған сақтандыру нарығы экономиканың қарқынды дамуының индикаторы болып табылады. Сақтандыру нарығының тұрақты түрде сенімді дамуы, олардың өз функцияларын жоғары дәрежеде атқаруы өздігінен орындалмайды, көпшілік жағдайда, нәтижелі сақтандыру саясатын жүргізуге және тиімді мемлекеттік реттеуге байланысты.

2. Сақтандыру нарығын институционалды тұрғыдан қарастыру, ондағы құрылымдық элементтерді бір жүйеге келтіруге мүмкіндік береді. Сақтандыру нарығының институционалды құрылымы – бұл ұйымдық-құқылық, және ұйымдық-экономикалық нормалар болып табылады, солардың негізінде сақтандыру қызметі (институционалды орта) құрылады, іске асырылады және пайдаға асады. Ал нормалар мен ережелердің қолданылуын тәжірибелік түрде іске асыруды, сақтандыру іс-әрекеттерімен айналысатын арнайы маманданған ұйымдар, мемлекеттік орган, халықаралық реттеуші (оргқұрылым) іске асырады.

Институционалды нарықтық ортаның дамуы, ұйымдастырушы құрылымның қатысуынсыз, өзінен өзі болмайды. Ағымдағы ережелерді өзгерту, немесе жаңа «ойын ережелерін» жасау туралы ұсыныстар сырттан (халықаралық органдар мен ұйымдар тарапынан) жасалуы, сол сияқты іштен (мемлекеттік органдар, сақтандырушылар ұйымдарынан, көпшілік тарапынан) жасалуы мүмкін, бірақ ондай өгерістерді тек өкімет органдары бекітеді. Біз жүргізген талдаулардың нәтижелері бойынша, сақтандыру іс-әрекеттерін реттеу мемлекеттік болмауы да мүмкін деген қорытынды жасалды. Мысалы, реттеу қоғамдық болуы мүмкін. Нарықтық жағдайда мемлекеттің экономикаға тікелей араласу шеңбері айтарлықтай қысқарғанын мойындау керек, бірақ стратегиялық маңызы бар сақтандыру нарығын реттеуде мемлекеттің белсенді араласуы сақталу керек.

3. Диссертациялық зерттеулер шеңберінде сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің әртүрлі әдістері ғылыми тұрғыда зерттелді. Жасалған талдаулар экономиканы мемлекеттік реттеудің жалпы теориясында да және

оның бір бөлігі болып табылатын, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу теориясында да нақты анықтама берілмеген, сондықтан көпшілік мәселелер әртүрлі талқыланып, даулы күйде қалуда. Автордың ұстанымын дамыта келе, біздің ойымызша, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу – сақтандыру нарығы субъектілерінің іс-әрекеттеріне мемлекеттің араласу процесі деп, есептеу керек. Сақтандырудың нарықтық ортасына мемлекет экономикалық конъюнктураның өзгерісін және елдегі әлеуметтік – экономикалық дамудың басты бағыттарын ескеріп, мемлекеттің әкімшілік – құқылық жүйесі және экономикалық құралдары арқылы әсер етеді.

4. Жұмыста сақтандыру нарығын реттеуге қатысты көптеген елдердің тәжірибелері зерттеліп, олардың Қазақстан жағдайында қолдану мүмкіндіктері қарастырылды. Әлемдегі сақтандыру нарығын мемлекеттік қадағалау мен реттеудегі тенденциялардың бірі, ұлттық нарықтағы сақтандырушылардың іс-әрекеттерінің көп мөлшерде либералданғанын, ұлттық сақтандыру нарығына шетелдік сақтандырушылардың араласуына жол ашылғанын атап айту керек. Сақтандыру нарығының қазақстандық моделін құру барысында шетелдік тәжірибе кеңінен қолданылды. Болашақта отандық сақтандыру нарығының халықаралық сақтандыру нарығымен интеграциялануы, Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруі сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің мемлекет аралық деңгейге көтерілуін, сонымен бірге, қаржылық есеп беруді халықаралық стандарттарға көшіруді талап етеді.

5. Диссертациялық жұмыста Қазақстандағы сақтандыру нарығының құрылуы және қалыптасуының кезеңдеріне талдау жасалған. Бұл кезеңдерде сақтандыруды мемлекеттік реттеудің нормативтік-құқықтық базасы дамытылды. ТМД елдерінің ішінде Қазақстан сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің нормативті базасының дамуы жөнінде алдыңғы қатарда болуымен ерекшеленді. Дегенмен, сақтандыру сыйақыларын жинау және төлеу көрсеткіштері бойынша ТМД елдеріндегі кейбір көршілерден артта қалып отыр. Сақтандыру нарығындағы кейбір мәселелерді шешуге мемлекеттің араласуы, сақтандыру ісінің өзектілігін және сақтанушылардың заңды мүдделерін қорғау дәрежесін арттырды. Соңғы жылдары сақтандыру ұйымдарында қаржы тәртібі мен есепке алу және сақтандыру бойынша қызмет көрсету сапалары жақсарды. Қазақстандағы сақтандыру нарығының даму стратегиясын Ұлттық Банк анықтайды және ТМД елдеріндегі сақтандыру ұйымдарымен іскерлік қатынастарын сақтай отырып, сақтандыру нарығына біртіндеп Еуропалық Одақтың стандарттарын енгізіп келеді.

6. Сақтандыру нарығының қазіргі жағдайына жасалған талдаулар, Қазақстанның сақтандыру нарығы тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары қатты дамығанын көрсетеді және республиканың макроэкономикалық көрсеткіштерінде өз орнын нығайта түсті. Ұлттық экономикада сақтандыру секторыны үлкен рөл атқарады. Соңғы он жыл ішінде сақтандыру сыйақысының ЖҰӨ-ға қатынасы 0,6%-дан 0,74%-ға дейін өсті, еліміздегі активтердің ЖҰӨ-ға қатынасы 0,33%-дан, 1,53%-ға дейін көтерілді, сақтандыру компанияларының меншікті капиталдарының ЖҰӨ-ға қатынасы

0,16%-дан 0,74%-ға дейін өсті. Қазақстан Республикасындағы сақтандыруды реттеу жүйесіндегі оң өзгерістермен бірге, ондағы даму процестері әлі аяқталған жоқ, сондықтан жүйені одан ары жетілдіре түсудің мүмкіндіктері бар.

Зерттеу барысында сақтандыру нарығының активтері, резервтері мен меншікті капиталының өзгерісінің тәуелділігі математикалық модельдеу әдісімен талданып, меншікті капиталдың өзгерісі болжамдалды. Көрсеткіштер арасындағы тәуелділіктің стохастикалық байланыстарды зерттеуде корреляциялық және регрессиялық талдау қолданылады.

Ұсынылған стохастикалық математикалық модельді жүйенің меншікті капиталының мәнін анықтау үшін болжау құралы ретінде қолдануға болады. Математикалық модельдеу негізінде жүргізілген талдауды қорыта келе, сақтандыру активтері, сақтандыру резервтері мен меншікті капитал арасындағы байланыстың жоғарғы тәуелділігі анықталды. Құрастырылған математикалық модель негізінде болжамдық талдау меншікті капитал мемлекеттік реттеудің негізгі объектісі ретінде қарастыруға болатының көрсетеді. Болжамдық 10 жыл көлемінде меншікті капиталдың көлемінің артуы сақтандыру жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді

7. Қазақстандағы сақтандыру нарығын реттеудің ағымдағы моделіне талдау жасалды. Қазақстан нарықты реттеудің институционалды моделін пайдаланады. Бірақ, институционалды экономикалық ортаны дамуы, «институционалды тұзаққа» әкелуі мүмкін. Экономикада өтпелі кезеңді, бастан өткізіп жатқан елдерде, макроэкономикалық жағдайдың тез өзгерісі кезінде «институционалды тұзақ» пайда болу ықтималдығы жоғары. Қазақстандағы сақтандыру жүйесі «институционалды тұзақтан» шығу механизмдерін жасай алғанын мойындау керек. Мысалы, институционалды ортадағы өзгерістер, «институционалды тұзақтан» шығу жолдарының спонтанды түрде қалыптасуына алып келеді. Сақтандыру процестеріндегі транзакциялық әрекеттердің салдарлары, сақтандыру нарығындағы бизнестің іріленуіне және қаржы-өнеркәсіптік топтар мен сақтандыру холдингтердің пайда болуына әсер етеді. Соның салдарынан Қазақстандағы сақтандыру ұйымдарының саны қысқарғанын көреміз.

Жасалған талдаулар, Қазақстандағы институционалды тұзақтан шығу кезінде болатын теріс нәтиженің салдарлары үлкен болуы мүмкін екенін көрсетеді, бұл қалыптасқан жүйе үшін қауіпті. Бұл жағдайда жүйе тиімділігі аз жолмен дами отырып тоқырауға ұшырау мүмкін, ал бұл өз кезегінде институционалды тұзақтан шығу жолдарын іздеуге итермелейді.

8. Жұмыста Қазақстандағы сақтандыру нарығының өзін өзі реттеуінің үрдістері қарастырылды. Қазақстанда тікелей реттеу механизмі және 2007 жылы сақтандыру омбудсмен институты енгізілгеннен бастап, сақтандыру нарығы өзін өзі реттей бастады. Сақтандыру омбудсмен институты, сақтандырушылар арасындағы дауды сотқа жеткізбей, беделді шешім қабылдау арқылы, немесе келіссөздер арқылы шешуге мүмкіндік туғызады.

Біздің ойымызша, өзін өзі реттеу механизмдерін енгізудің қажеттілігін анықтайтын алғы шарттар мыналар: сақтандыру нарығындағы жағдай, оған

қатысушының, немесе бірнеше қатысушылардың іс-әрекеттеріне қатты тәуелділігі; аса ірі тәуекел қаупін сақтандыру қажеттілігі; сақтандырудағы тұрақты алаяқтық деңгейінің жоғары болуы және олармен күрес жүргізуге бағытталған арнайы шаралардың қабылдануы; сақтандыру нарығында жұмыс жүргізу үшін ұсынылатын ережелер мен стандарттардың, сонымен бірге сақтандырудың типтік ережелерінің жасалуы; сақтандыру операциялары туралы ақпараттардың ерекшеліктері және сақтандыру нарығына қатысушы өте көп маманның әрқайсынан ақпарат алудың маңыздылығы; сақтандыру арқылы қызмет көрсететін, маманданған қызметкерлердің жетіспеушілігі, сақтандыру секторындағы лоббизм.

9. Қазақстандық сақтандыру нарығында өзін өзі реттеу институтын енгізу және оны дамытудың қажеттілігін көрсететін бірнеше алғы шарттар қалыптасты. Өзін өзі реттеу институтының әртүрлі құралдары мен механизмдерін енгізу, мемлекеттік өкімет орындары мен қадағалау органдарының қатысуымен жүргізілуі керек. Жұмыста сақтандыру нарығындағы мемлекеттік реттеу мен өзін өзі реттеудің шекарасы және олардың ара қатынасы, сақтандыру институтының ерекшеліктеріне қарай ашып көрсетілген: міндетті сақтандырудың түрлері, бұл жағдайда сақтандыру қорларын құру қажет болады; заң шеңберіндегі сақтандыру институттарындағы күрделі және артық формализм «институционалды тұзақ» туғызу ықтималдығын арттырады, соған байланысты сақтандыру қызметін тұтынушылардың құқықтарын қорғау қажеттігі туындайды.

Біздің ойымызша, Қазақстандағы сақтандыру нарығын реттеуді жетілдірудің негізгі бағыты, өзін өзі реттеу мен мемлекеттік реттеудің тиімді жолмен біріктірілуі болу керек. Өзін-өзі реттеуді, сақтандыру нарығының ішкі ұйымдастыруларының бір бөлігі ретінде қарастыру керек, сонымен бірге, өзін өзі реттеудің мағынасы, мемлекеттің өзіне тиісті бақылау функцияларының бір бөлігін арнайы органдарға беруі деп есептеп, сонымен бірге, оны мемлекеттік реттеудің бір бөлігі ретінде қарастыруға болады.

Қазақстанда әзірше өзін-өзі реттеу үшін қажетті жағдайлар қасыптаспаған. Өзін-өзі реттеу кезінде сақтандырушыларға қойылатын талаптардың бірі сақтанушылардың талап арыздарын қарайтын ұйымдар құрылуы керек. Мемлекет қадағалау функциясын өзінде қалдырады, қадағалау деңгейі ұлттық экономиканың ерекшеліктеріне қарай анықталады. Сонымен бірге, қадағалау қызметінің жұмысын қадағаланатын ұйымдардың есебінен қаржыландырудың және қадағалаушы мемлекеттік органдардың дербестігінің принциптері қарастырылған.

10. Қазақстанның қаржы нарығын бірыңғай қадағалау саясатын жүргізіп келе жатқандығы анықталды. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, қаржылық реттеушілерге қатысты бірыңғай көзқарас қалыптаспағанын көрсетеді. Аса ірі және дамыған қаржы нарығында, бірыңғай қаржылық реттеушіге ұмтылыс бар екені анықталды, бірыңғай реттеуші жеке ұйым түрінде, немесе бірнеше тәуелсіз реттеушілердің келісімі негізінде құрылған бірлестік болуы мүмкін. Мұндай қадамға барудың себептері: жаһандану.

функционалдық бірлесу, қаржы нарығындағы инновациялық қызметтері болды.

Қазіргі жағдайларға байланысты сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеуді мегареттеушілер арқылы жүргізудің өзекті бағыттары анықталды:

- сақтанушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- қайта сақтандыруды реттеудің тиімділігін қамтамасыз ету;
- ерікті сақтандыру түрлерін дамытуға ынталандыру;
- сақтандыруды реттеу барысын ақпараттық қамтамасыз етуді одан ары жетілдіру;

– Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруі, Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке интеграциялануы, және әлемдік нарыққа белсенді араласуы жағдайында, отандық сақтандырушы компаниялардың мүддесін қорғаудың тиімді саясатын жасау керек.

11. Сақтандырудың бірыңғай мәліметтер базасын (СБМБ) одан ары жетілдірудің жолдары анықталды. Ол үшін: сақтанушылардың (сақтанғандардың) сақтандыруға байланысты өздерінің тарихын қадағалау және қосымша қызмет түрлерін пайдалану үшін СБМБ жүйесіне кіруге мүмкіндік беретін модуль жасау; көлік құралдарының кузовының нөмірі бойынша апаттаы жағдайда болғандығын («Audatex» жүйесінің баламасы) анықтау; «бонус-малус» жүйесі бойынша өз класын қарау; өзіне қатысты ақпаратты тексеру немесе түзету, бойынша сақтандыру ұйымына арыздану; анықтама алу үшін кез-келген сақтандыру нарығына қатысушыға (сақтандыру компаниясына, сақтандыру омбудсменіне, сақтандыру төлемақысына кепілдік беретін Қорға); ақпараттық қауіпсіздік офицері лауазымын енгізу.

12. СБМБ жүйесін құру тәжірибесі бойынша, бірыңғай мәліметтер базасын құру барлық сақтандыру жүйесі үшін оң нәтиже беретіні дәлелденген. Осындай ақпараттар базасының функцияларын кеңейте түсу керек. Реттеушілер қаржы ұйымдарының бизнес-процестерін автоматтандырып, жетілдіре түсу бағытындағы жұмысты белсенді түрде қолға алулар керек, себебі бизнес–процестің тиімді жұмыс істеуі, бүкіл жүйенің дамуының кепілі.

Біз мега реттеушіні ақпаратпен қамтамасыз ететін, жинақталған біртұтас кешен құруды ұсынамыз, ондай кешеннің іс-әрекеттері мына бағыттарды қамтуы керек:

- сақтандыру іс-әрекеттерін лицензиялау;
- есеп беруді, сақтандыру ұйымдарының қаржылық жағдайының нормативті көрсеткіштерін, сақтандыру ұйымдарының тәуекел қаупіне бағытталған карталарын жасауды қамтамасыз ететін, жинақталған автоматты жүйе;
- сақтандыру ұйымдарына қолданылатын шаралар (ескертулер, айып пұлдар, шектеулер, лицензияны уақытша тоқтату).

13. Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруі, Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке интеграциялануы жағдайында қазақстандық

нарықтың либералдануына байланысты Қазақстан интеграциялық процестерге қатысуға барынша дайындалуы керек. Сақтандыру нарығының өндіріс, әлеуметтік-экономикалық потенциалы арқылы ел экономикасындағы алатын орнын ескере отырып, мемлекет сақтандыру нарығының дамуына ықпал ету керек. Сақтандыру нарығына мемлекеттің араласуы, Дүниежүзілік Сауда Ұйымына, Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке қатысуы жағдайында отандық сақтандыру ұйымдарының, шет елдік сақтандыру ұйымдарымен салыстырғанда бәсекеге қабілеттігін арттыруға әсер етеді.

Бұл жерде мемлекеттің халықтың сақтандыру мәдениетін арттыруға, сонымен бірге сақтандыру ұйымдарының сенімділігін артыруға бағытталған іс-әрекеттердегі рөлі маңызды. Капиталдануға талаптың күшейтілуі нәтижесінде, табиғи сұрыптау арқылы таңдап алынған сақтандыру ұйымдары бірлесіп, ірі сақтандыру компанияларын құрады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- 1 ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
- 2 Страхование: Учебник для студентов вузов, обучающихся по специальностям «Финансы и кредит», «Бухгалтерский учет» / под редакцией Шахова В.В., Ахвледиани Ю.Т. – 2-е издание, переработанное и доп. – М.: ЮНИТИ-Дана, 2005. – 511 с.
- 3 Страхование: учебник для бакалавров / под редакцией Орланюк-Малицкой Л.А., Яновой С.Ю.. – 2-е издание, перераб. и доп. – М.: Издательство Юрайт; ИД Юрайт, 2012 – 869 с.
- 4 Страховой бизнес / Под ред. Р.Т. Юлдашева, 2005. - 685 с.
- 5 Маянлаева Г.И. Страховой рынок Республики Казахстан: теория, практика и императивы развития / Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора экономических наук по специальности 08.00.10. – Финансы, денежное обращение и кредит. - Алматы, 2008. - С. 9.
- 6 Жуйриков К., Назарчук И., Жуйриков Р. Страхование: теория, практика, зарубежный опыт: Учебник для студентов вузов и колледжей / Под редакцией Жуйрикова К.К. – Алматы: ОФ «БИС». – 2000. – 384 с.
- 7 Страховое дело. Учебник / под ред проф. Л.И. Рейтмана. - М.: Банковский и биржевой научно-консультативный центр, 1992. - С. 17.
- 8 Шахов В.В. Страхование. Учебник для вузов. - М.: Страховой полис, ЮНИТИ, 1997. – 525 с.
- 9 Сплетугов Ю.А., Дюжиков Е.Ф. Страхование: Учебное пособие. — М.: ИНФРА-М, 2007. – 412 с.
- 10 Скамай Л.Г., Мазурина Т.Ю. Страховое дело: Учеб. пособие. - М.: ИНФРА-М, 2006. - С. 59-60.
- 11 Маянлаева Г.И. Страховой рынок Республики Казахстан: теория, практика и императивы развития / Диссертации на соискание ученой степени доктора экономических наук по специальности 08.00.10. – Финансы, денежное обращение и кредит. - Алматы, 2008. – 279 с.
- 12 Ефимов С.Л. Энциклопедический словарь. Экономика и страхование. – М.:Церих-ПЭЛ, 1996. – 528с.
- 13 Тихомиров А.П. Социокультурные предпосылки становления института перестрахования: мировой и российский опыт // Страховое дело. – 2005. – №12. – С.9-15.
- 14 Цыганов А.А. Развитие институтов защиты и обеспечения прав страхователей в России: монография / А.А. Цыганов. - М.: Изд-во РАГС, 2009. - 188 с.
- 15 Шершеневич, Г. Ф. Курс гражданского права. Введение. Общая часть. Особенная часть. - Тула : Автограф, 2001. - 720 с.
- 16 Материалы сайта <http://www.all-sro.ru>.
- 17 Коломин Е. Взгляд в будущее // Страховое ревю. – 1995. – №10.

- 18 Жилкина М.С. Государственное регулирование страхового рынка,- М.: «Спутник+», 2002. - С. 56.
- 19 Сплетугов Ю.Л. Место и роль государства в организации страхования в современных условиях // Финансы. - 2000. - №10. С.40.
- 20 Насырова Г.А. Формы и инструменты государственного регулирования страховой деятельности // Страховое дело. - 2003. - №8. С.44.
- 21 Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылдың 18 желтоқсанында шыққан №126-ІІ Заңы
- 22 Найманбаев С.М. Сақтандыру құқығы: Оқу құралы. Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 274 бет.
- 23 Жилкина М.С. Государственное регулирование страхового рынка в зарубежных странах // Финансовый бизнес. 2001. №1.
- 24 Архипов А.П., Адонин А.С. Страховое дело: Учебно–методический комплекс. – М.: Изд. центр ЕАОИ. 2008. – 424 стр.
- 25 Адамчук Н.Г. Мировой страховой рынок на пути к глобализации. - М.: РОССПЭН: МГИМО, 2004.
- 26 Изабакаров И.Г. Государственное регулирование страхового рынка в условиях мирового финансового кризиса // Финансы и кредит. 2009. №20.
- 27 Теория и практика страхования. Учебное пособие (под общей редакцией Турбиной К.Е.). – М.: Анкил, 2003. – 704 с.
- 28 Кудрявцев А.А. Страхование здоровья. Опыт Великобритании. – М.: Анкил, 2003. – 216 с.
- 29 Адамчук Н.Г., Юлдашев Р.Т. Обзор страховых рынков ведущих стран Азии (на примере Китая и Японии). – М.: Анкил, 2001. – 120 с.
- 30 Баймагамбетова З.А. Страхование: учеб. пособие — Астана: КазГАТУ, 2006. с. 53.
- 31 1992 жылдың 3-шілдесінде қабылдаған «Сақтандыру туралы» Заңы
- 32 Жуйриков К.К. Страхование в Казахстане – пути дальнейшего развития. – Алматы: Издательский дом «Жибек Жолы», 1994. – 277 с.
- 33 Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 19-шы сәуірдегі «Сақтандыру нарығының қалыптасуы мен дамуының ұйымдық-құқықтық шаралары туралы» Жарлығы
- 34 1998 жылдың 30 маусымында шығарған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы
- 35 Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылы қарашада шығарған №491 Жарлығы бойынша, 2000-2002 жылдарға арналған сақтандыруды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы
- 36 Президенттің 2004 жылдың 1 қаңтарындағы №1270 «Мемлекеттік реттеуді одан ары жетілдіру туралы» Жарлығы.
- 37 Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылы 1 маусымда шығарған №729 Жарлығы, 2004-2006 жылдарға арналған сақтандыруды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.
- 38 ҚР Қаржылық нарық пен қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау Агенттігінің жылдық есебі, 2008 жыл.

39 Агенттік Басқармасының 2008 жылғы 26 ақпандағы № 22 Қаулысы бойынша, «Агенттік Басқармасының 2006 жылдың 25 наурыздағы № 86 «Сақтандыру портфелін беру Ережелерін бекіту туралы» Қаулысы №

40 Агенттік Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы №131 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының нормативті маңызы туралы және пруденциалды нормативтерді есептеу әдістерін бекіту туралы Нұсқау».

41 Агенттік Басқармасы 2008 жылғы 2-қазанда №141 «Міндетті қосымша жарналар мен шартты міндеттемелер ставкасын есептеу әдістері туралы, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тіртібі мен лоарды төлеу мерзімдері, «Сақтандыру Төлеміне Кепілдік Қорына» қатысушы сақтандыру ұйымдарының шартты міндеттемелерін жасау және тіркеу туралы» қаулысы.

42 Агенттік Басқармасы 2008 жылдың 28 қарашасында № 183 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қосылма тұлғаларымен жасалған келісімнің түрлерін бекіту туралы» қаулы.

43 Погорелова Ю. Государственное регулирование и развитие страхового рынка Казахстана // Рынок страхования. -2012. - № 11., с. 3-7.

44 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің қаржылық қадағалау мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.afn.kz

45 Бондарев Б.В. Математические модели в страховании. – Донецк: Апекс, 2002.- 116 с.

46 Специальный доклад А.М. Best: Страховой рынок Казахстана восстанавливается, но время испытаний продолжается // www.ambest.com/press/092702kazakhstanreport.pdf.

47 Норт Д. Институты, институциональные изменения и функционирование экономики/Пер. с англ. А.Н. Нестеренко; предисл. и науч. ред. Б.З. Мильнера. - М.: Фонд экономической книги «Начала», 1997, стр. 122.

48 Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісі Басқармасының 25.07.03 жылғы № 258 қаулысы.

49 №423-II «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін Қор туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 03.06.2003 жыл.

50 АҚ «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру Қорының» ресми сайты // http://www.fgsv.kz/new_fgsv/?ID=14

51 Сақтандыру омбудсмені ресми сайты материалдары // <http://www.insurance-ombudsman.kz/rus/algorithm>

52 Страны ЕврАзЭС создадут единый страховой рынок // Курсив от 09.12.13 г. – С.2.

53 Полтерович В.М. Институциональные ловушки и экономические реформы// Экономика и математические методы. – 1999. – Т.35. Вып.2. – С. 1-37.

54 Аширова А..Страховой рынок в рамках ТС создадут к 2019 году, 2013г.

55 Ғаламтор-ресурсы:
<http://www.kursiv.kz/news/details/issledovaniya/INFOGRAFIKA-Strahovoj-rynok-Kazahstana-v-yanvare-iyule/>

56 Ғаламтор-ресурсы: - <http://www.finmarket.ru/insurance/?id=3435605>

- 57 Ғаламтор-ресурсы: -<http://www.profmedia.by/newse/sk/81062/>
- 58 Евразийский конгресс страховых организаций активизирует действия страховщиков стран Таможенного Союз // <http://www.nsk.kz/ru/news.php?id=1190>
- 59 2012 Global insurance Outlook: Generating growth in a challenging economy takes operational excellence and innovation.//Deloitte Research Paper. [Электронныйресурс]. – Режимдоступа: http://www.deloitte.com/view/en_CA/ca/industries/financialservices/insurance/4190b4463c575310VgnVCM1000001a56f00aRCRD.htm#]
- 60 Шиповалова М. Наша Единая база данных - первая во всём СНГ! // «Рынок страхования», Март 2013 г.
- 61 Global Competitiveness Report // <http://www.weforum.org/reports>
- 62 На пути создания единого страхового рынка государств - членов ЕврАзЭС // "Рынок страхования", февраль 2014 г.
- 63 Ресей Федерациясы қаржы нарығы федералдық қызмет материалдары негізінде жазылған // <http://www.cbr.ru>
- 64 Беларусь Республикасы Қаржы Министрлігі ақпараты // <http://www.minfin.gov.by>.

Сақтандыру ұйымдарының, тікелей реттеу шеңберінде жасалатын сақтандыру төлемақылары мәселелері бойынша арыздарын қарау тәжірибелеріне шолу

Сақтандыру ұйымдарының Сақтандыру омбудсменіне арыздануы көпшілік жағдайда, жауапты сақтандырушының тікелей реттеу арқылы жасалатын сақтандыру төлемақысын қайтару мәселесіне байланысты болады, және сақтандырушыға қойылатын талаптардың орындалуына байланысты болады.

Арызданудың мазмұны, жауапты сақтандырушының қайтарған сомасының мөлшері, тікелей сақтандырушының жол-көлік оқиғасына байланысты зардап шегушіге төлеген сомасынан аз болуына байланысты.

Мысалы, «ААА» Сақтандыру компаниясы (бұран ары қарай тексте – Тікелей Сақтандырушы) Сақтандыру омбудсменіне «БББ» Сақтандыру компаниясынан (ары қарай мәтінде – Жауапты сақтандырушы) 105 000 (Жүз бес мың) теңге өндіріп алу жөнінде арызданды. Себебі, 01.01.2008 жылы Алматы қаласында «ВАЗ» маркалы көлікті жүргізіп келе жатқан, көлік жүргізушісі А.А.Ивановтың кінасынан жол-көлік оқиғасы (ЖКО) орын алды. Бұл ЖКО нәтижесінде «Мерседес» маркалы а/м иесі Б.Б.Петров материалдық шығынға ұшыраған.

Б.Б.Петров Тікелей сақтандырушыға, бұрын жасалған, көлік иесінің азаматтық-құқылық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы келісім-шарт бойынша арызданып, тікелей реттеу арқылы сақтандыру төлемақысын төлеуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 1-шілдесіндегі №446-ІІ «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқылық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңының 25-статьясына сәйкес барлық құжаттарды тапсырған соң, Тікелей Сақтандырушы 500 000 теңге көлемінде сақтандыру төлемақысын сақтандырушы Б.Б.Петровқа төлеген.

Сақтандыру төлемақысын төлеген соң Тікелей Сақтандырушы, сақтандыру оқиғасын реттелгені жөнінде Жауапты сақтандырушыға хабарлап, бұл іске қатысты құжаттарды, сонынан қайтару керектігі жөнінде талабымен қоса өткізіп, 500 000 теңге көлемінде сақтандыру төлемақысын және оған қоса, тәуелсіз бағалаушы қызметіне төленген 5 000 теңгені қайтару туралы талап қояды.

Кейіннен Жауапты Сақтандырушы 400 000 теңге көлеміндегі соманы қайтарып, Жауапты Сақтандырушы тапсырысы бойынша жасалған басқа тәуелсіз бағалаушы Б.Б. Петровқа тиесілі зақымданған көлікке келтірілген материалдық шығынның көлемі 400 000 теңге екендігін алға тартады. Сондықтан Жауапты сақтандырушы Тікелей Сақтандырушы жасаған бағалау негізсіз көтеріңкі болғанын көрсетіп, қалған соманы қайтарудан бас тартады.

Бұл арызды қарастыру барысында, тікелей Сақтандырушы төлеген сақтандыру төлемақысы Б.Б. Петровтың арызы бойынша бағалау жүргізген

тәуелсіз бағалаушының қорытындысына негізделгені анықталды. Тәуелсіз бағалаушының бағалау қызметімен айналысу үшін Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігі берген лицензиясы болғандығы анықталған. Бұл сақтандыру төлем ақысын төлеу заңды болғанын көрсетеді. Себебі Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 1-шілдесіндегі №446-II «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқылық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңының 25-статьясының 5-бабында «мүліктің бүлінуі нәтижесінде келтірілген шығынның мөлшерін тәуелсіз сарапшы анықтайды, бағалаудың қорытындысы сақтандырушы үшін міндетті болып табылады» деп көрсетілген.

Сонымен бірге Жауапты Сақтандырушы тарапынан келтірілген шығын мөлшерін анықтау үшін қосымша сараптама жүргізгені туралы Тікелей Сақтандырушыға хабарланбаған.

Көпшілік жағдайда, оның ішінде келтірілген мысалда да Жауапты Сақтандырушы жүргізген сараптама, зардап шегушінің тікелей арыздануы бойынша жүргізілмеген, бұл Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 1-шілдесіндегі №446-II «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқылық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңының 22-статьясының талаптарын бұзу болып табылады. Сондықтан соңғы жүргізілген сараптама сақтандыру төлемақысының мөлшерін анықтауға негіз бола алмайды.

Кейбір жағдайларда (оның ішінде қарастырған мысалда да) Сақтандыру омбудсмені бағалаушылар шақырып, келтірілген материалдық шығын көлемін анықтау үшін қосымша сараптама жүргізуі мүмкін. Бұл сараптаманың мақсаты, бағалаушылардың бағалау нормаларын сақтағанын, жүргізілетін жұмыстың норма-сағаттарының дұрыс анықталғандығын және ауыстырылуға тиісті қосалқы бөлшектердің бағаларының дұрыстығын тексеру болып табылады. Көпшілік жағдайда, Жауапты Сақтандырушының талабы бойынша жүргізілген сараптамаларда атқарылатын жұмыстың көлемі мен түрлерін анықтауда, ауыстырылуға тиісті қосалқы бөлшектердің бағаларын анықтауда қателіктер жібергені анықталады.

Бұрын, жоғарыда аталған бағалаушылар 2008 жылдың 3-маусымындағы «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқылық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шеңберіндегі, көлік құралдарына техникалық қызмету көрсетудің норма-сағаттарының бағасын анықтау мен қосалқы бөлшектердің бағаларын анықтаудың бірыңғай әдістері» Меморандумына қосылған болатын. Бұл оларға, жіберілген қателіктерді тиісті құжаттарда көрсетіп, Қазақстан Республикасы Сақтандыру омбудсмені ресми сайтында жариялауға құқық береді.

Іс бойынша материалды талдап және зерттеп, Сақтандыру омбудсмені Тікелей сақтандырушының талаптарын толығымен қанағаттандырды.

Қанағаттандыруға негіз болған жағдайлар:

Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 1-шілдесіндегі №446-II «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқылық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңының 22-бабының талаптарына сәйкес, келтірілген

шығын мөлшерін анықтауды тек қана мүлкіне зиян келген, зардап шегушінің (немесе оның өкілінің) арызы негізінде жүргізіледі;

Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 1-шілдесіндегі №446-ІІ «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқылық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңының 25-бабының 5-тармағында «мүліктің бүлінуі нәтижесінде келтірілген шығынның мөлшерін тәуелсіз сарапшы анықтайды, бағалаудың қорытындысы сақтандырушы үшін міндетті болып табылады»;

Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 1-шілдесіндегі №446-ІІ «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқылық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңының 26-1 бабының 3-тармағы және Қазақстан Республикасы қаржы нарығын реттеу және қаржы ұйымдарын қадағалау Агенттігінің Басқармасы бекіткен 2007 жылдың 25- маусымындағы № 179 қаулысы негізінде Жауапты Сақтандырушы, Тікелей Сақтандырушының шығындарын өтеуге міндетті.

Сақтандыру омбудсменінің шешімдері Қазақстан Республикасының сақтандыру саласындағы ағымдағы заңнамаларына сәйкес, нарыққа қатысушы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқылық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыруға байланысты заңды құқылары мен мүдделерін қорғауға бағытталған.